

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ
Ы. АЛТЫНСАРИН АТЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ БІЛІМ АКАДЕМИЯСЫ**



**«КОНСТИТУЦИЯ НЕГІЗДЕРІ» КУРСЫН
ОҚЫТУ БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР
(5-7-сыныптар)**

Астана, 2026

«Конституция негіздері» курсының оқыту бойынша әдістемелік ұсынымдар (5-7-сыныптар. Астана: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2026.

Әдістемелік ұсынымдар 5–7-сыныптарда «Конституция негіздері» курсының іске асыруда педагогтерге практикалық көмек көрсетуге арналған және білім алушылардың құқықтық сауаттылығын, Конституцияға құрметін және жауапты азаматтық мінез-құлқын қалыптастыруға бағытталған. Ұсынымдарда білім алушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, әдістемелік тәсілдер, практикалық-бағдарлы тапсырмалар, құқықтық кейстер және сабақты ұйымдастыру үлгілері ұсынылған.

Әдістемелік ұсынымдар жалпы білім беретін мектеп мұғалімдеріне, әдіскерлерге, сондай-ақ білім беру ұйымдарының қызметкерлеріне арналады.

© Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА, 2026

АЛҒЫ СӨЗ



Құрметті педагог!

Назарларыңызға ұсынылып отырған әдістемелік ұсынымдар 5–7-сыныптарда «Конституция негіздері» курсы жоспарлау мен оқытуды практикалық тұрғыдан ұйымдастыруға арналған. Курс мазмұны Қазақстан Республикасының Конституциясында бекітілген құндылықтар мен қағидаттарға негізделеді. Қазақстан Республикасында білім беру жүйесін жаңғырту, құқықтық мемлекет қағидаттарын нығайту және құқықтық мәдениеті жоғары, жауапты, адал азамат тәрбиелеу мемлекет саясатының басым бағыттарының бірі. 5-7-сыныптарда оқытылатын «Конституция негіздері» курсы білім алушылардың құқықтық сауаттылығын, азаматтық жауапкершілігін, құқықтық мәдениетін қалыптастыруға, Қазақстан Республикасы Конституциясының негізгі қағидаттарын түсінуіне, заңға құрметпен қарау, заң нормаларын сақтау және өз құқықтары мен міндеттерін саналы түрде жүзеге асыру дағдыларын дамытуға ықпал етеді.

«Конституция негіздері» курсы бойынша оқу жүктемесінің көлемі 5-7 сыныптарда аптасына 0,25 сағатты (айына бір рет), оқу жылында 9 сағатты құрайды.

Әр сыныпқа арналған курс мазмұны білім алушылардың Қазақстан Республикасының Конституциясы, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтары, азаматтардың міндеттері, мемлекеттік рәміздер, мемлекеттік құрылыс қағидаттары, сондай-ақ заңдылық, әділеттілік және азаматтық жауапкершілік құндылықтары туралы бастапқы түсініктерін жүйелі түрде қалыптастыруға бағытталған 9 тақырыпты қамтиды. Әрбір тақырыптың құрылымы бірыңғай әдістемелік модель негізінде әзірленген және оқу мақсатын, сабақты өткізудің ұсынылатын форматын, практикалық және жағдаяттық тапсырмаларды, оларды орындау алгоритмдерін, дескрипторларды, күтілетін оқу нәтижелерін, педагогке арналған әдістемелік ұсынымдарды, сондай-ақ тақырыпқа қатысты нормативтік құқықтық актілер мен ресми құқықтық құжаттардың өзекті дереккөздеріне берілген тиісті сілтемелерді қамтиды.

Курстың практикалық бағыттылығы оқытудың интерактивті әдістерін, жағдаяттық талдауды, пікірталастарды, рөлдік ойындарды, жобалық және зерттеу тапсырмаларын, визуалды материалдармен, постерлермен және инфографикамен жұмысты кеңінен қолдануды көздейді. Ұсынылған тапсырмалар білім алушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып әзірленген және құқықтық нормаларды жаттауға емес, олардың мазмұнын түсінуге әрі күнделікті өмірде қолдануға бағытталған.

Әдістемелік ұсынымдар Қазақстан Республикасының Конституциясына, Орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына, үлгілік оқу бағдарламасына және Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы өзге де қолданыстағы нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес әзірленді.

Сабақты жоспарлаудың бірыңғай логикасы

Нұсқаулықтағы материалдар педагогтің сабақты басынан аяғына дейін жоспарлауына көмектесетін бірізді логикамен ұсынылады:





Курсты оқытудың ерекшеліктері

Курсты оқытудың басты ерекшеліктерінің бірі оның **практикаға бағдарлануы**.

Конституциялық құқық нормалары теориялық тұрғыдан түсіндіріліп қана қоймай, нақты өмірлік жағдаяттар, құқықтық кейстер, жағдаяттық тапсырмалар, пікірталастар, рөлдік ойындар және құқықтық практикумдар арқылы меңгертіледі.



ПРАКТИКАҒА БАҒДАРЛАНҒАН ОҚЫТУ ТӘСІЛДЕРІ



ҰСЫНЫМДАР ОСЫ ҚАҒИДАТТАРҒА СҮЙЕНЕ ОТЫРЫП ҚҰРАЛАДЫ





Курс мазмұны



Курс мазмұны сыныптар бойынша өзара сабақтастық қағидатымен ұйымдастырылған. Әр сыныпта білім алушылардың құқықтық білімдері тереңдеп, практикалық дағдылары қалыптасып, құндылықтарға бағдарланған оқыту жүзеге асырылады.



Курс мазмұны білім алушылардың жас ерекшеліктерін, оқу материалдарының сабақтастығын, құндылықтарға бағдарланған және практикаға негізделген оқыту қағидаттарын ескере отырып құрылған.





Нұсқаулықты қолдану

Сабақты жоспарлау алдында педагогке тиісті сыныптың оқу мақсатын және ұсынылған практикалық тапсырмасын анықтау ұсынылады. Одан кейін сабаққа қатысты Конституция нормалары, негізгі құқықтық ұғымдар және қалыптастырылатын құндылықтар іріктеледі.

Әрбір сабақта білім алушыға дайын ақпарат берумен шектелмей, құқықтық мәселені өздігінен анықтауға, жағдаятқа қатысушылардың әрекетін бағалауға, ықтимал шешімдерді салыстыруға және өз қорытындысын дәлелдеуге мүмкіндік берілуі тиіс.

Нұсқаулықтағы сабақтар мен тапсырмалар өзгеріссіз орындалуға міндетті дайын сабақ жоспарлары болып табылмайды. Педагог оларды:

- ✓ білім алушылардың дайындық деңгейіне;
- ✓ сыныптың жас және психологиялық ерекшеліктеріне;
- ✓ білім беру ұйымының жағдайына;
- ✓ жергілікті ортадағы өмірлік мысалдарға;
- ✓ сабақтың ұзақтығы мен қолжетімді ресурстарға сәйкес өзгерте, толықтыра және бейімдей алады.



Әр сабақта педагог нені қамтамасыз етуі керек?

«Конституция негіздері» курсының әр сабағында білім алушы:

- ✓ нақты құқықтық мәселені немесе өмірлік жағдаятты көруі;
- ✓ оның қандай құқықпен, міндетпен немесе конституциялық қағидатпен байланысты екенін анықтауы;
- ✓ жағдаятқа қатысушылардың әрекетін бағалауы;
- ✓ қауіпсіз әрі құқыққа сай әрекет ету жолын ұсынуы;
- ✓ өз шешімін түсіндіруі және дәлелдеуі;
- ✓ қарастырылған құндылықты күнделікті өмірімен байланыстыруы қажет.

Осыған байланысты мұғалімнің міндеті Конституция баптарын жаттатумен шектелмейді. Педагог білім алушылардың Конституцияның мәнін түсінуіне, оның қағидаттарын күнделікті өмірлік жағдайларда қолдануына және өз әрекетінің басқа адамдардың құқықтарына қалай әсер ететінін бағалауына жағдай жасайды.

	Ұсынылған практикалық құралдар педагогтың сабақты сапалы жоспарлауына, оқушылардың құқықтық сауаттылығын дамытуға және құндылықтарға бағдарланған, практикаға негізделген оқытуды тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік береді.
---	---

	Педагог үшін күтілетін нәтиже
Нұсқаулықты жүйелі пайдалану нәтижесінде педагог:  курстың оқу мақсаттарын практикаға бағытталған сабақтарға айналдыра алады;  Конституция нормаларын білім алушылардың жасына сәйкес қарапайым тілмен түсіндіреді;  құқықтық білімді мектептегі, отбасындағы, қоғамдық және цифрлық ортадағы жағдайлармен байланыстырады;  білім алушыларды құқықтық мәселені өздігінен шешуге бағыттайды;  құқықтық мәдениет пен конституциялық құндылықтарды оқу әрекеті арқылы қалыптастырады;  білім алушының тек білімін емес, нақты жағдайда әрекет ету дағдысын бағалайды.	

Мазмұны

«КОНСТИТУЦИЯ НЕГІЗДЕРІ» КУРСЫ БОЙЫНША 5- СЫНЫПҚА АРНАЛҒАН САБАҚ ҮЛГІЛЕРІ.....	9
«КОНСТИТУЦИЯ НЕГІЗДЕРІ» КУРСЫ БОЙЫНША 6-СЫНЫПҚА АРНАЛҒАН САБАҚ ҮЛГІЛЕРІ.....	63
«КОНСТИТУЦИЯ НЕГІЗДЕРІ» КУРСЫ БОЙЫНША 7-СЫНЫПҚА АРНАЛҒАН САБАҚ ҮЛГІЛЕРІ.....	98



2 5-7 СЫНЫП БІЛІМ АЛУШЫЛАРЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУҒА АРНАЛҒАН «КОНСТИТУЦИЯ НЕГІЗДЕРІ» КУРСЫН ІСКЕ АСЫРУ БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР

«Конституция негіздері» курсы бойынша 5- сыныпқа арналған сабақ үлгілері



№1 САБАҚ ТАҚЫРЫБЫ: КОНСТИТУЦИЯ ДЕГЕНІМІЗ НЕ?

Оқу мақсаты	Конституцияның мемлекеттің негізгі заңы ретіндегі ерекшеліктерін түсіндіру.
Сабақтың мақсаты	Білім алушылардың Конституция туралы бастапқы түсінігін қалыптастыру, оның мемлекет пен қоғам өміріндегі маңызын күнделікті өмірдегі қарапайым жағдайлармен байланыстыра отырып түсіндіру.
Сабақ форматы	Интерактивті сабақ-практикум.
Ұзақтығы	45 минут
Негізгі ұғымдар	Конституция, негізгі заң, құқық, міндет, әділдік, ортақ ереже, жауапкершілік.
Материалдар	«Ережесіз қала» және «Конституция қаласы» иллюстрациялары, А3 парақтары, маркерлер, стикерлер, жағдаяттық карточкалар, Конституцияның баспа немесе электрондық нұсқасы.

Жоспар

I. Кіріспе бөлім. Өзектілігі және мотивациялық қызығушылықты ояту

II. Негізгі бөлім: ақпараттық блок, практикалық тапсырма, жағдаяттарды талдау

III. Қорытынды. Кері байланыс және рефлексия

IV. Қосымшалар. Үлестірмелі материалдар және мұғалімге арналған әдістемелік ұсынымдар

САБАҚТЫҢ БАРЫСЫ

I. Кіріспе бөлім (5 минут)

Мұғалім білім алушылармен амандасып, сабақтың пікір алмасу және бірлескен жұмыс түрінде өтетінін хабарлайды. Сабақ басында қауіпсіз әрі құрметке негізделген талқылау ережелері еске түсіріледі: бір-бірінің сөзін бөлмеу, пікірді құрметтеу, адамның өзін емес, әрекетті талқылау.

Мотивациялық сұрақтар:

Егер мектепте ешқандай ереже болмаса, не болуы мүмкін?

Егер жол қозғалысы ережелері болмаса ше?



Ойын кезінде бір адам ережені өз пайдасына өзгерте берсе, ойын әділ өте ме?

Ортақ ережелер адамдарға не үшін қажет?

Білім алушылардың жауаптарындағы негізгі сөздер тақтаға жазылады: тәртіп, қауіпсіздік, әділдік, құқық, міндет, жауапкершілік. Мұғалім қорытынды сұрақ қояды: «Мектеп пен ойынға ортақ ереже қажет болса, бүкіл мемлекетке де бәріне ортақ ең басты заң қажет пе?» Осы сұрақ арқылы сабақ тақырыбы анықталады.

II. Негізгі бөлім (35 минут)

2.1 Ақпараттық блок (7 минут)

Мұғалім Конституция ұғымын білім алушылардың жас ерекшелігіне сай түсіндіреді:

«Конституция – мемлекеттің негізгі заңы. Ол мемлекет пен қоғам өмірінің басты қағидаларын, адамның негізгі құқықтары мен міндеттерін белгілейді және басқа заңдарға негіз болады».

5-сынып білім алушыларына бастапқы түсіндіру кезінде «еліміздің ең басты заңы», «адамдардың негізгі құқықтарын қорғайтын заң», «барлық басқа заңдарға негіз болатын құжат» деген қарапайым тіркестерді қолдануға болады. Сонымен бірге Конституцияны мектеп немесе ойын ережесімен толық теңестіруге болмайтыны нақты айтылады: мектеп ережесі белгілі бір ортадағы тәртіпті реттейді, ал Конституция бүкіл мемлекет үшін ең жоғары заңдық күші бар негізгі заң болып табылады.

Құқық пен міндеттің байланысы:

Құқық	Онымен байланысты міндет
Білім алуға құқығым бар	Сабаққа қатысуға және өзгелердің оқуына кедергі жасамауға міндеттімін.
Өз пікірімді айтуға құқығым бар	Өзгенің ар-намысына тиетін сөз айтпауға міндеттімін.
Қауіпсіз ортада болуға құқығым бар	Басқа адамдарға қауіп төндірмеуге міндеттімін.
Демалуға құқығым бар	Ортақ тәртіпті сақтауға міндеттімін.

Мұғалімнің қорытындысы: құқық адамға мүмкіндік береді, ал міндет сол мүмкіндікті басқа адамдардың құқығына зиян келтірмей пайдалануға көмектеседі.



2.2 Практикалық тапсырма: «Ережесіз қала мен Конституция қаласы» (18 минут)

Тапсырманың мақсаты: білім алушылар Конституцияның не үшін қажет екенін салыстыру, талқылау және көрнекі бейнелеу арқылы түсінеді.

Тапсырманы дайындау алгоритмі:



Мұғалім алдын ала екі шартты жағдайды дайындайды. «Ережесіз қалада» әркім өз қалауынша әрекет етеді: біреу кезексіз өтеді, біреу өзгенің затын рұқсатсыз алады, біреу әлсіз адамды ренжітеді, ортақ міндеттер орындалмайды, дауды кімнің және қалай шешетіні белгісіз. «Конституция қаласында» адамдардың негізгі құқықтары қорғалады, әр адамның құқықтарымен бірге міндеттері де болады, дау әділ жолмен шешіледі және барлығы ортақ қағидаларға бағынады.

Әр топқа екі бөлікке бөлінген «қала картасы» немесе А3 форматындағы постер, түрлі түсті қағаз, маркерлер мен стикерлер беріледі:

Ережесіз қалада не болады?

Конституциясы бар қалада не өзгереді?



Тапсырманы орындау алгоритмі:

Білім алушылар 4–5 адамнан топтарға бөлінеді.

Әр топ «Ережесіз қалада» туындауы мүмкін кемінде бес мәселені жазады немесе суретпен бейнелейді.

Топ мүшелері бұл мәселелердің адамдардың қауіпсіздігіне, құқығына және өзара қарым-қатынасына әсерін талқылайды.

Әр топ «Конституция қаласы» үшін ең маңызды бес қағидалы ұсынады.

Топтар постерін қысқаша таныстырады.

Бағыттаушы сұрақтар:

Бұл қалада адамдар өздерін қауіпсіз сезіне ме?

Әлсіз адамның құқығын кім қорғайды?

Даулар қалай шешіледі?

Бір адам ортақ ережені өз пайдасына өзгерте ала ма?

Барлық адамға ортақ қандай қағидалар қажет?

Құқықтармен бірге міндеттер не үшін керек?

Ықтимал қорытынды:

Ережесіз қала	Конституциясы бар қала
• дау мен жанжал көбейеді	• адам құқықтары қорғалады
• адамдар бір-біріне сенбейді	• ортақ тәртіп сақталады
• құқықтар бұзылуы мүмкін	• әркім өз міндетін біледі
• күшті адам өз дегенін істейді	• даулар әділ шешіледі
• қауіпсіздік төмендейді	• жауапкершілік қалыптасады
• әділетсіздік орын алады	• бәріне ортақ қағидалар қолданылады

Мұғалімнің қорытынды сөзі: «Конституция қоғамдағы барлық мәселені өздігінен шешпейді. Ол мемлекет пен қоғам өмірінің негізгі қағидаларын



белгілейді. Сол қағидаларға сүйене отырып басқа заңдар қабылданады және адам құқықтарын қорғау тетіктері қалыптасады».



(сурет ЖИ-мен генерацияланған)



2.3 Жағдаяттық тапсырмалар (10 минут)

Сыныптағы топ санына қарай әр топқа бір жағдаят ұсынылады. Уақыт жеткіліксіз болған жағдайда мұғалім бір жағдаятты бүкіл сыныппен талқылап, қалғандарын қосымша материал ретінде пайдалана алады.

1-жағдаят. «Ойын ережесі өзгеріп кетті»

Үзіліс кезінде білім алушылар футбол ойнап жүрді. Ойын басталғанда бәрі ортақ ережеге келісті: қолмен ойнауға болмайды, командалар кезекпен таңдалады, бір-бірін итеруге болмайды. Бірақ ойын ортасында бір білім алушы: «Мен капитанмын, енді ережені өзім өзгертемін. Менің команدام екі гол соқса да, үш гол болып есептеледі», – деді. Басқа балалар бұған келіспеді. Ойын дауға айналды.

Талқылауға арналған сұрақтар:

Бұл жағдайда қандай әділетсіздік орын алды?

Ойын басында ортақ ереже не үшін қажет болды?

Ережені бір адам өз пайдасына өзгерте ала ма?



Егер мемлекетте де ортақ негізгі заң болмаса, не болуы мүмкін?

Бұл жағдай Конституцияның қажеттілігін қалай түсіндіреді?

Ықтимал қорытынды: Ортақ ереже алдын ала белгілі, барлығына бірдей және әділ қолданылуы керек.

2-жағдаят. «Сыныптағы дау»

5-сынып білім алушылары «Біздің сынып ережелеріміз» деген плакат дайындады. Бір білім алушы: «Сыныпта тек үздік оқитындар ғана пікір айта алады, қалғандары үндемей отыруы керек», – деген ереже ұсынды. Бір білім алушы: «Бұл дұрыс емес, әркімнің ойын айтуға құқығы бар», – деді.

Талқылауға арналған сұрақтар:

Ұсынылған ереже әділ ме? Неліктен?

Сыныптағы барлық білім алушының пікірі маңызды ма?

Ереже адамның құқығын шектеуі немесе оны кемсітуі мүмкін бе?

Конституция адамдардың құқығын қорғауға қалай көмектеседі?

Сынып ережесі барлығына ортақ болуы керек пе?

Ықтимал қорытынды: Әділ ереже бір топқа артықшылық беріп, басқа адамдардың пікірін негізсіз шектемеуі керек.

3-жағдаят. «Мектептегі кезек»

Асханаға кіргенде білім алушылар кезекке тұрды. Бірнеше білім алушы кезектің алдына өтіп: «Біз асығып тұрмыз, сондықтан бірінші аламыз», – деді. Кезекте тұрған балалар ренжіді. Бір білім алушы: «Бізге әділдік керек, бәріміз бірдей кезекпен тұруымыз керек», – деді.

Талқылауға арналған сұрақтар:

Бұл жағдайда кімдердің мүддесі ескерілмеді?

Кезек сақтау не үшін қажет?

Әділдік дегенді қалай түсінесің?

Күнделікті тәртіп пен Конституция қағидаларының арасында қандай байланыс бар?

Егер бәрі өз қалауынша әрекет етсе, қоғамда қандай жағдай болуы мүмкін?

Ықтимал қорытынды: Кезек сақтау – барлығына бірдей қолданылатын қарапайым ортақ тәртіп; ол өзара құрмет пен әділдікті қолдайды.

III. Қорытынды. Кері байланыс және рефлексия (5 минут)

«Бір сөйлеммен қорытындыла» әдісі:

Конституция – бұл ...

Конституция адамдарға қажет, өйткені ...

Ортақ ереже болмаса ...

Құқық пен міндет бірге жүреді, себебі ...

Бүгін мен түсіндім ...

Мұғалім жауаптарға баға қоймайды. Қажет болған жағдайда «Неліктен олай ойлайсың?», «Ойыңды мысалмен түсіндіре аласың ба?», «Бұл басқа адамдарға қалай әсер етеді?» деген нақтылаушы сұрақтар қояды.

«Конституция қаласының қақпасы» кері байланысы:



Әр білім алушы стикерге «Конституция қаласына мен ... қағидасын алып кірер едім» сөйлемін толықтырып, тақтадағы қала қақпасына орналастырады. Бқтимал жауаптар: әділдік, теңдік, қауіпсіздік, жауапкершілік, өзгені құрметтеу, ортақ тәртіп, құқықты қорғау.

Сабақтың қорытынды ойы: «Конституция – Қазақстан Республикасының негізгі заңы. Ол мемлекет пен қоғам өмірінің басты қағидаларын, адамның негізгі құқықтары мен міндеттерін белгілейді және басқа заңдарға негіз болады».



IV. МҰҒАЛІМГЕ АРНАЛҒАН ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР

1. Қарапайым тілден құқықтық ұғымға көшу

5-сыныпта күрделі құқықтық терминдерді шамадан тыс қолданбаған дұрыс. Алдымен мектеп, ойын, көше және қоғамдық орындардағы таныс ережелер талданып, содан кейін мемлекет деңгейіндегі негізгі заң ұғымына көшу ұсынылады. «Мемлекеттің басты ережелер кітабы» тіркесін бастапқы теңеу ретінде қолдануға болады, бірақ кейін Конституцияның жай ережелер жинағы емес, ең жоғары заңдық күші бар негізгі заң екені нақтылануы тиіс.

2. Күнделікті өмірмен байланыстыру

Конституцияны білім алушыға алшақ құқықтық құжат ретінде емес, әділдік, қауіпсіздік, пікірді құрметтеу, кезек сақтау, ортақ тәртіп және жауапкершілік сияқты күнделікті ұғымдармен байланыстырып түсіндіру тиімді. Сонымен бірге күнделікті ереже мен Конституцияның құқықтық мәртебесі бірдей емес екені айтылады.

3. Құқық пен міндеттің бірлігін көрсету

Мұғалім құқықтарды ғана емес, оларға сәйкес міндеттерді де қарапайым мысалдармен ашады. Бұл білім алушыларға өз құқығын пайдалану басқа адамның құқығына зиян келтірмеуі тиіс екенін түсінуге көмектеседі.

4. Конституцияны тыйымдар жиынтығы ретінде көрсетпеу

Конституция тек «не істеуге болмайтынын» көрсететін құжат емес. Ол адамның негізгі құқықтары мен бостандықтарын бекітеді, мемлекеттік құрылыстың негіздерін айқындайды және басқа заңдарға негіз болады.

5. Баптарды жаттатпау

Бұл сабақта Конституция баптарын жатқа айту талап етілмейді. Негізгі нәтиже – білім алушының Конституцияның маңызын өз сөзімен түсіндіре алуы.

6. Талқылауды ұйымдастыру

Білім алушылардың жауабы бірден «дұрыс» немесе «бұрыс» деп бөлінбейді. Мұғалім «Неліктен?», «Бұл шешім кімге қалай әсер етеді?», «Ереже барлығына бірдей ме?» деген ашық сұрақтар арқылы ойды тереңдетеді.

7. Психологиялық қауіпсіздік

Білім алушылардан жеке басынан өткен жағымсыз немесе құқық бұзушылық жағдайларды көпшілік алдында айтуды талап етуге болмайды. Талқылау шартты кейіпкерлер мен ойдан шығарылған жағдаяттар негізінде жүргізіледі.

8. Кері байланыс



Мұғалім ауызша жауаптар, топтық талқылау, постер мазмұны, жағдаяттарды талдау және рефлексия арқылы білім алушының түсінуін байқап, келесі сабаққа қажетті әдістемелік шешім қабылдайды.

Мұғалімнің бақылауына арналған бағдарлар

Сабақ барысында мұғалім білім алушылардың төмендегі әрекеттеріне назар аударады.

Конституцияны мемлекеттің негізгі заңы ретінде өз сөзімен түсіндіруі;
күнделікті ереже мен негізгі заңның айырмашылығын түсіне бастауы;
ортақ ережелердің маңызын өмірлік мысалмен көрсетуі;
құқық пен міндетті байланыстыра алуы;
әділ және әділетсіз әрекеттерді ажыратуы;
өз ойын негіздеп айтуы және топ мүшелерінің пікірін тыңдауы.



ҚОСЫМША. Үлестірмелі материал

«Конституция туралы бес маңызды ой»

Конституция – Қазақстан Республикасының негізгі заңы.

Конституцияның ең жоғары заңдық күші бар.

Басқа заңдар Конституцияға қайшы келмеуге тиіс.

Конституция адамның негізгі құқықтары мен міндеттерін бекітеді.

Конституция мемлекет пен қоғам өмірінің негізгі қағидаларын айқындайды.

Пайдаланылған әдебиеттер

Қазақстан Республикасының Конституциясы. 2026 жылғы 15 наурызда республикалық референдумда қабылданған; 2026 жылғы 1 шілдеден бастап күшіне енген. «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K2600000000>

№2 САБАҚ ТАҚЫРЫБЫ: МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕРГЕ ҚАЛАЙ ҚҰРМЕТ КӨРСЕТУ КЕРЕК?

Оқу мақсаты	Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін қолдану тәртібін білу.
Сабақ форматы	Интерактивті квест-сабақ.
Ұзақтығы	45 минут.
Негізгі ұғымдар	мемлекеттік рәміздер, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы және Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұран, құрмет, ресми қолдану тәртібі.
Материалдар	мемлекеттік рәміздердің сапалы бейнелері, жағдаят карталары, А3 қағазы, маркерлер, стикерлер, чек-лист үлгісі, флипчарт немесе презентация.

Сабақтың мақсаты



Білім алушыларға Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерінің мәнін түсіндіру, оларды күнделікті және ресми ортада дұрыс қолдану мен құрметтеу дағдыларын қалыптастыру.

Жоспар

Кіріспе бөлім. Қызығушылықты ояту және квест ережесі.

Негізгі бөлім. Ақпараттық блок және үш квест-станция.

Практикалық тапсырма. «Рәміздерге құрмет чек-листі».

Жағдаяттық тапсырмаларды талдау.

Қорытынды және кері байланыс.

Қосымшалар: жағдаят карталары, чек-лист үлгісі, мұғалімге арналған жаднама.

Сабақтың барысы

I. Кіріспе бөлім (6 минут)

1.1. Сәлемдесу және құндылыққа бағыттау

Мұғалім білім алушылармен амандасып, сабақтың квест форматында өтетінін хабарлайды. Сабақтың негізгі ережелері қысқаша айтылады: бір-бірін тыңдау, рәміздер бейнесін ұқыпты пайдалану, пікірді құрметпен білдіру, әр тапсырманы топпен орындау.

1.2. Мотивациялық сұрақ

Мұғалім білім алушыларға: «Сен өз мектебіңнің белгісін, сыныбыңның атауын немесе отбасыңның ерекше дәстүрін неге құрметтейсің?» деген сұрақ қояды. Жауаптар тыңдалғаннан кейін рәміздердің белгілі бір ортаға, халыққа және мемлекетке тиесілі ерекше белгі екені қорытындыланады.

Мұғалімнің кіріспе сөзі: «Мемлекеттік рәміздер - Қазақстанның тәуелсіздігін, бірлігін және мемлекеттілігін білдіретін ерекше белгілер. Оларға құрмет көрсету - елге, халыққа және ортақ құндылықтарға құрмет көрсету».

II. Негізгі бөлім (29 минут)

2.1. Ақпараттық блок (6 минут)

Мұғалім Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері туралы қысқаша түсіндіреді:

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы - мемлекеттің егемендігі мен бірлігін білдіретін ресми рәміз;

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы - мемлекеттілікті, ортақ шаңырақты және ел бірлігін бейнелейтін ресми рәміз;

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны - елге деген құрмет пен ортақ азаматтық сезімді білдіретін салтанатты музыкалық рәміз.

Түсіндіру кезінде «болмайды» деген тыйымдық тілден гөрі «қалай дұрыс жасау керек?» деген жағымды тұжырымдарды қолдану ұсынылады. Мысалы: «Гимн орындалғанда тік тұрып, құрметпен тыңдаймыз»; «Туды таза, бүтін және көрнекті жерде ұстаймыз»; «Елтаңбаның ресми бейнесін бұрмаламай қолданамыз».

2.2. Квест-станциялар (10 минут)

Білім алушылар үш топқа бөлінеді:



1-топ - «Мемлекеттік Ту сақшылары»;

2-топ - «Мемлекеттік Елтаңба сақшылары»;

3-топ - «Мемлекеттік Әнұран сақшылары».

Әр топ өз станциясында рәміз бейнесі және тапсырма парағымен жұмыс істейді. Үш минуттан кейін топтар келесі станцияға ауыса алады немесе мұғалім әр топқа бір рәмізді бекітіп, соңында өзара таныстыру ұйымдастырады.

Бұл рәміз нені білдіреді?

Оған қалай құрмет көрсету керек?

Оны қолданғанда қандай қателік жібермеу керек?

Мектепте бұл рәміз қай жерде кездеседі?

Қате әрекетті көргенде қалай мәдениетті ескертуге болады?



2.3. Практикалық тапсырма: «Рәміздерге құрмет чек-листі» (13 минут)

Тапсырманың мақсаты: білім алушылардың рәміздерге құрмет көрсету тәртібін күнделікті әрекетпен байланыстырып, өздері қарапайым нұсқаулық әзірлеуі.

Тапсырманы дайындау алгоритмі

Мұғалім Мемлекеттік Ту, Мемлекеттік Елтаңба және Мемлекеттік Гимнге арналған үш үлкен белгі немесе карточка дайындайды.

Әр топқа жағдаят карталары, А3 қағазы, маркерлер, стикерлер және «Мен мемлекеттік рәміздерді құрметтеймін, егер...» атты чек-лист үлгісі беріледі.

Жағдаят карталарында дұрыс және бұрыс әрекеттер аралас беріледі.

Рәміздердің суреттері анық, ресми үлгіге сәйкес және құрметпен ұсынылуы тиіс.

Тапсырманы орындау алгоритмі

Топтар жағдаят карталарын оқып, оларды «Дұрыс әрекет» және «Бұрыс әрекет» бағандарына бөледі.

Әр шешімнің себебін бір сөйлеммен түсіндіреді.

Топ өз рәмізіне қатысты кемінде бес ережеден тұратын чек-лист жасайды.

Чек-листте тек тыйым емес, дұрыс әрекетті көрсететін жағымды тұжырымдар болуы керек.

Әр топ өз жұмысын бір минут ішінде таныстырады.

Дұрыс әрекет	Бұрыс әрекет
Әнұран орындалғанда тік тұрып, құрметпен тыңдау.	Әнұран кезінде сөйлесу, күлу немесе телефон қарау.
Тудың таза, бүтін және дұрыс орналасуын қадағалау.	Туды қисайтып, кір немесе жыртылған күйде қалдыру.
Елтаңбаның ресми бейнесін ұқыпты қолдану.	Елтаңбаны мазақ ету, бұрмалау немесе әзілге айналдыру.

Чек-лист үлгісі: «Мен мемлекеттік рәміздерді құрметтеймін, егер...»

Гимн орындалғанда орнымнан тұрып, тыныштық сақтасам;

Туды таза, бүтін және көрнекті жерде ұстауға көмектесем;

Елтаңбаның ресми бейнесін бұрмаламай қолдансам;



рәміздер тұрған орынды ұқыпты ұстасам;
құрметсіз әрекетті көргенде әдепті түрде ескерту жасасам.



III. Жағдаяттық тапсырмалар (7 минут)

Уақытты тиімді пайдалану үшін мұғалім әр топқа бір жағдаят береді. Топтар қысқаша шешім ұсынып, бір өкіл қорытындыны айтады. Қалған жағдаяттарды қосымша материал ретінде пайдалануға болады.

1-жағдаят. «Гимн кезіндегі телефон»

Мектепте салтанатты жиын өтіп жатыр. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны орындала бастады. Барлық білім алушы орнынан тұрды. Бірақ бір білім алушы телефон қарап, жанындағы досына күліп бір нәрсе көрсетіп тұрды. Мұны көрген сыныптасы оған: «Қазір Мемлекеттік Әнұран орындалып жатыр, бірге құрмет көрсетейік», - деді.

Бұл жағдайда қай білім алушы дұрыс әрекет жасады?

Гимн орындалғанда білім алушылар қалай әрекет етуі керек?

Телефон қарау немесе сөйлесу неге құрметсіз әрекет болып саналады?

Гимнге құрмет көрсету нені білдіреді?

Сен сол жерде болсаң, досыңа қалай мәдениетті ескертер едің?

2-жағдаят. «Сынып бұрышындағы рәміздер»

5-сынып білім алушылары сынып бұрышын безендіріп жатыр. Олар Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туын, Мемлекеттік Елтаңбасын және Мемлекеттік Әнұран мәтінін орналастырды. Бірақ Ту төменде, Елтаңба шетте, ал Гимн мәтіні қисық ілініп тұр. Бір білім алушы: «Бастысы ілініп тұр ғой, бәрібір емес пе?» - деді. Екінші білім алушы: «Рәміздер ұқыпты, дұрыс және құрметпен орналасуы керек», - деп жауап берді.

Рәміздерді қалай орналастырған дұрыс?

«Бастысы ілініп тұр» деген пікірмен келісесің бе?

Рәміздердің таза әрі көрнекті жерде тұруы не үшін маңызды?

Сынып бұрышын түзету үшін қандай ұсыныс берер едің?

Бұл жағдай рәміздерге құрмет көрсетуге қалай байланысты?

3-жағдаят. «Әзіл үшін салынған сурет»

Бір білім алушы дәптеріне Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасына ұқсас сурет салып, оны күлкілі етіп өзгертті. Қасына әзіл сөздер жазып қойды. Кейбір білім алушылар күлді, ал бір білім алушы: «Мемлекеттік рәміздерді бұлай өзгертіп, мазақ етуге болмайды», - деді. Сурет салған білім алушы: «Мен жай ғана әзілдедім ғой», - деп жауап берді.

Бұл жерде қандай қате әрекет жасалды?

Неге мемлекеттік рәміздерді мазақ етуге болмайды?

Әзіл мен құрметтің шекарасы қандай болуы керек?

Білім алушы өз қатесін қалай түзете алады?

Мемлекеттік рәміздердің суретін қандай жағдайда қолдануға болады?

IV. Қорытынды және кері байланыс (3 минут)

4.1. «Бір сөйлеммен аяқта»



Мемлекеттік рәміздерге құрмет көрсету дегеніміз - ...

Гимн орындалғанда мен ...

Мектептегі рәміздерді көргенде мен ...

Қате әрекетті байқасам, мен ...

Бүгін мен үшін маңызды болған ой ...

4.2. «Рәміздер сақшысының уәдесі»

Әр топ өз чек-листінен бір ең маңызды ережені таңдап, сыныпқа дауыстап оқиды. Мұғалім барлық ұсынысты біріктіріп, «Біздің сыныптың рәміздерге құрмет ережелері» атты ортақ қорытынды жасайды.

Сабақтың қорытынды ойы: «Мемлекеттік рәміздерге құрмет көрсету - қорқыныштан туатын міндет емес, елге, халыққа, тәуелсіздікке және ортақ құндылықтарға саналы құрмет білдіру».

МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕРГЕ ҚҰРМЕТ КӨРСЕТУ
5-сыныпқа арналған қысқаша чек-лист

☒ Мен рәміздерді құрметтеймін, егер:

- ☐ 1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туын таза, ұқыпты ұстаймын.
- ☐ 2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасын құрметпен қолданамын.
- ☐ 3. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Гимні орындалғанда орынынан тұрамын.
- ☐ 4. Рәміздер туралы жақсы сөз айтамын, мақтан тұтамын.
- ☐ 5. Рәміздерді бүлдірмеймін және мазақ етпеймін.
- ☐ 6. Мерекеде және мектепте рәміздерге құрмет көрсетемін.

Есте сақта!

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Гимні — еліміздің мемлекеттік рәміздері.

Рәміздерді құрметтеу — Отанды құрметтеу.

Әр оқушы рәміздерді қадірлеу керек.

Қарапайым мысал

Мектепте — Туға құрмет көрсетемін.

Іс-шарала — Гимні орындалғанда орынынан тұрамын.

Қоғамда — рәміздерді мақтан тұтамын.

МҰҒАЛІМГЕ АРНАЛҒАН ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР

1. Рәміздерді құндылық ретінде ұсыну

Мемлекеттік рәміздерді жаттап алатын дерек ретінде ғана емес, білім алушының күнделікті өмірімен байланысты ортақ құндылық ретінде таныстыру қажет. Сабақты отбасы дәстүрі, мектеп белгісі немесе сынып атауы сияқты таныс мысалдан бастау тиімді.

2. Визуалды материалдың сапасы

Сабақта Мемлекеттік Ту, Мемлекеттік Елтаңба және Мемлекеттік Әнұран мәтіні көрсетілген анық әрі сапалы материалдар қолданылуы керек. Рәміздерді бұрмаланған, күлкілі, сапасыз немесе ұқыпсыз бейнеде көрсетуге жол берілмейді.



3. Жағымды нұсқаулық тілі

«Болмайды» деген сөзді қайталай бермей, дұрыс әрекетті нақты көрсететін сөйлемдер қолданған жөн: «Әнұран орындалғанда тік тұрып, құрметпен тыңдаймыз», «Туды таза және бүтін күйде ұстаймыз».

4. Қатені мәдениетті түрде түзету

Жағдаяттарды талдау барысында кінәлау немесе қорқыту емес, дұрыс мінез-құлықты үйрету көзделеді. «Сен дұрыс істемедің» деудің орнына «Қазір Әнұран орындалып жатыр, бірге құрмет көрсетейік» деген тілдік үлгілерді ұсыну тиімді.

5. «Рәміздер сақшысы» рөлі

Рөлдік атаулар білім алушылардың белсенділігін арттырады. Алайда «сақшы» рөлі бірін-бірі аңду немесе жазалау емес, мектептегі ұқыптылық пен құрмет мәдениетін қолдау деп түсіндірілуі керек.

6. Құқықтық мәтінді жас ерекшелігіне бейімдеу

Заң нормаларын сөзбе-сөз жаттатпай, олардың мағынасын қарапайым әрекеттермен байланыстыру ұсынылады. Қажет болған жағдайда мұғалім ресми қолдану тәртібін өзі алдын ала нақтылап, білім алушыларға тек жасына сай бөлігін түсіндіреді.

7. Кері байланыс

Мұғалім түсіну деңгейін топтық талқылау, жағдаяттарды шешу, чек-лист мазмұны және қорытынды сөйлемдер арқылы байқайды. Бұл мәліметтер тек келесі жұмысты жоспарлау мен кері байланыс беру үшін пайдаланылады.

8. Психологиялық қауіпсіздік

Білім алушыны көпшілік алдында ұялтуға, нақты оқиғаға қатысқан баланы атауға немесе жазалауға бағытталған талқылауға жол берілмейді. Барлық жағдаят шартты кейіпкерлер арқылы қарастырылады.

Мұғалімнің бақылауына арналған бағдарлар
мемлекеттік рәміздердің үш түрін дұрыс атай алу;
рәміздерге құрмет көрсету әрекеттерін сипаттай алу;
дұрыс және бұрыс әрекеттерді ажырату;
қате әрекетті мәдениетті түрде түзету жолын ұсыну;
топта өз ойын айту және өзгенің пікірін тыңдау;
чек-листте жағымды әрі түсінікті ережелер құрастыру.
Бұл бағдарлар білім алушыларды бағалауға арналмайды.

Қосымша 1. Жағдаят карталары

1. Әнұран орындалып жатқанда білім алушы телефон қарап тұр.
2. Сынып бұрышындағы Мемлекеттік Ту қисайып тұр.
3. Білім алушы мемлекеттік рәміздің бейнесін әзіл ретінде бұрмалап салды.
4. Мектеп жиынында білім алушылар Гимн орындалғанда тік тұрды.
5. Сынып стендісіндегі рәміздер таза, анық және ұқыпты орналастырылған.
6. Білім алушы рәміз тұрған жердің шаңын сүртіп, ретке келтірді.
7. Бір оқушы Гимн кезінде жанындағы досын сөйлетпей, әдепті түрде ескерту жасады.



8. Рәміздің сапасыз, түсі өзгерген көшірмесі мерекелік безендіруде қолданылды.

Қосымша 2. «Рәміздерге құрмет чек-листі» үлгісі

Мен мемлекеттік рәміздерді құрметтеймін, егер:

☐

☐

☐

☐

☐

☐

☐

Қосымша 3. Білім алушыға арналған қысқаша жаднама

Мемлекеттік рәміздерді анық және ұқыпты бейнеде қолдан.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны орындалғанда тік тұрып, тыныштық сақта және құрметпен тыңда.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туының таза, бүтін және дұрыс орналасуына мән бер.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасының ресми бейнесін бұрмалама және мазаққа айналдырма.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Рәміздерге құрметсіз әрекетті байқасаң, әдепті түрде ескерту жаса.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Рәміздерге құрмет көрсету - елге және ортақ құндылықтарға құрмет көрсету екенін есте сақта.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. 2026 жылғы 15 наурызда жалпыхалықтық референдумда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясы. 11-бап. «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K2600000000>

2. Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері туралы нормативтік құқықтық актілер мен ресми түсіндірме материалдар.

№3 САБАҚ ТАҚЫРЫБЫ: КОНСТИТУЦИЯ КЕПІЛДІК БЕРЕТІН ЖЕКЕ ҚҰҚЫҚТАРЫМ ҚАНДАЙ?

Оқу мақсаты

Конституцияда балаға кепілдік берілген білім алу құқығының негізгі ерекшеліктерін атайды.

Сабақ форматы

Жағдаяттық практикум және интерактивті ойын-сабақ.



Ұзақтығы	45 минут.
Негізгі ұғымдар	құқық, міндет, білім алу құқығы, тегін орта білім, қауіпсіз оқу ортасы, көмек сұрау.
Материалдар	жағдаят карточкалары, А3 қағаз, маркерлер, стикерлер, «Құқық картасы», чек-парақ және үлестірмелі материалдар.

Сабақ мақсаты

Білім алушылардың білім алу құқығы туралы түсінігін қалыптастыру, құқық пен міндеттің өзара байланысын күнделікті мектеп өміріндегі жағдаяттар арқылы түсіндіру және құқық бұзылған жағдайда мәдениетті түрде көмек сұрау дағдыларын дамыту.

Жоспар

Сабақ кезеңі	Мазмұны	Уақыты
I. Кіріспе бөлім	1.1 Сәлемдесу және қауіпсіз орта құру 1.2 «Құқық па, міндет пе?» жедел ойыны	7 минут
II. Негізгі бөлім	2.1 Ақпараттық блок 2.2 «Білім алу құқығымның бейнесі» практикалық тапсырмасы 2.3 Жағдаяттарды шешу	32 минут
III. Қорытынды. Кері байланыс	3.1 «Құқық алақаны» рефлексиясы 3.2 Қорытынды ой	6 минут
IV. Қосымшалар	Карточкалар, құқық картасы, жаднама, мұғалімнің бақылау бағдарлары	—

Сабақтың барысы

I. Кіріспе бөлім (7 минут)

1.1 Сәлемдесу және қауіпсіз орта құру

Мұғалім білім алушылармен амандасып, сабақта айтылған пікірлерге құрметпен қарау, сөзді бөлмеу және жеке оқиғаларды айтуға ешкім мәжбүрленбейтінін ескертеді.

Мұғалім сұрайды: «Мектепке келу, сабақ тыңдау, сұрақ қою, оқулық пайдалану – бұлардың қайсысы құқық, қайсысы міндет?»

1.2 «Құқық па, міндет пе?» жедел ойыны

Мұғалім сөйлемдерді оқиды. Білім алушылар «Құқық» деп ойласа – оң қолын, «Міндет» деп ойласа – сол қолын көтереді. Кейбір сөйлемдер құқық пен міндеттің байланысын көрсету үшін екі ұғымға да қатысты болуы мүмкін.

Мектепте білім алу.

Сабаққа уақытында қатысу.

Түсінбеген тақырып бойынша мұғалімнен көмек сұрау.

Сыныптастардың оқуына кедергі жасамау.

Оқулық пен мектеп мүлкін ұқыпты пайдалану.

Қауіпсіз және құрметті ортада оқу.



Мұғалімнің түйіні: құқық пен міндет бір-біріне қарсы емес. Олар әр адамның білім алуына қолайлы орта қалыптастыру үшін бірге әрекет етеді.

II. Негізгі бөлім (32 минут)

2.1 Ақпараттық блок: «Менің білім алуға құқығым» (7 минут)

Мұғалім ұғымдарды қарапайым тілмен түсіндіреді:

Ұғым	Қарапайым түсіндірме
Құқық	Адамның заңмен қорғалатын мүмкіндігі.
Міндет	Адам орындауға тиіс жауапкершілік.
Білім алу құқығы	Баланың білім алуға, оқу мүмкіндіктерін пайдалануға және білім беру үдерісіне қатысуға кепілдік берілген құқығы.

5-сынып білім алушысына білім алу құқығы мына мүмкіндіктер арқылы түсіндіріледі:

мемлекеттік оқу орнында ақы төлемей орта білім алу;
 сабаққа қатысып, білім мен дағды меңгеру;
 оқулықтар мен қолжетімді оқу материалдарын пайдалану;
 түсінбегенін сұрап, мұғалімнен немесе басқа жауапты ересектен көмек алу;
 қауіпсіз, қадір-қасиеті құрметтелетін ортада оқу;
 өз қабілетін дамытуға және оқу іс-шараларына қатысуға мүмкіндік алу.

Мұғалім құқықтың шексіз еркіндік емес екенін түсіндіреді. Әр білім алушының құқығы сыныптағы басқа балалардың дәл сондай құқығымен қатар жүзеге асырылады.



2.2 Практикалық тапсырма: «Білім алу құқығымның бейнесі» (15 минут)

Тапсырманың мақсаты: білім алу құқығының негізгі құрамдас бөліктерін анықтау, құқық пен міндетті ажырату және құқық бұзылған кезде көмек сұрау жолдарын белгілеу.

Тапсырманы дайындау алгоритмі

Мұғалім алдын ала өмірлік жағдайлар жазылған карточкаларды дайындайды.

Тақтаға үш аймақ орналастырылады: «Құқық сақталды», «Міндет көрінді», «Құқыққа кедергі жасалды – көмек қажет».

Әр топқа А3 қағаз, маркерлер, стикерлер және «Менің білім алу құқығым» құқық картасы беріледі.

Сынып 3 немесе 4 топқа бөлінеді: «Құқық зерттеушілері», «Әділдік қорғаушылары», «Білім елшілері», қажет болса «Көмек бағыты».

Карточка үлгілері

Білім алушы мемлекеттік мектепте ақы төлемей білім алып жүр.

Білім алушы түсінбеген тақырыбын мұғалімнен сұрады.



Екі білім алушы қатты сөйлесіп, сыныптасына сабақ тыңдауға кедергі жасады.

Білім алушы кітапханадан оқулық алды және оны ұқыпты пайдаланды.

Бала мектепке барғысы келеді, бірақ ересек адам оған «оқудың қажеті жоқ» деді.

Білім алушы өз ойын сыпайы түрде жеткізді.

Білім алушы себепсіз сабаққа келмей, білім алу мүмкіндігін пайдаланбады.

Оқулық уақытында берілмегендіктен, білім алушы сынып жетекшісінен көмек сұрады.

Тапсырманы орындау алгоритмі

Топ мүшелері әр карточканы оқып, оның қай аймаққа жататынын анықтайды.

Таңдауды бір сөйлеммен негіздейді: «Бұл жерде құқық сақталды, себебі...», «Бұл жерде міндет көрінеді, себебі...», «Бұл жерде құқыққа кедергі жасалды, сондықтан...».

Топ құқық картасының ортасына «Менің білім алу құқығым» деп жазып, айналасына құқықтың кемінде бес көрінісін орналастырады.

Картаның төменгі бөлігіне «Құқығым бұзылса, кімнен көмек сұраймын?» деген бағытты толтырады.

Әр топ өз картасын 1 минут ішінде таныстырады.

Құқық жағдай	сақталған	Міндет жағдай	көрінетін	Құқыққа жасалған жағдай	кедергі
Мектепте оқу; сұрақ қою; оқулық пайдалану; көмек алу.		Сабаққа қатысу; тыңдау; өзгенің оқуына кедергі жасамау; мүлікті сақтау.		Оқуға жібермеу; қорқыту; мазақ ету; сабақ тыңдауға кедергі жасау; қажетті материалға қолжетімсіздік.	

2.3 Жағдаяттық практикум (10 минут)

Топтарға бір жағдаяттан беріледі. Олар «Құқық – міндет – шешім – көмек» алгоритмі бойынша талдайды. Уақыт шектеулі болса, бір жағдаят сыныппен бірге қарастырылады, қалғандары қосымша материал ретінде қолданылады.

1-жағдаят. «Сабақ тыңдауға кедергі»

Математика сабағында мұғалім жаңа тақырып түсіндіріп жатыр. Арман тақырыпты түсінуге тырысып отыр. Бірақ оның артында отырған екі білім алушы қатты сөйлесіп, күліп, Арманға сабақ тыңдауға кедергі келтірді. Арман бірнеше рет тыныш отыруды өтінді, бірақ олар тыңдамады. Сабақтан кейін Арман мұғалімге барып, жағдайды айтты.

Талқылау сұрақтары:

Бұл жағдайда Арманның қандай құқығына кедергі келді?

Кедергі жасаған білім алушылар қандай міндетті орындамады?

Арманның мұғалімге айтуы дұрыс әрекет пе? Неліктен?

Мәселені жанжалсыз шешудің қандай жолы бар?

Сен Арманның орнында болсаң, кімнен көмек сұрар едің?



Ықтимал қорытынды: Әр білім алушының сабақты тыныш ортада тыңдауға мүмкіндігі болуы керек. Басқа адамның білім алуына кедергі жасамау – ортақ міндет. Көмек сұрау шағымдану емес, өз құқығын қауіпсіз жолмен қорғау.

2-жағдаят. «Түсінбедім деп айтуға ұялды»

Айдана жаратылыстану сабағында жаңа тақырыпты толық түсінбей қалды. Бірақ мұғалімнен сұрақ қоюға ұялды. Үй тапсырмасын орындағанда қиналды. Келесі сабақта мұғалім: «Түсінбеген сұрақтарың болса, сұрауға болады. Сұрақ қою – білім алудың бір бөлігі», – деді. Айдана қолын көтеріп, түсінбеген жерін сұрады.

Талқылау сұрақтары:

Айдана мұғалімнен сұрақ қоюға құқылы ма?

Түсінбегенін айту неліктен ұят емес?

Мұғалімнен көмек сұрау білім алу құқығымен қалай байланысты?

Сұрақ қойған білім алушыны мазақ ету қандай салдарға әкелуі мүмкін?

Сұрақты сыпайы түрде қалай қоюға болады?

Ықтимал қорытынды: Сұрақ қою – білім алудың табиғи бөлігі. Сыныпта қателесуге және түсінбегенін айтуға қауіпсіз орта болуы тиіс.

3-жағдаят. «Оқулық жетпей қалды»

Жаңа оқу жылы басталғанда бірнеше білім алушыға оқулық кеш берілді. Соның бірі – Данияр. Ол үй тапсырмасын орындауға қиналды, себебі қажетті мәтін оқулықта болатын. Данияр сынып жетекшісіне: «Маған оқу материалы керек, тапсырманы орындағым келеді», – деді. Сынып жетекшісі кітапханашымен сөйлесіп, уақытша электрондық нұсқаны немесе кітапханадағы қосымша дананы пайдалануға көмектесті.

Талқылау сұрақтары:

Даниярдың білім алуына не кедергі болды?

Оқу материалы білім алу үшін неге маңызды?

Данияр көмек сұрап дұрыс әрекет жасады ма?

Мектеп қандай уақытша шешімдер ұсына алады?

Оқу құралы болмаған жағдайда кімге жүгінуге болады?

Ықтимал қорытынды: Қиындықты жасырмай, жауапты ересекке хабарлау мәселені қауіпсіз және нәтижелі шешуге көмектеседі. Мектеп қолжетімді балама ұсынуға тырысуы керек.

III. Қорытынды және кері байланыс (6 минут)

3.1 «Құқық алақаны» рефлексиясы

Білім алушылар алақанның бес саусағына немесе бес стикерге қысқаша жауап жазады:

Бас бармақ: менің білім алуға бір құқығым...

Сұқ саусақ: менің мектептегі бір міндетім...

Ортаңғы саусақ: маған кедергі болған жағдайда...

Аты жоқ саусақ: мен көмек сұрай алатын адам...

Шынашак: бүгін есте сақтаған бір ойым...



Кері байланыс қағидасы: мұғалім жауаптарға баға қоймайды, білім алушының ойын нақтылау үшін «Неліктен?», «Қандай мысал келтіре аласың?», «Бұл өзге адамның құқығына қалай әсер етеді?» деген сұрақтар қояды.

3.2 Қорытынды ой

«Менің білім алуға құқығым бар. Бұл құқықты пайдалану үшін мен сабаққа қатысамын, өзгелердің оқуына кедергі жасамаймын және қиындық туындаса, көмек сұраймын»

Мұғалімге арналған әдістемелік ұсынымдар

1. Ұғымдарды жас ерекшелігіне сай түсіндіру

«Жеке құқықтар» ұғымын күрделі құқықтық анықтамадан емес, баланың күнделікті мектеп өміріндегі қорғалатын мүмкіндіктерден бастаған жөн. «Сенің мектепте оқуға, сұрақ қоюға, оқу материалдарын пайдалануға және қауіпсіз ортада білім алуға құқығың бар» деген нақты мысалдар тиімді.

2. Білім алу құқығын тек мектепке келумен шектемеу

Білім алу құқығы оқу үдерісіне қатысу, мұғалімнен көмек алу, қажетті материалды пайдалану, қауіпсіз әрі құрметті ортада оқу және қабілетті дамыту мүмкіндіктерін де қамтитынын көрсету керек.

3. Құқық пен міндеттің байланысын көрсету

Балалардың «құқық – қалағанымды істеу» деген қате түсінігі қалыптаспауы үшін әр құқықтың өзгенің құқығын құрметтеумен байланысты екенін түсіндіріңіз. Бір білім алушының сөйлеу мүмкіндігі басқа білім алушының сабақты тыңдауына кедергі келтірмеуі тиіс.

4. Кейс талдау алгоритмін бірізді қолдану

Әр жағдаятты төрт сұрақпен талдауға болады: «Қандай құқық бар?», «Қандай міндет орындалды немесе орындалмады?», «Қауіпсіз шешім қандай?», «Кімнен көмек сұрауға болады?». Бұл алгоритм құқықтық ойлауды реттейді.

5. Қорқыту мен жазалау риторикасынан бас тарту

Негізгі мақсат – баланы заң бұзғаны үшін қорқыту емес, өз құқығын мәдениетті қорғауға және өзгенің құқығын құрметтеуге үйрету. «Сен дұрыс істемедің» дегеннен гөрі «Бұл әрекет басқа адамның оқуына қалай әсер етті?» деген сұрақ тиімді.

6. Көмек сұрауды қалыпты әрекет ретінде көрсету

Білім алушыға құқық бұзылғанда жалғыз қалмау керектігін түсіндіріңіз. Ол пән мұғаліміне, сынып жетекшісіне, мектеп психологіне, әлеуметтік педагогке, әкімшілік өкіліне немесе ата-анасына жүгіне алады. Қауіп төнген жағдайда ең жақын сенімді ересекке дереу хабарлау керек.

7. Психологиялық қауіпсіздікті сақтау

Білім алушыларды жеке басынан өткен ауыр оқиғаларды жария айтуға мәжбүрлемеңіз. Ойдан шығарылған кейіпкерлер мен шартты жағдайларды пайдалану қауіпсіз әрі әдістемелік тұрғыдан тиімді.

8. Кері байланыс

Мұғалім ауызша жауап, топтық талқылау, құқық картасы және рефлексия арқылы түсіну деңгейін байқап, қолдаушы кері байланыс береді.



Мұғалімнің бақылауына арналған бағдарлар

Сабақ барысында мұғалім білім алушылардың төмендегі әрекеттеріне назар аударады. Бұл бағдарлар бағалауға арналмайды:

- білім алу құқығын қарапайым тілмен түсіндіруі;
- құқық пен міндетті ажыратып, байланыстыруы;
- жағдаятта құқықтың сақталғанын немесе оған кедергі жасалғанын анықтауы;
- қауіпсіз әрі мәдениетті шешім ұсынуы;
- көмек сұрайтын сенімді ересектерді атауы;
- топ мүшелерін тыңдап, ойын құрметпен жеткізуі.

IV. Қосымшалар

1-қосымша. «Менің білім алу құқығым» құқық картасы

Менің білім алуға құқығым бар, сондықтан...	
Менің мектептегі міндетім...	
Құқығыма кедергі жасалса, мен...	
Құқық бұзылса, көмек сұрауға болады	

2-қосымша. «Құқық – міндет – көмек» чек-парағы

Өзіме қоятын сұрақ	Иә/ойланамын	Менің жауабым
Бұл жерде білім алу құқығы сақталды ма?	☐	
Біреудің оқуына кедергі жасалды ма?	☐	
Қандай міндет орындалмады?	☐	
Мәселені жанжалсыз шешуге бола ма?	☐	
Кімнен көмек сұрауға болады?	☐	

(сурет ЖИ-мен генерацияланған)



3-қосымша.

Білім алушыға арналған жаднама

БІЛІМ АЛУ ҚҰҚЫҒЫМДЫ ҚАЛАЙ ПАЙДАЛАНАМЫН?

Сабаққа қатысамын және білім алуға тырысамын.

Түсінбегенімді сұраудан ұялмаймын.

Өзгенің сабақ тыңдауына кедергі жасамаймын.

Оқулықтар мен мектеп мүлкін ұқыпты пайдаланамын.

Мәселе туындаса, сабырмен айтып, сенімді ересектен көмек сұраймын.

Өз құқығымды қорғай отырып, басқа адамның құқығын құрметтеймін.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. 2026 жылғы 15 наурызда республикалық референдумда қабылданған. 33-бап: мемлекеттік оқу орындарында ақы төлемей орта білім алуға кепілдік беріледі; бастауыш және негізгі орта білім міндетті. «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K2600000000>

2. «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345 Заңы. 15-бап: баланың білім алуға құқығы. «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000345>

№4 САБАҚ ТАҚЫРЫБЫ: «МЕНІҢ БІЛІМ АЛУ ҚҰҚЫҒЫМА НЕ КІРЕДІ?»

Оқу мақсаты	Өздерінің білім алу құқығын нақты өмірлік жағдаяттар (мысалдар) негізінде түсіндіреді.
-------------	--



Сабақ форматы	Интерактивті жағдаяттық сабақ.
Ұзақтығы	45 минут.
Негізгі ұғымдар	білім алу құқығы, мүмкіндік, міндет, жауапкершілік, қауіпсіз орта, оқу құралы, қабілетті дамыту.
Материалдар	«Чемодан» бейнесі бар А3 парақтар, жағдаят карточкалары, маркерлер, стикерлер, флипчарт немесе презентация, үлестірмелі материалдар.
Құқықтық негіз	Қазақстан Республикасы Конституциясының 33-бабы; білім беру және бала құқықтары саласындағы қолданыстағы заңнама.

Сабақ мақсаты: Білім алушыларға білім алу құқығының мазмұнын күнделікті мектеп өміріндегі нақты жағдайлар арқылы түсіндіру, құқық пен міндеттің өзара байланысын ұғындыру және өз құқығын мәдениетті әрі жауапты түрде пайдалану дағдыларын қалыптастыру.

Жоспар

I. Кіріспе бөлім. Қызығушылықты ояту – 6 минут.

II. Негізгі бөлім – 32 минут.

2.1. Ақпараттық блок – 7 минут.

2.2. Практикалық жұмыс «Менің білім алу құқығымның чемоданы» – 15 минут.

2.3. Жағдаяттық практикум – 10 минут.

III. Қорытынды және кері байланыс – 7 минут.

IV. Қосымшалар: карточкалар, чек-парақ, жаднама.

Сабақты ұйымдастыру ескертпесі. Курс аптасына 0,25 сағат көлемінде жоспарланғандықтан, сабақтарды жинақталған оқу уақыты есебінен айына бір рет мектеп әкімшілігі бекіткен кестеге сәйкес өткізу ұсынылады. Бұл сабақ толық 45 минуттық интерактивті практикум ретінде құрастырылған.

Сабақтың барысы

I. Кіріспе бөлім (6 минут)

1.1. Сәлемдесу және қауіпсіз оқу ортасын қалыптастыру

Мұғалім білім алушылармен амандасып, сабақ барысында әр пікірдің құрметпен тыңдалатынын, жеке жағдайларды айту міндетті емес екенін ескертеді.

Мұғалімнің кіріспе сөзі:

«Біз күн сайын мектепке келеміз, сабақ оқимыз, сұрақ қоямыз, оқулық қолданамыз, үйірмеге қатысамыз. Осылардың барлығы білім алу құқығымен қалай байланысты екенін бүгін бірге анықтаймыз».

1.2. «Білім алу үшін маған не қажет?» ой шақыруы



Мұғалім тақтаға ортасына «Білім алу» деген сөз жазып, білім алушылардан ассоциациялар айтуды сұрайды:

мектеп;
мұғалім;
оқулық;
тыныш сынып;
қауіпсіздік;
сұрақ қою;
кітапхана;
үйірме;
қолдау;
өз еңбегі мен жауапкершілігі.

Бағыттаушы сұрақтар:

Мектепке бару ғана білім алу құқығын толық білдіре ме?

Түсінбегенінді сұрауға бола ма?

Сыныпта біреу шуласа, бұл басқалардың оқуына әсер ете ме?

Оқулық немесе оқу материалы болмаса, кімнен көмек сұрауға болады?

II. Негізгі бөлім (32 минут)

2.1. Ақпараттық блок: «Білім алу құқығы нені қамтиды?» (7 минут)

Мұғалім 5-сынып білім алушыларына түсінікті тілмен негізгі ұғымдарды түсіндіреді:

Құқық – адамның заңмен танылған және қорғалатын мүмкіндігі.

Міндет – адамның орындауға тиіс жауапкершілігі.

Білім алу құқығы – әр баланың білім алуға, өз қабілетін дамытуға және оқу үшін қажетті жағдайларды пайдалануға мүмкіндігі.

Білім алу құқығына мыналар кіреді:

мемлекеттік оқу орнында ақы төлемей орта білім алу;

сабаққа қатысу және оқу бағдарламасын меңгеру;

қауіпсіз әрі құрметке негізделген ортада оқу;

оқулықтарды, кітапхананы және оқу материалдарын пайдалану;

мұғалімнен түсінбегенін сұрау және көмек алу;

өз ойын әдепті түрде білдіру;

үйірмелер мен қосымша білім беру мүмкіндіктері арқылы қабілетін дамыту;

білім алу кезінде кемсітуге, мазаққа және кедергіге ұшырамау.

Мұғалім құқық пен міндетті қатар көрсетеді:

Менің құқығым	Менің міндетім
Сабақты тыңдауға құқығым бар.	Өзгелердің сабақ тыңдауына кедергі жасамауға міндеттімін.
Сұрақ қоюға құқығым бар.	Сұрағымды әдепті түрде қоюға және өзгенің сұрағын мазақ етпеуге міндеттімін.



Оқулықты пайдалануға құқығым бар.	Оқулықты ұқыпты сақтауға міндеттімін.
Қабілетімді дамытуға құқығым бар.	Тандаған жауапкершілікпен ісіме қатысуға міндеттімін.

Негізгі ой: бір адамның құқығын пайдалану басқа адамның дәл сондай құқығына кедергі келтірмеуі керек.



2.2. Практикалық тапсырма «Менің білім алу құқығымның чемоданы» (15 минут)

Тапсырманың мақсаты: білім алушылар білім алу құқығына кіретін мүмкіндіктерді және оған кедергі келтіретін әрекеттерді ажыратады, құқық пен міндеттің байланысын түсіндіреді.

Мұғалімнің алдын ала дайындығы

әр топқа «Менің білім алу құқығым» деген жазуы бар чемодан бейнесін дайындайды;

карточкаларды екі санатта әзірлейді: білім алу құқығына кіретін мүмкіндіктер және білім алуға кедергі келтіретін әрекеттер;

А3 қағаз, маркер, стикер және желім дайындайды;

тақтаға «Білім алу құқығыма кіреді» және «Білім алуға кедергі келтіреді» деген екі бөлім жазады.

Карточкалардың үлгі мазмұны

Мектепте ақы төлемей орта білім алу.

Мұғалімнен түсінбеген тақырыпты сұрау.

Қауіпсіз және тыныш сыныпта оқу.

Оқулық пен оқу құралдарын пайдалану.

Кітапханаға бару.

Үйірмеге қатысып, қабілетін дамыту.

Сабақта өз ойын сыпайы айту.

Басқа білім алушының оқуына кедергі жасамау.

Себепсіз сабаққа қатыспау.

Сыныпта шулап, өзгелерге кедергі жасау.

Сұрақ қойған білім алушыны мазақ ету.

Оқулықты әдейі бүлдіру.



Тапсырманы орындау алгоритмі

Білім алушылар 3–4 топқа бөлінеді.

Әр топқа чемодан бейнесі мен карточкалар беріледі.

Топ мүшелері әр карточканы оқып, мағынасын талқылайды.

Білім алу құқығына кіретін мүмкіндіктерді чемоданның ішіне орналастырады.

Білім алуға кедергі келтіретін әрекеттерді чемоданның сыртына орналастырады.



Әр топ чемоданына «Менің жауапкершілігім» деген екі қосымша ереже жазады.

Топтар жұмыстарын 1–2 минуттан таныстырады.



(сурет ЖИ-мен генерацияланған)

Қорғау кезінде білім алушылар төмендегі сұрақтарға жауап береді:

Білім алу құқығына қандай мүмкіндіктер кіреді?

Қандай әрекеттер білім алуға кедергі жасайды?

Білім алушы өз құқығын қалай дұрыс пайдалана алады?

Басқа білім алушының білім алу құқығын қалай құрметтеу керек?



Мұғалімнің ықтимал қорытындысы:

«Білім алу құқығы тек мектепке келумен шектелмейді. Ол оқу үшін қажетті жағдайларды, оқу құралдарын, қолдауды және қабілетті дамыту мүмкіндігін қамтиды. Бірақ әрқайсымыз өз құқығымызды пайдалана отырып, өзгенің оқуына кедергі келтірмеуге тиіспіз».



2.3. Жағдаяттық практикум (10 минут)

Сыныптағы топ санына қарай әр топқа бір жағдаят беріледі. Уақыт шектеулі болған жағдайда бір жағдаят бүкіл сыныппен талқыланып, қалғандары қосымша материал ретінде пайдаланылады.

1-жағдаят. «Мен сұрақ қоюға ұяламын»

Жанель математика сабағында жаңа тақырыпты толық түсінбей қалды. Мұғалім: «Кімде сұрақ бар?» – деп сұрады. Жанель қол көтергісі келді, бірақ жанындағы білім алушы: «Оны қалай түсінбейсің? Бұл оңай ғой», – деп күліп жіберді. Жанель ұялып, сұрағын қоймай қалды. Үйге келгенде тапсырманы орындай алмай қиналды.



Талқылауға арналған сұрақтар:

Жанельдің білім алуына не кедергі болды?

Білім алушының түсінбегенін сұрауға құқығы бар ма?

Сұрақ қойған білім алушыны мазақ ету неліктен дұрыс емес?

Жанель кімнен және қалай көмек сұрай алады?

Сыныпта бір-бірімізге қалай қолдау көрсетуіміз керек?

Ықтимал қорытынды: Сұрақ қою – білім алудың табиғи бөлігі. Мазақ ету баланың сеніміне және білім алу мүмкіндігіне кедергі келтіреді. Көмек сұрау – дұрыс әрі жауапты әрекет.

2-жағдаят. «Оқулықсыз дайындалу қиын»

Ернар қазақ тілі сабағынан үй тапсырмасын орындауы керек болды. Бірақ оның оқулығы жоғалып кетті. Ол бірнеше күн бойы тапсырманы толық орындай алмады. Алғашында ешкімге айтпады. Кейін сынып жетекшісіне барып: «Мен оқулығымды жоғалтып алдым, тапсырманы орындауға қиналып жүрмін. Не істесем болады?» – деп сұрады. Сынып жетекшісі оған кітапханадан уақытша оқулық алуға немесе электронды нұсқасын пайдалануға көмектесті.

Талқылауға арналған сұрақтар:

Оқулық білім алу үшін неге маңызды?

Ернар алғашқыда қандай қателік жіберді?

Көмек сұрау дұрыс әрекет пе?

Мектеп қандай қолдау көрсете алады?

Оқу құралын ұқыпты сақтау қандай міндетпен байланысты?

Ықтимал қорытынды: Оқу материалына қол жеткізу білім алуға көмектеседі. Қиындықты жасырудың орнына мұғалімге, сынып жетекшісіне немесе кітапханашыға дер кезінде хабарлау қажет.

3-жағдаят. «Үйірмеге қатысқым келеді»

Айша сурет салғанды жақсы көреді. Мектепте бейнелеу өнері үйірмесі ашылды. Айша қатысқысы келді, бірақ досы: «Оған барма, ол қызық емес. Оның орнына бізбен ойна», – деді. Айша ойланып қалды. Ол сурет салу арқылы қабілетін дамытқысы келетінін түсінді де, үйірме жетекшісіне барып жазылды.

Талқылауға арналған сұрақтар:

Айша қандай мүмкіндігін пайдаланды?

Үйірмеге қатысу білім алу құқығымен қалай байланысты?

Досының пікірі Айшаның таңдауын міндетті түрде өзгертуі керек пе?

Айша дұрыс шешім қабылдады ма? Неліктен?

Әр білім алушы өз қабілетін дамытуға құқылы ма?

Ықтимал қорытынды: Қосымша білім беру мен үйірмелер баланың қабілетін дамытуға мүмкіндік береді. Білім алушы өз қызығушылығын ескеріп, жауапты таңдау жасай алады.

III. Қорытынды және кері байланыс (7 минут)

3.1. «Чемоданнан бір ой аламын» қорытындысы

Әр білім алушы төмендегі сөйлемдердің бірін аяқтайды:

Менің білім алу құқығыма ... кіреді.



Білім алу үшін маған ... қажет.

Мен басқа білім алушының құқығын ... арқылы құрметтеймін.

Қиындық туындаса, мен ... көмек сұраймын.

Бүгін мен үшін маңызды болған ой

3.2. «Құқық – міндет – көмек» кері байланысы

Білім алушылар үш түсті стикердің біріне қысқа жауап жазады:

«Құқық»: бүгін білген бір мүмкіндігім;

«Міндет»: өзім орындайтын бір жауапкершілік;

«Көмек»: қиын жағдайда жүгінетін бір адам.

Мұғалім жауаптарға баға қоймайды. Жауаптарды жинақтап, түсініксіз қалған ұғымдарға қысқаша түсініктеме береді.

Сабақтың қорытынды ойы:

«Білім алу құқығы – әр баланың оқуына, дамуына және қажетті қолдау алуына мүмкіндік береді. Бұл құқықты дұрыс пайдалану үшін өз міндеттерімізді орындап, өзгенің білім алу құқығын құрметтеуіміз керек».



Мұғалімге арналған әдістемелік ұсынымдар

1. Ұғымдарды күнделікті өмірмен байланыстыру

«Құқық» ұғымын ресми анықтамамен ғана шектемей, мектептегі нақты әрекеттер арқылы ашу қажет. «Сен мектепте не істей аласың?», «Білім алу үшін саған қандай жағдай керек?» деген сұрақтар баланың өз тәжірибесіне сүйенуіне көмектеседі.

2. Білім алу құқығының мазмұнын кең көрсету

Білім алу құқығы тек мектепке бару емес. Оған оқу құралдарына қол жеткізу, түсінбегенін сұрау, қауіпсіз ортада оқу, қабілетін дамыту және қажет болғанда қолдау алу мүмкіндіктері кіретінін түсіндіру керек.

3. Құқық пен міндеттің тепе-теңдігі

«Менің құқығым бар» деген ойды «мен қалағанымды істей аламын» деп түсінуге жол бермеу қажет. Әр құқықтың басқа адамның құқығын құрметтеумен және өзінің міндетін орындаумен байланысты екенін нақты мысалдар арқылы көрсету ұсынылады.

4. Жағдаяттарды талқылау тәсілі

Мұғалім білім алушылардың жауабын бірден «дұрыс» немесе «бұрыс» деп бөлмейді. «Неге олай ойлайсың?», «Кімге әсер етеді?», «Қалай мәдениетті түрде шешуге болады?» деген бағыттаушы сұрақтар қолданылады.

5. Қауіпсіз психологиялық орта

Білім алушыларды жеке немесе сезімтал жағдайларын жария түрде айтуға мәжбүрлеуге болмайды. Талқылауды шартты кейіпкерлер мен ойдан шығарылған жағдаяттар негізінде жүргізген дұрыс.

6. Көмек сұрау алгоритмі

Білім алушыға мәселені жалғыз шешуге тырыспай, мұғалімге, сынып жетекшісіне, мектеп психологіне, әлеуметтік педагогке, кітапханашыға немесе ата-анасына жүгінуге болатынын түсіндіру маңызды.



7. Ойын тәсілін қолдану

Топтарды «Құқық зерттеушілері», «Білім елшілері», «Әділдік қорғаушылары» деп атау сабаққа қызығушылықты арттырады. Алайда ойын мазмұнды алмастырмай, құқықтық ойды түсіндіру құралы ретінде қолданылуы керек.

8. Кері байланыс

Мұғалім білім алушылардың түсінуін ауызша жауап, топтық талқылау, чемодан мазмұны, жағдаят шешімі және рефлексия арқылы байқап, мазмұндық кері байланыс береді.

Мұғалімнің бақылауына арналған бағдарлар

Сабақ барысында мұғалім білім алушылардың:

білім алу құқығына кіретін мүмкіндіктерді атай алуына;

құқық пен міндетті ажыратып, байланыстыра алуына;

білім алуға кедергі келтіретін әрекеттерді тануына;

көмек сұраудың қауіпсіз жолдарын білуіне;

жағдаят бойынша жауапты шешім ұсынуына;

өзгенің пікірін тыңдап, сыйластықпен қатысуына назар аударады.

Бұл бағдарлар білім алушыларды бағалауға арналмайды және тек мұғалімнің келесі сабақты жоспарлауына көмектеседі.

Қосымшалар

1-қосымша. «Чемоданға сал» карточкалары

Мектепте ақы төлемей орта білім алу	Мұғалімнен көмек сұрау
Қауіпсіз ортада оқу	Оқулық пайдалану
Кітапханаға бару	Үйірмеге қатысу
Сабақта сыпайы пікір айту	Сыныпта шулау
Сұрақ қойған адамды мазақ ету	Себепсіз сабаққа келмеу
Өзгенің оқуына кедергі жасау	Оқулықты ұқыпты сақтау

2-қосымша. Білім алушыға арналған жаднама

«Мен білім алу құқығымды қалай пайдаланамын?»

Сабаққа тұрақты қатысамын.

Түсінбегенімді сыпайы түрде сұраймын.

Оқулық пен оқу құралдарын ұқыпты пайдаланамын.

Өзгенің сабақ тыңдауына кедергі жасамаймын.

Сұрақ қойған адамды мазақ етпеймін.

Қиындық туындаса, сенімді ересектен көмек сұраймын.

Қабілетімді дамыту мүмкіндіктерін пайдаланамын.

Мектептегі қауіпсіздік және сыйластық ережелерін сақтаймын.

3-қосымша. «Кімнен көмек сұрай аламын?» чек-парағы

пән мұғалімі;

сынып жетекшісі;

мектеп психологі;

әлеуметтік педагог;



кітапханашы;
мектеп әкімшілігінің өкілі;
ата-ана немесе заңды өкіл;
сенім білдіретін басқа ересек адам.

Пайдаланылған әдебиеттер

Қазақстан Республикасының Конституциясы. 2026 жылғы 15 наурызда республикалық референдумда қабылданған. 33-бап. «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K2600000000>

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы (қолданыстағы редакция).

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Заңы (қолданыстағы редакция).

Ескерту: 2026 жылғы Конституцияда білім алу құқығы 33-бапта бекітілген. Сондықтан бастапқы мәтіндегі 30-бапқа сілтеме 33-бап болып нақтыланды.

№5 САБАҚ ТАҚЫРЫБЫ: МЕМЛЕКЕТТІ КІМ БАСҚАРАДЫ?

Сынып	5-сынып
Сабақ форматы	Интерактивті сабақ-квест
Оқу мақсаты	Қазақстан Республикасының негізгі билік органдарын атап, олардың қызметіне қысқаша сипаттама береді.
Негізгі ұғымдар	мемлекет, мемлекеттік билік, Президент, Құрылтай, Үкімет, сот, заң шығарушы билік, атқарушы билік, сот билігі, өкілеттік.
Материалдар	«Президент», «Құрылтай», «Үкімет», «Соттар» атаулары жазылған үлкен карточкалар; мемлекеттік органдардың қысқаша сипаттамалары жазылған ақпараттық карточкалар; жағдаят карточкалары; А3 қағазы, маркерлер, стикерлер; «Мемлекеттік органның паспорты» үлгісі; интерактивті тақта немесе презентация.

Сабақтың мақсаты

Білім алушыларға Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік биліктің ұйымдастырылуын жас ерекшелігіне сай түсіндіру, Президенттің, Құрылтайдың, Үкіметтің және соттардың негізгі қызметтерін ажыратуға үйрету.

Жоспар

Сабақ кезеңі	Мазмұны	Уақыты
--------------	---------	--------



I. Кіріспе бөлім	Сәлемдесу. «Ортақ үйді кім ұйымдастырады?» ой шақыруы	6 минут
II. Негізгі бөлім	Ақпараттық блок; квест-станциялар; «Мемлекеттік органның паспорты»; жағдаяттарды сәйкестендіру	34 минут
III. Қорытынды және кері байланыс	«Мемлекет жұмысының картасы» қорытындысы; «Бір сөйлеммен» рефлексиясы	5 минут

САБАҚТЫҢ БАРЫСЫ

I. Кіріспе бөлім (6 минут)

1.1. Сәлемдесу және қызығушылықты ояту

Мұғалім білім алушылармен амандасып, сабақтың квест форматында өтетінін хабарлайды. Сыныпта еркін пікір айту, бірін-бірі тыңдау және ортақ шешімге келу қағидалары еске түсіріледі.

Ой шақыру сұрағы: «Үлкен бір ортақ үйде адамдардың қауіпсіздігі, жолы, мектебі, денсаулығы, ортақ ережелері мен даулары қалай ұйымдастырылуы керек?»

Ортақ ережені кім жасайды?

Оны кім орындайды және орындалуын ұйымдастырады?

Дау туындаса, кім әділ шешім қабылдауы керек?

Елдің жалпы бағытын кім айқындайды?

Мұғалім жауаптарды қысқаша жинақтап, сабақ тақырыбын жариялайды: «Мемлекетті кім басқарады?»

II. Негізгі бөлім (34 минут)

2.1. Ақпараттық блок: мемлекеттік билік қалай ұйымдастырылады? (7 минут)

Мұғалім мемлекетті «ортақ үй» метафорасы арқылы түсіндіреді. Мемлекетте көптеген міндет бар: ортақ ережелер қабылдау, олардың орындалуын ұйымдастыру, азаматтардың қауіпсіздігі мен әлеуметтік салаларды қамтамасыз ету, дауларды заң негізінде шешу. Бұл қызметтердің барлығын бір адам жалғыз атқармайды.

Қазақстан Республикасында мемлекеттік билік біртұтас және ол заң шығарушы, атқарушы және сот тармақтарына бөліну, сондай-ақ олардың өзара іс-қимылы қағидаты бойынша жүзеге асырылады. Халық мемлекеттік биліктің бастауы болып табылады және өз билігін сайлау, референдум және мемлекеттік органдар арқылы жүзеге асырады.

Мемлекеттік орган	Қарапайым түсіндірме	Негізгі қызметі
Президент	Мемлекет басшысы.	Мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттарын



		айқындайды, мемлекеттік билік тармақтарының келісіп жұмыс істеуіне ықпал етеді және Конституцияда белгіленген өзге өкілеттіктерді жүзеге асырады.
Құрылтай	Заң шығарушы билікті жүзеге асыратын өкілді орган.	Заңдарды қарайды және қабылдайды, Конституцияда көзделген мәселелер бойынша шешімдер қабылдайды.
Үкімет	Атқарушы билікті жүзеге асыратын алқалы орган.	Елдің әлеуметтік-экономикалық саясатын әзірлеп, жүзеге асырылуын ұйымдастырады; заңдардың орындалуын қамтамасыз етеді.
Соттар	Сот төрелігін жүзеге асыратын органдар.	Істер мен дауларды заңға сүйеніп қарайды және әділ шешім шығарады.

2.2. Квест-тапсырма: «Мемлекет жұмысының картасы» (20 минут)

Тапсырманың мақсаты: негізгі мемлекеттік органдарды олардың қызметтерімен сәйкестендіру және қызметін өмірлік мысалдар арқылы түсіндіру.

Тапсырманы дайындау алгоритмі

Мұғалім сыныптың төрт бөлігінде «Президент», «Құрылтай», «Үкімет», «Соттар» атты квест-станциялар ұйымдастырады. 1-топ - Президент

2-топ - Құрылтай

3-топ - Үкімет

4-топ - Сот

Әр топ өз органының «паспортын» жасайды.

Әр станцияға орган туралы қысқаша ақпарат, «орган паспорты» және жағдаят карточкалары орналастырылады.

Тақтаға «Мемлекет» деген орталық ұғым жазылып, одан төрт бағыт көрсетіледі.

Әр топқа А3 парағы, маркерлер мен стикерлер беріледі.

Әр карточканың астына балаларға түсінікті қысқаша сипаттама жазылады.

Президент - елдің басшысы, мемлекеттің маңызды бағытын айқындайды.

Құрылтай - заңдар қабылдайтын орган.

Үкімет - елдегі күнделікті істердің орындалуын ұйымдастырады.

Сот - дауларды заң бойынша әділ шешеді.

Тапсырманы орындау алгоритмі

Білім алушылар төрт топқа бөлінеді: «Президент бағыты», «Құрылтай бағыты», «Үкімет бағыты», «Сот бағыты».



Әр топ өз станциясындағы ақпаратты оқып, «Мемлекеттік органның паспортын» толтырады.

Паспортта органның атауы, негізгі қызметі, қызметінің маңызы, өмірден бір мысал және бір сөйлемдік түсіндірме беріледі.

Топтар жағдаят карточкаларын қарап, қай жағдайдың қай орган қызметіне жақын екенін анықтайды.

Әр топ өз постерін 2 минуттан қорғайды.

Қорғаудан кейін барлық постер «Мемлекет жұмысының картасына» біріктіріледі.

Алдымен мұғалім білім алушыларға мемлекетті басқару жүйесін өте қарапайым тілмен түсіндіреді. Мемлекет - барлық азаматтар өмір сүретін ортақ үй сияқты. Бұл үйде тәртіп, қауіпсіздік, білім, денсаулық, жол, заң, әділдік болуы керек. Осы жұмыстарды ұйымдастыру үшін мемлекетте арнайы билік органдары болады.

«Мемлекеттік органның паспорты» үлгісі

Органның атауы	
Ол не істейді?	
Оның жұмысы не үшін қажет?	
Өмірден қарапайым мысал	
Бір сөйлеммен түсіндір	

Квест карточкаларының үлгілері

Ел дамуының маңызды бағытын айқындау қажет.

Жаңа заңды қарау және қабылдау қажет.

Қабылданған заңның орындалуын ұйымдастыру қажет.

Мектептерді жөндеу, жол салу және әлеуметтік бағдарламаларды іске асыру қажет.

Екі тарап арасындағы дауды заң негізінде шешу қажет.

Азамат өзінің құқығы бұзылды деп есептеп, сот арқылы қорғауды сұрайды.

Сәйкестендірудің ықтимал нұсқасы: ел дамуының маңызды бағыты — Президент; заң қабылдау — Құрылтай; заңдардың орындалуын ұйымдастыру — Үкімет; дауды заңмен шешу — соттар.

2.3. Жағдаяттық практикум (7 минут)

Уақытқа қарай мұғалім бір жағдаятты бүкіл сыныппен талқылайды немесе үш топқа бір-бір жағдаяттан береді. Негізгі мақсат — «кім кінәлі?» деген сұрақтан гөрі, мәселені шешуге қай мемлекеттік органның қызметі жақын екенін анықтау.

1-жағдаят. «Мектепке баратын жол»

Бір ауылда мектепке баратын жол нашар болды. Жаңбыр жауса, білім алушылардың мектепке жетуі қиындайтын. Ата-аналар мен тұрғындар мәселені көтерді. Жолды жөндеу үшін қаржы бөлу, жұмысты ұйымдастыру және жауапты мекемелерді анықтау қажет болды.



Талқылауға арналған сұрақтар

Бұл жағдай мемлекет өміріндегі қандай мәселеге ұқсайды?

Жол жөндеу сияқты жұмысты ұйымдастыру қай билік органының қызметіне жақын?

Үкіметтің күнделікті өмірдегі рөлі қандай?

Тұрғындар мәселені көтеру үшін қандай мемлекеттік немесе жергілікті органдарға жүгіне алады?

Неліктен мемлекетте әр істі ұйымдастыратын арнайы органдар қажет?

Ықтимал қорытынды: Мұндай жұмыстарды атқарушы органдар ұйымдастырады. Үкімет атқарушы билікті жүзеге асырып, мемлекеттік саясат пен заңдардың орындалуын қамтамасыз етеді; нақты жергілікті мәселені тиісті жергілікті атқарушы органдар шешеді.

2-жағдаят. «Барлығына ортақ ереже»

Сыныпта білім алушылар телефон қолдану туралы дауласты. Бірі сабақта телефон қолдануға болады деді, екіншісі оның сабаққа кедергі келтіретінін айтты. Мұғалім бәріне ортақ нақты ереже қажет екенін түсіндірді.

Талқылауға арналған сұрақтар

Сыныпта ортақ ереже не үшін қажет?

Мемлекеттегі барлығына ортақ ереже қалай аталады?

Заңдарды қарайтын және қабылдайтын орган қайсы?

Құрылтайдың қызметін осы мысалмен қалай түсіндіруге болады?

Ортақ заң болмаса, қоғамда қандай қиындық туындауы мүмкін?

Ықтимал қорытынды: Құрылтай заң шығару қызметін жүзеге асырады. Сынып ережесі мен мемлекеттік заңның заңдық күші бірдей емес, бірақ мысал ортақ қағиданың не үшін қажет екенін түсіндіруге көмектеседі.

3-жағдаят. «Әділ шешім керек»

Екі білім алушы бір кітапқа таласты. Бірі кітапты бірінші алғанын, екіншісі бұрын сұрағанын айтты. Мұғалім екі жақты тыңдап, кітапханашыдан мәлімет алып, шешім шығарды.

Талқылауға арналған сұрақтар

Неліктен екі жақты да тыңдау қажет?

Әділ шешім қандай деректерге сүйенуі керек?

Мемлекетте құқықтық дауларды кім шешеді?

Соттардың қызметі не үшін маңызды?

Әділ шешім болмаса, қоғамда не болуы мүмкін?

Ықтимал қорытынды: Соттар істер мен дауларды заңға сүйеніп қарайды. Олар тәуелсіз сот төрелігін жүзеге асырады. Мектептегі мысал сот процесінің дәл көшірмесі емес, тек бейтарап тыңдау мен дәлелге сүйенудің маңызын көрсетуге арналған.

III. Қорытынды және кері байланыс (5 минут)

3.1. «Мемлекет жұмысының картасын» аяқтау

Топтар постерлерін ортақ картаға орналастырады. Мұғалім төрт органның өзара байланысын тағы бір рет көрсетеді және мемлекеттік биліктің біртұтас



екенін, бірақ оның қызметтері заң шығарушы, атқарушы және сот тармақтарына бөлінетінін қорытындылайды.

3.2. «Бір сөйлеммен қорытындыла» кері байланысы

Мемлекетті бір ғана адам басқармайды, себебі ...

Президенттің негізгі рөлі ...

Құрылтайдың негізгі қызметі ...

Үкіметтің негізгі қызметі ...

Соттар қоғамға қажет, өйткені ...

Бүгін мен үшін маңызды болған ой ...

Мұғалімнің қорытынды сөзі: «Қазақстанда мемлекеттік билік халықтан бастау алады. Президент, Құрылтай, Үкімет және соттар Конституцияда белгіленген өкілеттіктері шегінде өз қызметін атқарады. Мемлекетті басқарудың тұрақтылығы олардың заңға сәйкес және өзара іс-қимыл жасай отырып жұмыс істеуіне байланысты».

МҰҒАЛІМГЕ АРНАЛҒАН ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР

1. Жас ерекшелігіне сай түсіндіру

5-сыныпта мемлекеттік басқару жүйесін күрделі саяси терминдер арқылы емес, күнделікті өмірді ұйымдастырумен байланыстырып түсіндірген дұрыс. «Мемлекет — ортақ үй» метафорасы пайдалы, бірақ ол тек түсіндіру құралы екенін ескерту қажет.

2. «Мемлекетті кім басқарады?» сұрағына дәл жауап беру

Сабақта «мемлекетті тек Президент басқарады» деген тым қарапайым түсінік қалыптастырмау маңызды. Қазақстан — президенттік республика, Президент — мемлекет басшысы. Сонымен бірге мемлекеттік билік халықтан бастау алады және Президент, Құрылтай, Үкімет, соттар мен өзге мемлекеттік органдар арқылы Конституция мен заңдар негізінде жүзеге асырылады.

3. Құрылтай атауын бірізді қолдану

2026 жылғы Конституцияда заң шығарушы өкілді орган «Қазақстан Республикасының Құрылтайы» деп аталады. Сондықтан сабақ мәтінінде «Парламент» атауының орнына «Құрылтай» термині бірізді қолданылуы керек. Тарихи немесе салыстырмалы түсіндірме берілген жағдайда ғана бұрынғы атау бөлек түсіндіріледі.

4. Билік тармақтарын шатастырмау

Құрылтай — заң шығарушы билікті жүзеге асырады;

Үкімет — атқарушы билікті жүзеге асырады;

соттар — сот төрелігін жүзеге асырады;

Президент — мемлекет басшысы және мемлекеттік билік тармақтарының келісіп жұмыс істеуіне ықпал ететін конституциялық тұлға.

5. Мектеп өмірімен салыстыру шегін сақтау

Сынып ережесі, мектеп әкімшілігі немесе мұғалім қызметі мемлекеттік органдардың дәл баламасы емес. Мұндай салыстырулар тек қызметтің жалпы мағынасын түсіндіруге көмектесуі тиіс. «Мектеп директоры — Президент», «мұғалім — сот» деген тікелей теңестірулерден сақ болу қажет.



6. Жағдаяттарды талқылау тәсілі

Мұғалім балаларды орган атауын жатқа айтуға ғана емес, оның қызметін түсіндіруге бағыттайды. Бағыттаушы сұрақтар: «Қандай жұмыс атқарылуы керек?», «Бұл заң қабылдау ма, орындауды ұйымдастыру ма, әлде дауды шешу ме?», «Бұл орган не үшін қажет?».

7. Кері байланыс

Мұғалім білім алушылардың түсінуін ауызша жауап, орган паспорты, жағдаятты сәйкестендіру, топтық таныстырылым және қорытынды сөйлемдер арқылы бақылайды. Бұл бақылау келесі сабақта қандай ұғымды нақтылау қажет екенін анықтау үшін жүргізіледі.

8. Құқықтық дәлдік

Президент, Құрылтай, Үкімет және соттардың өкілеттіктерін шамадан тыс жеңілдетіп немесе бір органға тән емес қызметті теліп жібермеу керек. Мысалы, Үкімет «барлық жолды өзі жөндейді» деу дұрыс емес; ол атқарушы билік жүйесін басқарады, ал нақты жұмыстарды құзыретті орталық немесе жергілікті органдар ұйымдастырады.

Мұғалімнің бақылауына арналған бағдарлар

білім алушы негізгі төрт органды атай ала ма;

органның атауын оның негізгі қызметімен сәйкестендіре ала ма;

заң шығару, орындауды ұйымдастыру және сот арқылы шешу қызметтерін ажырата ала ма;

мемлекеттік биліктің халықтан бастау алатынын түсіне ме;

топтық жұмыста өз ойын қысқаша және түсінікті жеткізе ме;

мектептік мысал мен мемлекеттік органды тура теңестірмеу керектігін түсіне ме.

Бұл бағдарлар білім алушыларды бағалауға арналмайды.

ҚОСЫМШАЛАР

1-қосымша. Үлестірмелі материал «Төрт маңызды орган»

Орган	Есте сақтайтын қысқа сөйлем
Президент	Мемлекет басшысы, ел дамуының негізгі бағыттарын айқындайды.
Құрылтай	Заңдарды қарайды және қабылдайды.
Үкімет	Заңдардың орындалуын және елдің күнделікті атқарушы жұмысын ұйымдастырады.
Соттар	Істер мен дауларды заң негізінде шешеді.

2-қосымша. «Кімнің қызметі?» карточкалары

Заң жобасы талқыланып, қабылдануы керек.

Мемлекеттік бағдарламаның орындалуы ұйымдастырылуы керек.

Азаматтың құқықтық дауы заң бойынша қаралуы керек.

Елдің ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттары айқындалуы керек.

Республикалық бюджеттің атқарылуы қамтамасыз етілуі керек.



Қабылданған заңға қол қою және оны халыққа жариялау қажет.

ЧЕК-ЛИСТ

«МЕМЛЕКЕТТІ КІМ БАСҚАРАДЫ?»

★ Қазақстанда мемлекетті басқаруға әртүрлі билік органдары қатысады. Оларды атап, қызметін қысқаша түсіндіре аламын ба?

№	Билік органдары және олардың қызметі	Түсіндім ✓	Мысал келтіре аламын ✎
1	ПРЕЗИДЕНТ - Мемлекеттің басшысы. - Елдің маңызды бағытын айқындайды. - Конституция мен заңдардың сақталуын қамтамасыз етеді.	☐	☐
2	ҚҰРЫЛТАЙ - Заң шығарушы орган. - Құрылтайға саяси партиялардан депутаттар енеді. - Елге ортақ заңдарды қарайды және қабылдайды. - Халықтың мүддесін білдіреді.	☐	☐
3	ҮКІМЕТ - Заңдардың орындалуын ұйымдастырады. - Мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асырады. - Елдегі күнделікті маңызды істерді басқарады.	☐	☐
4	СОТТАР - Дауларды заң бойынша әділ шешеді. - Құқықтарды қорғайды. - Әділдік орнатуға көмектеседі.	☐	☐

МЕН ҰҚТЫМ БА?

- ☒ Президент мемлекеттің басшысы екенін білемін.
- ☒ Құрылтайдың заң шығарушы орган екенін білемін.
- ☒ Құрылтайға саяси партиялардан депутаттар енетінін түсінемін.
- ☒ Үкіметтің заңдардың орындалуын ұйымдастыратынын білемін.
- ☒ Соттардың дауларды әділ шешетінін түсінемін.
- ☒ Әр органның өз міндеті бар екенін айта аламын.

☐
☐
☐
☐
☐
☐

ЕСТЕ САҚТА!

Мемлекетті басқару — бір адамның ғана жұмысы емес.
Құрылтай — заң шығарады, Үкімет — орындайды, Сот — әділ шешеді.

(сурет

ЖИ-мен

генераццияланған)

3-қосымша. Кері байланыс парағы

Бүгін мен білдім:
Маған түсінікті болғаны:
Әлі де білгім келетіні:
Мемлекетті басқару туралы бір сөйлемдік қорытындым:

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. 2026 жылғы 15 наурызда республикалық референдумда қабылданған. 4, 39–46, 52–62, 63–69, 76–81-



баптар. «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K2600000000>

№6 САБАҚ ТАҚЫРЫБЫ: «ӘДІЛ СОТ ҚАЙДА ЖҮЗЕГЕ АСАДЫ?»

Оқу мақсаты	Қазақстан Республикасының сот органдарын атап, олардың қызметіне қысқаша сипаттама беру.
Сабақ форматы	Интерактивті танымдық сабақ-практикум.
Ұзақтығы	45 минут.
Негізгі ұғымдар	сот төрелігі, сот, Жоғарғы Сот, жергілікті соттар, басқа соттар, құқықты қорғау, дау, әділдік, судья.

Сабақ мақсаты

Білім алушылардың Қазақстан Республикасындағы сот жүйесі туралы бастапқы түсінігін қалыптастыру, сот төрелігінің тек сот арқылы жүзеге асатынын және соттың адам құқықтарын қорғау мен дауларды заң негізінде шешудегі рөлін қарапайым өмірлік жағдаяттар арқылы түсіндіру.

Сабақ жоспары

Сабақ кезеңі	Мазмұны	Уақыты
I. Кіріспе бөлім	Сәлемдесу. «Әділ шешім деген не?» ой шақыру тапсырмасы.	6 минут
II. Негізгі бөлім	Ақпараттық блок. «Әділдік картасы» практикалық тапсырмасы. Жағдаяттарды талдау.	34 минут
III. Қорытынды және кері байланыс	«Әділ сот қажет, себебі...» қорытындысы және «Әділдік таразысы» рефлексиясы.	5 минут

Материалдар: сот атаулары жазылған карточкалар, жағдаяттық карточкалар, А3 қағазы, маркерлер, стикерлер, флипчарт немесе презентация, «Әділдік картасы» және «Соттың таныстыру парағы» үлгілері.

Сабақтың барысы

I. Кіріспе бөлім (6 минут)

1.1. Сәлемдесу және қауіпсіз пікір алмасу ортасын қалыптастыру

Мұғалім білім алушылармен амандасып, сабақ барысында әр пікірді құрметпен тыңдау, сөзді бөлмеу және нақты жағдаяттарды талқылағанда жеке тұлғаны емес, әрекетті бағалау қағидаларын еске салады.

Мұғалімнің кіріспе сөзі:

«Күнделікті өмірде адамдар кейде бір мәселе бойынша келісе алмай қалады. Мұндай кезде кімнің дауысы қатты екеніне емес, ортақ ереже мен нақты дерекке сүйеніп әділ шешім қабылдау маңызды. Бүгін біз мемлекетте әділ соттың қайда және қалай жүзеге асатынын талқылаймыз.»



1.2. Ой шақыру: «Әділ шешімнің үш шарты»

Мұғалім тақтаға «Әділ шешім» сөзін жазып, мына сұрақтарды қояды:

Әділ шешім қабылдау үшін екі тарапты да тыңдау қажет пе?

Шешім ережеге немесе заңға сүйенуі керек пе?

Шешім қабылдайтын адам бейтарап болуы керек пе?

Егер біреудің құқығы бұзылса, ол кімнен көмек сұрай алады?

Білім алушылардың жауаптары қорытындыланып, тақтаға үш тірек сөз жазылады: «тыңдау – дерек – заң».

II. Негізгі бөлім (34 минут)

2.1. Ақпараттық блок: «Сот төрелігі дегеніміз не?» (7 минут)

Мұғалім ақпаратты 5-сынып білім алушыларына түсінікті тілмен ұсынады:

Сот төрелігі – соттың заңға сүйеніп істер мен дауларды қарауы және міндетті шешім қабылдауы. Қазақстан Республикасында сот төрелігін сот қана жүзеге асырады. Сот билігі адамның, азаматтың және ұйымдардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қорғауға бағытталған.

Қазақстан Республикасының сот жүйесіне:

Жоғарғы Сот;

жергілікті соттар;

заңмен құрылатын басқа соттар кіреді.

Сот органы	Қарапайым түсіндірме	Маңызды ерекшелігі
Жоғарғы Сот	Жергілікті және басқа соттардың қарауына жататын істер бойынша жоғары сот органы.	Заңда көзделген істерді қарайды және сот практикасы мәселелері бойынша түсіндіру береді.
Жергілікті соттар	Адамдарға өңірлік және аудандық деңгейде қолжетімді соттар.	Оларға облыстық және оларға теңестірілген, аудандық және оларға теңестірілген соттар жатады.
Басқа соттар	Заңға сәйкес құрылатын соттар.	Олардың қатарына кассациялық және мамандандырылған соттар кіруі мүмкін.

Маңызды түсіндіру: Конституциялық Сот пен сот төрелігін жүзеге асыратын соттарды теңестіруге болмайды. Конституциялық Сот конституциялық бақылауды жүзеге асырады, ал сот төрелігін Жоғарғы Сот, жергілікті және басқа соттар жүзеге асырады.

2.2. Практикалық тапсырма: «Әділдік картасы» (17 минут)



Тапсырманың мақсаты: білім алушылар Қазақстан Республикасының негізгі сот органдарын ажыратып, олардың қоғамдағы рөлін қарапайым тілмен түсіндіреді.

Тапсырманы дайындау алгоритмі

Мұғалім «Жоғарғы Сот», «Жергілікті соттар», «Басқа соттар» деген үш үлкен карточка дайындайды.

Әр топқа А3 қағазы, маркерлер, стикерлер және «Соттың таныстыру парағы» үлгісі беріледі.

Жағдаят карточкалары дайындалады: «Екі адам арасында дау туды», «Біреудің құқығы бұзылды», «Істі қайта қарау қажет болды», «Белгілі бір санаттағы іс қаралады», «Шешім заңға сүйеніп шығарылуы керек».

Тақтаға «Әділ сот» деген орталық ұғым және одан тарайтын үш бағыт бейнеленеді.

Тапсырманы орындау алгоритмі

Білім алушылар үш топқа бөлінеді: 1-топ – «Жоғарғы Сот зерттеушілері», 2-топ – «Жергілікті сот зерттеушілері», 3-топ – «Басқа соттар зерттеушілері».

Әр топ өз сот органының «таныстыру парағын» толтырады: атауы; не істейді; не үшін қажет; қарапайым мысал; бір сөйлемдік түсіндірме.

Топтар жағдаят карточкаларын талдап, соттың бұл жағдайда қандай рөл атқаратынын анықтайды.

Әр топ өз постерін 2 минут ішінде таныстырады.

Қорғау соңында топ «Әділ сот қажет, себебі...» сөйлемін аяқтайды.

Таныстыру парағының үлгісі:

Соттың атауы	
Не істейді?	
Не үшін қажет?	
Өмірден қарапайым мысал	
Бір сөйлеммен түсіндіру	

Ықтимал жауап үлгісі: «Жергілікті соттар – адамдарға жақын деңгейде істер мен дауларды қарайтын соттар. Олар заңға сүйеніп шешім қабылдайды және құқықтарды қорғауға көмектеседі.»

Кері байланыс тәсілі: мұғалім «Дәлелің қандай?», «Бұл шешім қай заңдық қағидаға сүйенеді?», «Екі тарап та тыңдалды ма?» деген сұрақтар арқылы білім алушылардың ойын нақтылайды. Баға немесе ұпай қойылмайды.

2.3. Жағдаяттық практикум (10 минут)

Сыныптағы топ саны мен уақытқа қарай әр топқа бір жағдаят беріледі. Қалған жағдаяттар қосымша материал ретінде пайдаланылады.

1-жағдаят. «Кітап кімге тиесілі?»

Мектеп кітапханасында екі білім алушы бір кітапқа таласты. Бірі: «Бұл кітапты бірінші мен сұрадым», – деді. Екіншісі: «Жоқ, мен бұрын келгенмін», – деді. Екеуі келісе алмады. Кітапханашы олардың сөзін тыңдап, тіркеу дәптерін қарап, кімнің кітапты бұрын сұрағанын анықтады.

Сұрақтар:



Бұл жағдайда қандай дау туындады?

Дауды шешу үшін екі тарапты да тыңдау неге маңызды?

Тіркеу дәптері қандай рөл атқарды?

Бұл жағдаят сот жұмысының қай қағидаларына ұқсайды?

Егер шешім дерексіз немесе біржақты қабылданса, не болуы мүмкін?

2-жағдаят. «Ойын алаңындағы дау»

Аулада балалар футбол ойнап жүрді. Ойын кезінде бір бала қолмен гол соғып: «Бұл гол саналады», – деді. Басқа балалар келіспеді. Бір білім алушы ойын басында келісілген ережені еске салып, барлығының пікірін тыңдап, шешім ұсынды.

Сұрақтар:

Балалар арасында дау неліктен шықты?

Ортақ ереже шешім қабылдауға қалай көмектесті?

Шешім шығарушы адам бейтарап болуы керек пе?

Бұл жағдаят соттың қандай қызметін еске салады?

Сот қандай жағдайларда адамдарға көмектеседі?

3-жағдаят. «Құқығымды қорғағым келеді»

Сыныпта бір білім алушыны басқа балалар мазақтап, сабаққа көңіл бөлуіне кедергі жасады. Ол өзін жайсыз сезініп, мұғалімге жағдайды айтты. Мұғалім екі тараптың пікірін тыңдап, әрекетті тоқтатуға және әркімнің құқығын сақтауға бағытталған шешім ұсынды.

Сұрақтар:

Бұл жағдайда кімнің қандай құқығына кедергі келді?

Мәселені шешу үшін екі тараптың пікірі неге тыңдалуы керек?

Құқықты қорғау дегенді қалай түсінесің?

Бұл жағдаят соттың қандай рөлін еске салады?

Біреудің құқығы бұзылса, ол қандай қауіпсіз әрекеттер жасай алады?

Әдістемелік ескерту: мектептегі мұғалімнің немесе кітапханашының дауды шешуі сот төрелігі болып табылмайды. Бұл мысалдар тек екі тарапты тыңдау, дерекке сүйену және бейтарап шешім қабылдау қағидаларын түсіндіру үшін қолданылады.

III. Қорытынды және кері байланыс (5 минут)

3.1. «Бір сөйлеммен қорытындыла»

Сот төрелігі – бұл ...

Сот қоғамға қажет, себебі ...

Әділ шешім үшін ...

Біреудің құқығы бұзылса ...

Бүгін мен білдім ...

3.2. «Әділдік таразысы» кері байланысы

Мұғалім тақтаға таразы бейнесін орналастырады. Білім алушылар стикерге әділ соттың бір маңызды қағидасын жазып, таразыға жапсырады.

екі тарапты тыңдау;

заңға сүйену;



бейтарап болу;
дәлелдерді қарау;
адам құқығын қорғау;
шешімге жауапкершілікпен қарау.

Сабақтың қорытынды ойы: «Қазақстан Республикасында сот төрелігін сот қана жүзеге асырады. Сот билігінің мақсаты – құқықтарды, бостандықтар мен заңды мүдделерді қорғау, дауларды заң негізінде қарау және міндетті шешім қабылдау.»

Мұғалімге арналған әдістемелік ұсынымдар

1. «Сот» ұғымын қорқынышпен емес, құқықты қорғаумен байланыстыру

Сабақта сотты тек қылмыс пен жазаға қатысты орган ретінде көрсетуге болмайды. Білім алушылар соттың азаматтық, әкімшілік, қылмыстық және өзге де істер мен дауларды қарайтынын, негізгі мақсаты құқықтарды қорғау және заңдылықты қамтамасыз ету екенін түсінуі керек.

2. «Сот төрелігі» ұғымын нақтылау

«Әділ шешім» мен «сот төрелігі» бірдей ұғым емес. Күнделікті өмірде мұғалім немесе ересек адам дауды шешуге көмектесе алады, бірақ Қазақстан Республикасында сот төрелігін тек сот жүзеге асырады.

3. Сот жүйесін жас ерекшелігіне сай ұсыну

5-сынып деңгейінде соттардың толық құзыретін жаттату қажет емес. Жоғарғы Сот, жергілікті және басқа соттар туралы қысқа, нақты түсінік жеткілікті. «Басқа соттар» қатарына заңға сәйкес құрылатын кассациялық және мамандандырылған соттар кіруі мүмкін екенін мұғалім өзі үшін нақты білуі керек.

4. Конституциялық Сотпен шатастырмау

Конституциялық Сот конституциялық бақылауды жүзеге асырады және Конституцияның үстемдігін қамтамасыз етеді. Ол жалпы сот жүйесінің орнына жүрмейді және осы сабақта сот төрелігін жүзеге асыратын соттардан бөлек түсіндіріледі.

5. Теңестіруден сақтану

Кітапханашы, мұғалім немесе ойын төрешісі сот емес. Бұл тұлғалардың әрекеттері тек тыңдау, дәлелді қарау, ережеге сүйену және бейтараптық қағидаларын түсіндіретін ұқсастық ретінде пайдаланылады.

6. Талқылауды бағыттау

«Кім кінәлі?» деген сұрақпен шектелмей, «Қандай құқыққа кедергі келді?», «Қандай дерек қажет?», «Екі тарап та тыңдалды ма?», «Шешім қандай ережеге сүйенуі керек?» деген сұрақтарға басымдық беру ұсынылады.

7. Психологиялық қауіпсіздікті сақтау

Білім алушылардан өз отбасына немесе жеке өміріне қатысты нақты сот істерін жария түрде айтуды талап етуге болмайды. Ойдан шығарылған кейстерді пайдалану және жеке жағдай туындаса, оны сынып алдында талқыламай, сенімді ересек адамға немесе мектеп маманына жүгіну қажет екенін айту керек.

8. Бағалаусыз кері байланыс



Курста балл, баға, дескриптор және бағалау критерийлері қолданылмайды. Мұғалім ауызша жауап, топтық жұмыс, жағдаятты талдау және рефлексия арқылы білім алушылардың түсінігін байқап, нақтылаушы және қолдаушы кері байланыс береді.

Мұғалімнің бақылауына арналған бағдарлар
 сот төрелігін тек сот жүзеге асыратынын түсіндіруі;
 Жоғарғы Сотты, жергілікті және басқа соттарды ажыратуы;
 соттың құқықты қорғау және дауды заңға сүйеніп шешу қызметін түсінуі;
 екі тарапты тыңдау, дерекке сүйену және бейтараптық қағидаларын атауы;
 өмірлік мысалды соттың рөлімен дұрыс байланыстыруы;
 өз ойын негіздеп айтуы және топ мүшелерінің пікірін тыңдауы.

Бұл бағдарлар білім алушыларды бағалауға арналмайды.

Қосымшалар

1-қосымша. Жағдаят карточкалары

Екі адам бір затқа таласты.

Бір адамның құқығы бұзылды.

Дауды заңға сүйеніп шешу қажет.

Істі жоғары сот деңгейінде қарау қажет болды.

Белгілі бір санаттағы істі мамандандырылған сот қарайды.

Шешім қабылдау үшін екі тараптың дәлелдерін тыңдау қажет.

2-қосымша. «Әділ соттың бес қағидасы» жаднамасы

Сот төрелігін сот қана жүзеге асырады.

Судья шешім қабылдағанда тәуелсіз және Конституция мен заңға бағынады.

Іс пен дау заңда белгіленген тәртіппен қаралады.

Сот адамның, азаматтың және ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға бағытталған.

Соттың заңды күшіне енген шешімдері Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында міндетті.

3-қосымша. «Соттың таныстыру парағы»

Топтың атауы	
Сот органының атауы	
Оның негізгі қызметі	
Не үшін қажет?	
Өмірлік мысал	
Бір сөйлеммен қорытынды	

Пайдаланылған әдебиеттер

Қазақстан Республикасының Конституциясы. 2026 жылғы 15 наурызда республикалық референдумда қабылданған. 76, 77, 78 және 82-баптар. «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K2600000000>



№7 САБАҚ ТАҚЫРЫБЫ: МЕКТЕПТЕ МЕНІҢ ҚАНДАЙ ҚҰҚЫҚТАРЫМ МЕН МІНДЕТТЕРІМ БАР?

Оқу мақсаты	Құқықтар мен міндеттердің жаднамасын құрастырады.
Сабақтың мақсаты	Білім алушылар мектептегі негізгі құқықтары мен міндеттерін ажырата білуге дағдыланады. Олар құқық пен міндеттің тең жүретінін күнделікті мектеп өміріндегі мысалдармен байланыстыра отырып түсінеді.
Сабақ форматы	Интерактивті сабақ-практикум.
Ұзақтығы	45 минут
Негізгі ұғымдар	Құқық, міндет, жауапкершілік, мектеп ережесі, сыйластық, қауіпсіз орта.
Материалдар	Екі бағаннан тұратын үлкен плакат, құқықтар мен міндеттер аралас жазылған карточкалар, А3 қағаздары, түрлі түсті маркерлер, стикерлер, «жаднама» үлгісі.

Жоспар

I. Кіріспе бөлім. Өзектілігі және мотивациялық қызығушылықты ояту.

II. Негізгі бөлім: Ақпараттық блок, практикалық тапсырма («Құқықтар мен міндеттер таразысы»), жаднама құрастыру.

III. Қорытынды. Дескрипторлар, күтілетін нәтиже және рефлексия.

IV. Қосымшалар. Мұғалімге арналған әдістемелік ұсынымдар.

САБАҚТЫҢ БАРЫСЫ

I. Кіріспе бөлім (5 минут)

Мұғалім сабақты оқушылармен амандасудан және қолайлы орта қалыптастырудан бастайды. **Мотивациялық сұрақтар:**

- Егер бізде тек құқықтар болып, ешқандай міндеттер болмаса, мектеп қандай болар еді?
- «Менің құқығым бар» деген сөзді жиі естиміз, ал «мен міндеттімін» деген сөзді ше?

Мұғалім оқушылардың жауаптарын тыңдап, сабақтың негізгі тақырыбына көшеді.

II. Негізгі бөлім (35 минут)

2.1 Ақпараттық блок (5 минут) Мұғалім білім алушыларға құқық пен міндет ұғымдарын қарапайым тілмен түсіндіреді.

- **Құқық** – білім алушыға заңмен және мектеп ережесімен берілген мүмкіндік.



- **Міндет** – білім алушы орындауы керек жауапкершілік.

Мұғалімнің мысалы: «Менің білім алуға құқығым бар. Бірақ мен сабаққа қатысуға, тапсырма орындауға және басқаларға кедергі жасамауға міндеттімін».

2.2 Практикалық тапсырма: «Менің мектептегі құқықтарым мен міндеттерім» (20 минут) Тапсырманың мақсаты: Білім алушылар мектептегі негізгі құқықтары мен міндеттерін ажыратып, олардың тең жүретінін түсіну.

Орындау алгоритмі:

1. Білім алушылар шағын топтарға бөлінеді.
2. Әр топқа құқықтар мен міндеттер аралас жазылған карточкалар беріледі.
3. Топ мүшелері карточкаларды оқып, екі бағанға бөледі.



(сурет ЖИ-мен генерацияланған)

Карточкаларды бөлу үлгісі:

Менің құқықтарым	Менің міндеттерім
Мен білім алуға құқылымын.	Мен сабаққа қатысуға міндеттімін.
Мен қауіпсіз ортада оқуға құқылымын.	Мен мектеп мүлкін сақтауға міндеттімін.
Мен өз ойымды айтуға құқылымын.	Мен басқалардың пікірін құрметтеуге міндеттімін.
Мен мұғалімнен көмек сұрауға құқылымын.	Мен сыныптастарымның оқуына кедергі жасамауға міндеттімін.
Мен кітапхана мен оқулықтарды пайдалануға құқылымын.	Мен мектеп ережесін сақтауға міндеттімін.

Талқылау:

Әр топ өз таңдауын түсіндіреді.

Мысалы: «Мұғалімнен көмек сұрау – құқық, себебі білім алушы білім алу үшін түсінбегенін сұрай алады».

2.3 Жаднама құрастыру және қорғау (10 минут)



Білім алушылар «Құқық пен міндет таразысын» (А3 постерінде) жасайды. Таразының бір жағына құқықтарды, екінші жағына міндеттерді орналастырып, олардың тең болуы керек екенін бейнелейді.

Сабақ соңында әр топ «Мектепте менің құқықтарым мен міндеттерім» атты жаднама (кемінде 5 құқық және 5 міндет) дайындап, оны сынып алдында қорғайды.

Қорғау кезіндегі міндетті сөз тіркесі: «Мен құқықтарымды білемін және міндеттерімді орындаймын, себебі...»

III. Қорытынды. Кері байланыс және рефлексия (5 минут)

Дескриптор (бағалау критерийлері):

- Құқық пен міндет ұғымдарын қарапайым тілмен түсіндіреді.
- Мектептегі негізгі құқықтары мен міндеттерін атайды.
- Құқық пен міндеттің айырмашылығын және өзара байланысын ажыратады.
- Өмірлік жағдаяттарды талдап, дұрыс әрекет ұсынады.
- Басқалардың құқықтарын құрметтеу және ереже сақтау маңызын түсіндіреді.
- Топтық жұмысқа қатысып, жаднама құрастыруға үлес қосады.
- Өз ойын нақты, түсінікті және сыпайы жеткізеді.

Күтілетін нәтиже: Сабақ соңында білім алушылар мектептегі өз құқықтары мен міндеттерін нақты атай алады. Олар білім алу, қауіпсіз ортада оқу, көмек сұрау сияқты құқықтарын білумен қатар, сабаққа қатысу, ереже сақтау, басқаларға кедергі жасамау және мектеп мүлкін қорғау сияқты міндеттерін терең түсінеді.



Жағдаяттық тапсырмалар:

1-жағдаят. «Менің де сөйлегім келеді»

Сыныпта топтық жұмыс жүріп жатыр. Әр білім алушы өз ойын айтуы керек. Бірақ бір білім алушы басқаларға сөз бермей, тек өзі сөйлей берді. Аружан қол көтеріп: «Менің де ойымды айтқым келеді», - деді. Топтағы басқа балалар оны тыңдауға келісті.

Сұрақтар:

Бұл жағдайда Аружанның қандай құқығы бар?

Өз ойын айту құқығы қалай жүзеге асуы керек?

Бір білім алушының үнемі өзі ғана сөйлеуі дұрыс па?

Басқаның пікірін тыңдау қандай міндетке жатады?

Топтық жұмыста әділдік болу үшін қандай ереже керек?

2-жағдаят. «Сыныптағы шу»

Қазақ тілі сабағында мұғалім жаңа тақырып түсіндіріп жатыр. Бірнеше білім алушы қатты сөйлесіп, күліп отырды. Басқа білім алушылар тақырыпты тыңдай алмай қалды. Мұғалім: «Әр білім алушының білім алуға құқығы бар. Сондықтан бір-бірімізге кедергі жасамауымыз керек», - деді.

Сұрақтар:



Бұл жағдайда кімдердің білім алу құқығына кедергі келді?
 Шулап отырған білім алушылар қандай міндетті орындамады?
 Сабақта тыныштық сақтау не үшін қажет?
 Құқық пен міндет бұл жерде қалай байланысып тұр?
 Егер сен сол сыныпта болсаң, қандай шешім ұсынар едің?

3-жағдаят. «Мектеп мүлкіне ұқыпсыз қарау»

Үзіліс кезінде бір білім алушы партаның үстіне қаламмен сурет салып қойды. Екінші білім алушы оған: «Бұл мектеп мүлкі, оны бүлдіруге болмайды», - деді. Бірінші білім алушы: «Бұл менің партам емес қой, бәрібір емес пе?» - деп жауап берді.

Сұрақтар:

Бұл жағдайда қандай қате әрекет жасалды?
 Мектеп мүлкін сақтау қандай міндетке жатады?
 Неге мектеп заттарына ұқыпты қарау керек?
 Мектеп мүлкіне зиян келсе, кімге қиын болады?
 Білім алушы өз қатесін қалай түзете алады?
 Мектеп ауласын жасыл әрі таза ұстау үшін не істеуге болады?

IV. МҰҒАЛІМГЕ АРНАЛҒАН ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР

1. **Теңгерімді сақтау:** Балалар көбіне өз құқықтарын жақсы біледі, бірақ міндеттері туралы ұмытып кетеді. Сабақ барысында «таразы» метафорасын үнемі еске салып отырыңыз.

2. **Сыпайылыққа баулу:** «Өз ойымды айтуға құқылымын» деген құқықты талқылағанда, оның міндетті түрде «өзгелерді мұқият тыңдау және сыпайы болу» міндетімен ұштасатынын баса айту керек.

3. **Топтық жұмыс динамикасы:** Карточкаларды бөлген кезде дау туындауы мүмкін (мысалы, бір оқушы бір әрекетті құқық десе, екіншісі міндет деуі мүмкін). Бұл кезде бірден дұрыс жауапты айтпай, олардың өздеріне дәлелдетуге тырысыңыз.

Әдебиеттер:

2026 жылы 15 наурызда жалпыхалықтық референдумда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясы, [Мәтін]: 36 бап. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K2600000000>



№8 САБАҚ ТАҚЫРЫБЫ: МЕН ТАБИҒАТТЫ САҚТАУҒА ҚАЛАЙ КӨМЕКТЕСЕ АЛАМЫН?

Оқу мақсаты	Адам әрекетінің табиғатқа әсерін анықтау, күнделікті деңгейде экологиялық проблемаларды шешу жолдарын ұсыну.
Сабақтың мақсаты	Білім алушылар адам әрекетінің қоршаған ортаға тигізетін оң және теріс әсерін талдауға дағдыланады. Күнделікті өмірде табиғатты қорғауға арналған қарапайым әрі тиімді «эко-әдеттер» тізімін (жаднама) құрастырады.



Сабақ форматы	Интерактивті практикалық сабақ.
Ұзақтығы	45 минут
Негізгі ұғымдар	Экология, адам әрекеті, экологиялық із, қалдықтарды сұрыптау, үнемдеу, эко-әдет, табиғатты қорғау.
Материалдар	«Ластанған орта» және «Таза табиғат» иллюстрациялары, А3 қағаздары, түрлі түсті маркерлер, стикерлер, «Адам әрекеті» карточкалары, жаднама үлгісі.

Жоспар

I. Кіріспе бөлім. Өзектілігі және мотивациялық қызығушылықты ояту.

II. Негізгі бөлім: Ақпараттық блок, практикалық тапсырма («Табиғат таразысы»), эко-жаднама құрастыру.

III. Қорытынды. Дескриптор, күтілетін нәтиже және рефлексия.

IV. Қосымшалар. Мұғалімге арналған әдістемелік ұсынымдар.

САБАҚТЫҢ БАРЫСЫ

I. Кіріспе бөлім (5 минут)

Мұғалім тақтаға немесе экранға екі суретті шығарады: біреуінде қоқысқа толған, ағаштары кесілген жер, екіншісінде жап-жасыл, таза, көркем табиғат бейнеленген. **Мотивациялық сұрақтар:**

- Осы екі жердің қайсысында өмір сүргілеріңіз келеді? Неліктен?
- Бірінші суреттегі жағдайға кім кінәлі деп ойлайсыздар?
- «Табиғатты қорғау тек үлкендердің немесе ғалымдардың ғана ісі»

деген пікірмен келісесіздер ме?

Оқушылардың пікірлерін тыңдағаннан кейін мұғалім сабақтың тақырыбын жариялайды.

II. Негізгі бөлім (35 минут)

2.1 Ақпараттық блок (5 минут) Мұғалім адам әрекетінің табиғатқа әсерін қысқаша түсіндіреді.

- **Теріс әсер:** Зауыттардан шығатын түтін, суды үнемдемеу, ормандарды кесу, пластик қоқыстарды тастау.
- **Оң әсер:** Ағаш отырғызу, қалдықтарды қайта өңдеу (макулатура, пластик жинау), жарық пен суды үнемдеу, құстарға ұя жасау.

Мұғалім «**Экологиялық әдет (эко-әдет)**» ұғымына тоқталады: «Бұл – әрқайсымыздың күнделікті жасай алатын, табиғатқа пайда әкелетін немесе зиянды азайтатын қарапайым іс-әрекетіміз».

2.2 Практикалық тапсырма: «Табиғат таразысы» (15 минут) **Тапсырманың мақсаты:** Білім алушылар күнделікті іс-әрекеттердің табиғатқа қалай әсер ететінін анықтайды.

Орындау алгоритмі:

1. Оқушылар топтарға бөлінеді.
2. Әр топқа іс-әрекеттер жазылған карточкалар таратылады.



3. Оқушылар А3 форматындағы қағазға «Табиғат таразысын» сызып, карточкаларды екі бағанға бөледі.



(сурет

ЖИ-мен

генерацияланған)

Карточкаларды бөлу үлгісі:

Табиғатқа зиян тигізетін әрекеттер	Табиғатқа көмектесетін эко-әдеттер
Тіс жуған кезде суды ағызып қою.	Бөлмеден шыққанда жарықты өшіру.
Пластик бөтелкені далаға тастау.	Дүкенге барғанда мата дорба (эко-сөмке) ұстау.
Даладағы гүлдерді жұлу, бұтақтарды сындыру.	Аулаға немесе мектеп маңына ағаш отырғызу.
Қоқысты сұрыптамай, бәрін бірге тастау.	Қағазды (макулатура) қайта өңдеуге өткізу.
Пикниктен кейін табиғатта қоқыс қалдыру.	Қыста құстарға жемсалғыш жасап ілу.

Талқылау: Топтар өз жұмыстарын қорғайды. *Мұғалімнің сұрағы:* «Тіс жуғанда суды жауып қоюдың өзі бүкіл әлемге қалай көмектеседі?»

2.3 Жаднама құрастыру (15 минут) Әр топ «Менің күнделікті эко-әдеттерім» атты шағын жаднама (кемінде 5 ереже) құрастырады. *Талан:* Бұл ережелер үлкен жаһандық проблемалар емес (мысалы, "зауыттарды жабу" емес), оқушының өзі **бүгіннен бастап** жасай алатын қарапайым қадамдар болуы тиіс.



(сурет

ЖИ-мен

генерацияланған)

Жаднама үлгісі:

1. Мен суды босқа ағызбаймын.
2. Мен қоқысты тек арнайы жәшікке тастаймын.
3. Қағазды екі бетіне де жазып, үнемдеп қолданамын.
4. Қажет емес кезде ток көздерін өшіремін.
5. Табиғат аясында демалғанда, артымнан қоқыс қалдырмаймын.



Жағдаяттық тапсырмалар:

1-жағдаят. «Ормандағы демалыс»

Бір отбасы табиғат аясына демалуға барды. Тамақтанып болған соң кейбір адамдар қоқыстарын жинамай, сол жерде қалдырып кеткісі келді. Ал балалардың бірі: «Қоқысты осында қалдыруға болмайды, табиғат таза болуы керек», - деді.

Сұрақтар:

Бұл жағдайда қандай экологиялық мәселе туындады?

Қоқысты табиғатта қалдыру неге зиян?

Баланың ескертуі дұрыс па?

Мұндай жағдайда не істеу керек?

Табиғат аясында демалғанда қандай ережелерді сақтау қажет?

2-жағдаят. «Ашық тұрған су»



Мектеп асханасында бір білім алушы қолын жуып болған соң кранды жауып кетуді ұмытты. Су ұзақ уақыт ағып тұрды. Мұны көрген басқа білім алушы барып кранды жапты да: «Суды үнемдеу керек, ол - табиғат байлығы», - деді.

Сұрақтар:

Бұл жағдайда қандай қате әрекет болды?

Суды үнемдеу не үшін маңызды?

Екінші білім алушы дұрыс әрекет жасады ма?

Суды күнделікті өмірде қалай үнемдеуге болады?

Егер сен осындай жағдайды көрсең, не істер едің?

3-жағдаят. «Ауладағы ағаш көшеті»

Мектеп ауласына жаңа ағаш көшеттері отырғызылды. Кейбір білім алушылар олардың жапырағын жұлып, бұтағын сындырып ойнай бастады. Басқа білім алушы: «Бұл ағаштар бізге көлеңке береді, ауаны тазартады, оларды күту керек», - деп тоқтатты.

Сұрақтар:

Бұл жерде табиғатқа қандай зиян келтірілді?

Ағаштарды қорғау не үшін маңызды?

Өсімдіктерге қамқор болу табиғатты сақтауға қалай көмектеседі?

Білім алушылар өз қателігін қалай түзете алады?

Мектеп ауласын жасыл әрі таза ұстау үшін не істеуге болады?



Мұғалімге арналған әдістемелік ұсынымдар:

Бұл тақырыпты түсіндіру кезінде мұғалім табиғатты қорғау ұғымын 5-сынып білім алушыларына өте жақын және түсінікті мысалдар арқылы жеткізуі қажет. Табиғатты қорғау туралы тым күрделі экологиялық терминдермен емес, күнделікті өмірде жасалатын қарапайым әрекеттермен түсіндірген дұрыс. Мысалы, қоқысты арнайы жерге тастау, суды үнемдеу, жарықты өшіру, гүлдерді жүлмау, жануарларға қамқор болу сияқты әрекеттер балаларға түсінікті болады.

Сабақ басында білім алушыларға «Табиғат бізге не береді?» деген сұрақ қою тиімді. Білім алушылар ауа, су, ағаш, гүл, жануарлар, күн, жер туралы айтады. Осыдан кейін мұғалім «Ендеше біз табиғатқа қалай көмектесе аламыз?» деген негізгі сұраққа алып келеді.

Мұғалім табиғатқа әсердің екі жағын қатар көрсетуі керек: адамның пайдалы әрекеті де, зиян әрекеті де болады. Білім алушылар тек «болмайды» деген тізімді жаттап қоймай, не себепті болмайтынын түсінуі маңызды. Мысалы, қоқыс тастау неге зиян, су ысырап ету неге дұрыс емес, ағаш сындыру неге жаман - осының бәрі қысқа түсіндіріліп отыруы қажет.

Бұл тақырыпта көрнекілік пен практикалық жұмыс өте тиімді. Карточкалар, суреттер, «пайдалы әрекет - зиян әрекет» кестесі, постер, жаднама сияқты жұмыстар балалардың қызығушылығын арттырады. Мүмкіндік болса, сабақта шағын бейнематериал, табиғат суреттері немесе мектеп ауласын бақылау да қолдануға болады.



Жағдаяттық кейстерді талқылағанда мұғалім білім алушылардың өз пікірін айтуына жағдай жасауы керек. «Бұл әрекет дұрыс па?», «Табиғатқа қандай әсері бар?», «Сен болсаң не істер едің?» деген сұрақтар арқылы білім алушылар өз ойларын еркін жеткізеді. Бұл сыни ойлауын және жауапкершілік сезімін дамытады.



(сурет ЖИ-мен генерацияланған)

Әдебиеттер:

2026 жылы 15 наурызда жалпыхалықтық референдумда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясы, [Мәтін]: 37 бап. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K2600000000>



№9 САБАҚ ТАҚЫРЫБЫ: ҚОРЫТЫНДЫ ВИКТОРИНА «КОНСТИТУЦИЯ БІЛГІРЛЕРІ»

Оқу мақсаты	Базалық түсінікті көрсету: құқықтар мен міндеттерді атау, рәміздерді тану, Конституцияның не үшін қажеттігін түсіндіру.
Сабақтың мақсаты	Өтілген тақырыптарды (Конституция, құқықтар мен міндеттер, мемлекеттік рәміздер) қорытындылау, ойын арқылы білім алушылардың алған білімдерін бекіту және топтық жұмыс дағдыларын дамыту.



Сабақ форматы	Интерактивті ойын-викторина.
Ұзақтығы	45 минут
Негізгі ұғымдар	Конституция, негізгі заң, құқық, міндет, Мемлекеттік Елтаңба, Мемлекеттік Ту, Мемлекеттік Әнұран, азаматтық жауапкершілік.
Материалдар	Жауап беруге арналған сигналдық карточкалар (әр топқа жасыл және қызыл түсті), Мемлекеттік рәміздердің суреттері (немесе слайд), тапсырмалар жазылған конверттер, жеңімпаздарға арналған «Конституция білгірі» сертификаттары немесе төсбелгілер (қағаздан жасалған).

Жоспар

I. Кіріспе бөлім. Мотивация, топтарға бөліну және викторина ережелерін түсіндіру.

II. Негізгі бөлім: Викторина кезеңдері («Жылдам жауап», «Құқық па, әлде міндет пе?», «Рәміздер сыры», «Жағдаятты талдау»).

III. Қорытынды. Ұпайларды санау, дескриптор, күтілетін нәтиже және марапаттау.

IV. Қосымшалар. Мұғалімге арналған әдістемелік ұсынымдар.

САБАҚТЫҢ БАРЫСЫ

I. Кіріспе бөлім (5 минут)

Мұғалім оқушылармен амандасып, бүгінгі сабақтың ерекше форматта өтетінін хабарлайды.

Мұғалімнің сөзі: «Біз бірнеше сабақ бойы мемлекетіміздің басты заңы – Конституциямен, өзіміздің құқықтарымыз бен міндеттерімізбен, сондай-ақ қасиетті рәміздерімізбен таныстық. Бүгін біз сол алған білімімізді тексеріп, сыныптағы ең мықты «Конституция білгірлерін» анықтаймыз!»

Оқушылар 3 немесе 4 топқа бөлінеді (Топ атаулары тақырыпқа сай болуы мүмкін: «Тәуелсіздік», «Әділет», «Қыран» т.б.). Мұғалім әр дұрыс жауап үшін топқа 1 ұпай (жетон) берілетінін түсіндіреді.

II. Негізгі бөлім: Викторина (30 минут)

1-кезең: «Жылдам жауап» (Блиц-сұрақтар) *Мақсаты:* Конституцияның не үшін қажеттігін және базалық ұғымдарды еске түсіру. Мұғалім сұрақ қояды, бірінші болып қол көтерген топ жауап береді.

1. Конституция дегеніміз не? (*Мемлекеттің негізгі заңы*)
2. Конституция кімдердің құқығын қорғайды? (*Барлық адамдардың/азаматтардың*)
3. Егер мемлекетте Конституция (ортақ заң) болмаса, не болар еді? (*Тәртіпсіздік, әділетсіздік, қауіпсіздіктің болмауы*)
4. Қазақстанда Конституция күні қашан тойланады? (*15 наурыз*)

2-кезең: «Құқық па, әлде міндет пе?» *Мақсаты:* Құқықтар мен міндеттерді ажырата білу. Мұғалім әртүрлі жағдайларды оқиды. Топтар



ақылдасып, егер ол **Құқық** болса – *жасыл карточканы*, егер **Міндет** болса – *қызыл карточканы* көтереді.

1. Сабақтан соң спорт үйірмесіне қатысу. (*Құқық – жасыл*)
2. Мектеп мүлкін (парта, тақта) сындырмай, таза ұстау. (*Міндет – қызыл*)
3. Ауырған кезде дәрігерге қаралу және емделу. (*Құқық – жасыл*)
4. Автобуста немесе қоғамдық орындарда үлкендерге орын беру, тәртіп сақтау. (*Міндет – қызыл*)
5. Өз пікіріңді еркін әрі сыпайы білдіру. (*Құқық – жасыл*)

3-кезең: «Рәміздер сыры» *Мақсаты:* Мемлекеттік рәміздерді тану және олардың бөлшектерінің мағынасын білу. Мұғалім экраннан (немесе суреттен) рәміздердің бөлшектерін көрсетеді немесе сипаттайды.

1. Тудағы алтын күн мен қыран бүркіт нені білдіреді? (*Күн – тыныштық пен байлық, қыран – тәуелсіздік, еркіндік, биікке самғау*)
2. Елтаңбаның дәл ортасында орналасқан, киіз үйдің төбесін білдіретін бөлшек қалай аталады? (*Шаңырақ*)
3. Елтаңбадағы қанатты пырақтар (жылқылар) нені білдіреді? (*Болашаққа ұмтылыс, батылдық*)
4. Әнұран орындалған кезде азаматтар қандай әрекет жасауға міндетті? (*Орнынан тұрып, оң қолын кеудесіне қойып, қосылып айтуы керек*)

4-кезең: «Жағдаятты шешу» (**Капитандар сайысы немесе топтық жұмыс**) *Мақсаты:* Алынған білімді өмірлік жағдайлармен байланыстыру. Әр топқа бір конверт беріледі. Ішіндегі жағдайды оқып, оған Конституцияға, құқыққа немесе ережеге сүйеніп жауап беруі керек.

- **1-топқа:** Үзіліс кезінде жоғары сынып оқушысы бастауыш сынып оқушысының телефонын тартып алды. Бұл жерде қандай құқық бұзылды? Заң немесе ереже бойынша не істеу керек?
- **2-топқа:** Мектепте Мемлекеттік Әнұран ойнап жатыр. Екі оқушы сөйлесіп, күліп тұр. Олардың әрекеті дұрыс па? Бұл жерде қандай міндет бұзылып тұр?
- **3-топқа:** Бір бала «Менің өз ойымды айтуға құқығым бар!» деп, сабақ үстінде мұғалімнің сөзін бөліп, сыныптастарын мазақтай бастады. Оның құқықты бұлай пайдалануы дұрыс па? Неге?



(сурет ЖИ-мен генерацияланған)

III. Қорытынды. Кері байланыс және рефлексия (10 минут)

Дескриптор (бағалау критерийлері):

- Конституцияның негізгі мақсатын (не үшін қажет екенін) дұрыс түсіндіреді;
- Құқықтар мен міндеттерді шатастырмай, нақты ажыратады;
- Мемлекеттік рәміздерді (Ту, Елтаңба, Әнұран) таниды және олардың элементтерінің мағынасын атайды;
- Жағдаяттық сұрақтарда әділеттілік пен заңдылықты басшылыққа алады;
- Топпен бірлесіп жұмыс істейді.

Күтілетін нәтиже: Оқушылар осы тарау бойынша алған білімдерін жүйелейді. Олар тек жаттанды ережелерді емес, Конституцияның күнделікті өмірдегі қауіпсіздік пен әділдіктің кепілі екенін, рәміздерге құрметпен қарау әрбір азаматтың міндеті екенін терең түсінетін болады.

Рефлексия және марапаттау: Мұғалім ұпайларды санайды. Жеңімпаз топты және белсенді қатысқан барлық оқушыларды «Конституция білгірі» сертификатымен марапаттайды. *«Ашық микрофон» әдісі:* Оқушылар кезекпен бүгінгі викторинадан не түйгенін, қай сұрақтың қиын немесе қызық болғанын бір сөйлеммен қорытындылайды.

IV. МҰҒАЛІМГЕ АРНАЛҒАН ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР

1. **Бәсекелестікті дұрыс бағыттау:** Викторина барысында топтар арасындағы бәсекелестік дау-дамайға ұласпауын қадағалаңыз. Ойынның басты мақсаты – жеңу емес, білімді бекіту екенін жиі еске салып отырыңыз.

2. **Қателікпен жұмыс:** Егер топ «Құқық пен міндет» кезеңінде қате жауап берсе (мысалы, міндетті құқық деп көтерсе), жай ғана «қате» демей, міндетті түрде себебін басқа оқушыларға түсіндіртіңіз.



3. **Уақытты басқару:** Топтардың жағдаяттарды талқылауына артық уақыт кетіп қалмауы үшін визуалды таймер немесе құмсағат қолдану сабаққа динамика қосады.

4. **Рәміздерге құрмет:** 3-кезеңде Әнұран туралы сұрақ қойылғанда, сыныптың барлығына бірге тұрып, рәміздерге құрмет көрсету ережесін іс жүзінде бір рет қайталап өтуге болады. Бұл теориялық білімді практикамен ұштастырады.

Мұғалімге арналған әдістемелік ұсынымдар:

Қорытынды викторина сабағын өткізу кезінде мұғалім негізгі мақсатты нақты түсіндіруі керек: бұл сабақ білім алушыларды қорқытып тексеру үшін емес, олардың алған білімдерін қызықты форматта қайталау және бекіту үшін ұйымдастырылады.

Сондықтан сабақта жылы атмосфера, ойын элементі және топтық қолдау болуы маңызды. 5-сынып білім алушылары үшін қорытынды сабақтың тым ресми болмағаны дұрыс. Викторинаны квест, жарыс, топтық сайыс немесе «Конституция білгірлері клубы» форматында өткізу білім алушылардың қызығушылығын арттырады. Тапсырмалар қысқа, түсінікті және өмірмен байланысты болуы керек.

Мұғалім сұрақтарды тек есте сақтау деңгейінде емес, түсіну және қолдану деңгейінде құрастырғаны жөн. Мысалы, «Конституция дегеніміз не?» деген сұрақпен қатар «Егер сыныпта ортақ ереже болмаса не болады?» деген сұрақ қою білім алушының ойлауын дамытады. Бұл тәсіл білім алушылардың құқықтық сауаттылығын өмірлік жағдайлармен байланыстыруға көмектеседі.

Викторина кезеңдерін әртүрлі етіп ұйымдастыру ұсынылады. Бір кезеңде білім алушылар сұрақтарға жауап берсе, келесі кезеңде құқық пен міндетті ажыратады, үшінші кезеңде қауіпсіздік ережесін таңдайды, төртінші кезеңде жағдаятты шешеді. Бұл балалардың назарын сақтауға және сабақтың динамикалық өтуіне ықпал етеді.

Әдебиеттер:

2026 жылы 15 наурызда жалпыхалықтық референдумда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясы, [Мәтін]: URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K2600000000>



«КОНСТИТУЦИЯ НЕГІЗДЕРІ» КУРСЫ БОЙЫНША 6-СЫНЫПҚА АРНАЛҒАН САБАҚ ҮЛГІЛЕРІ



№1 САБАҚ ТАҚЫРЫБЫ: НЕЛІКТЕН КОНСТИТУЦИЯ БАРЛЫҚ БАСҚА ЗАҢДАРДАН ЖОҒАРЫ ТҰРАДЫ?

Оқу мақсаты	Конституцияның үстемдігі қағидатын түсіндіру.
Сабақтың мақсаты	Білім алушылардың Конституцияның құқықтық жүйедегі негізгі орнын түсінуіне, Конституцияның үстемдігі қағидатын өмірлік мысалдар арқылы түсіндіруіне және кез келген заңның Конституцияға сәйкес қабылдануы қажет екенін ұғынуына ықпал ету.
Сабақ форматы	Талдау және модельдеу сабағы.
Ұзақтығы	45 минут
Негізгі ұғымдар	Конституцияның үстемдігі, жоғары заңдық күш, заң шығарушы, заң жобасы, заңдар иерархиясы, құқықтық құжаттар.
Материалдар	«Заң жобалары» және «Конституция сүзгісі» кестесі басып шығарылған үлестірмелі парақтар (әр топқа), А3 немесе А4 қағаздары, маркерлер.

Жоспар

I. Кіріспе бөлім. Мотивация. «Ғимараттың іргетасы» талқылауы.

II. Негізгі бөлім: Ақпараттық шағын блок, Практикалық тапсырма («Егер мен заң шығарушы болсам...» 4 кезеңі).

III. Қорытынды. Дескриптор, күтілетін нәтиже және рефлексия.

IV. Қосымшалар. Мұғалімге арналған әдістемелік ұсынымдар.

САБАҚТЫҢ БАРЫСЫ

I. Кіріспе бөлім (5 минут)

Мұғалім сабақты метафора (теңеу) қолдану арқылы бастайды.

Мотивациялық сұрақтар:

- Биік ғимарат салған кезде оның іргетасы (фундаменті) қисық болса, немесе оған сапасыз материал қолданылса, жоғарыдағы қабаттар қандай болады? (Олар құлайды немесе қисық болады).

- Мемлекеттің заңдарын осы ғимаратқа теңесек, оның мызғымас «іргетасы» не деп ойлайсыздар?

Мұғалім оқушылардың жауабын тыңдап, Конституцияның барлық заңдардың іргетасы екенін, сол себепті оның «ең жоғары» (үстем) тұратынын түсіндіреді.

II. Негізгі бөлім (35 минут)

2.1 Ақпараттық блок (5 минут)

Мұғалім жаңа ұғымдарды қысқаша түсіндіреді:



- **Конституцияның үстемдігі** дегеніміз – Қазақстан аумағында қабылданатын ешбір заң, ешбір ереже немесе қаулы Конституцияға қайшы келмеуі керек.

- **Заңдар иерархиясы** (сатысы) – ең жоғарыда Конституция тұрады. Төмендегі заңдар жоғарыдағы заңға бағынады. Егер олар қақтығысса, әрқашан Конституция жеңеді.

2.2 Практикалық тапсырма: «Егер мен заң шығарушы болсам...» (30 минут)

Білім алушылар 3-4 адамнан тұратын топтарға бөлінеді (немесе жұппен жұмыс істейді). Әр топ Парламенттегі «Заң шығарушы комитет» рөліне енеді.

- **1-кезең. «Заң жобасын оқы» (5 минут):**

Білім алушыларға үш қысқа «заң жобасы» ұсынылады (үлестірмелі парақтарда):

- **Заң жобасы №1:** «Барлық балалардың білім алуына тең мүмкіндік беріледі.»

- **Заң жобасы №2:** «Қаладағы барлық тұрғындарға саябаққа кіруге тыйым салынады.»

- **Заң жобасы №3:** «Әр азамат қоршаған ортаны қорғауға міндетті.»

- **2-кезең. «Конституция сүзгісі» (10 минут):**

Топтар әр заң жобасын «сүзгіден» өткізіп, төмендегі кестені толтырады:

Заң жобасы	Конституцияға сәйкес пе?	Неліктен? (Қысқаша негіздеме)
№1	Иә	Себебі Конституцияда әркімнің білім алуға құқығы бар екені бекітілген, теңдік сақталады.
№2	Жоқ	Себебі бұл адамның еркін жүріп-тұру және демалу құқығын негізсіз шектейді.
№3	Иә	Себебі табиғатты қорғау – Конституция бойынша әрбір азаматтың қасиетті міндеті.

- **3-кезең. «Заңды түзет» (10 минут):**

Топтар Конституцияға сәйкес келмейтін заңды (№2 жоба) өзгертіп, Конституция талаптарына сай етіп қайта жазады және оны сынып алдында оқиды.

- **Бұрынғы нұсқа:** «Барлық тұрғындарға саябаққа кіруге тыйым салынады.»

- **Жаңа нұсқа (үлгі):** «Саябақтарға қоғамдық тәртіпті сақтай отырып кіруге болады. Қауіпсіздік мақсатында уақытша шектеулер (мысалы, жөндеу жұмыстары кезінде) заңға сәйкес енгізіледі.»

- **4-кезең. «Қорытынды жаса» (5 минут):**

Топ мүшелері ақылдаса отырып, мына сөйлемдерді аяқтайды:

- «Конституция барлық заңдардың негізі, себебі... (барлық басқа заңдар соған қарап жазылады / ол ең басты құндылықтарды қорғайды).»



- «Заң Конституцияға қайшы келмеуі керек, өйткені... (қайшы келген заң заңсыз деп танылады және күшін жояды).»
- «Конституцияның үстемдігі қоғамға ... (тәртіп, әділдік, қауіпсіздік және адам құқықтарының қорғалуын) береді.»

III. Қорытынды. Кері байланыс және рефлексия (5 минут)

Дескриптор (бағалау критерийлері):

- Заң жобаларын талдайды;
- Конституцияға сәйкес келетін және келмейтін нормаларды анықтайды;
- Конституцияға қайшы келетін тұстарды түзетеді;
- Конституцияның үстемдігі қағидатын түсіндіреді;
- Қорытынды пікірін дәлелді жазады.

Күтілетін нәтиже:

Сабақ соңында білім алушылар Конституцияның Қазақстан Республикасындағы ең жоғары заңдық күші бар негізгі құқықтық құжат екенін түсінеді және оны барлық басқа нормативтік құқықтық актілердің негізі ретінде сипаттай алады. Олар Конституция, заң, қаулы және ереже сияқты құқықтық құжаттардың өзара байланысын ажыратып, олардың иерархиялық құрылымын дұрыс модельдейді. Конституцияның үстемдігі қағидатының мәнін түсіндіріп, оның қоғамдағы тәртіп пен әділдікті қамтамасыз етудегі рөлін нақты өмірлік жағдайлар арқылы дәлелдей алады. Сонымен қатар олар құқықтық жағдаяттарды талдау барысында әртүрлі көзқарастарды салыстырып, негізделген қорытынды жасау дағдыларын дамытады. Сабақ нәтижесінде білім алушылар құқықтық жүйені біртұтас құрылым ретінде қабылдап, заңдардың Конституцияға қайшы келмеуі қажет екенін өмірлік мысалдармен байланыстыра отырып түсіндіре алады.

Рефлексия: «Заңдар пирамидасы»

Оқушылар тақтаға (немесе өз дәптерлеріне) үлкен үшбұрыш сызып, оның ең жоғарғы шыңына «Конституция», ал төменгі бөліктеріне «Заңдар», «Ережелер» деп жазып қояды. Бұл олардың иерархия ұғымын визуалды түрде бекітуіне көмектеседі.

Жағдаяттық тапсырмалар:

1-жағдаят. «Кітапхана мәселесі»

Мектепте жаңа ереже шықты: «Білім алушылар сабақтан кейін кітапханаға кіре алмайды». Бірақ Конституцияда: «Әр азамат білім алуға және ақпарат алуға құқылы» делінген.

Сұрақтар:

1. Қай құжат жоғары тұрады?
2. Мектеп ережесі дұрыс па?
3. Білім алушылар не істеуі керек?

2-жағдаят. «Жабылған саябақ»

Әкімдік қаулысы бойынша бір саябақ жабылды. Алайда тұрғындар демалатын басқа орын жоқ.



Сұрақтар:

1. Әкімдік қаулысы Конституцияға қайшы болуы мүмкін бе?
2. Азаматтар қандай құқықтарын қолдана алады?
3. Бұл жағдайда не істеу керек?

3-жағдаят. «Бала құқығы»

Ата-ана баласын мектепке бермей, жұмысқа жегеді.

Сұрақтар:

1. Бұл жағдай қандай заңға қайшы?
2. Баланың қандай құқығы бұзылып тұр?
3. Қай заң оны қорғайды?

IV. МҰҒАЛІМГЕ АРНАЛҒАН ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР

Мұғалімге сабақты келесі қарапайым сұрақтан бастағаны ұсынылады: «Неліктен мектепте ережелер бар, ал әркім өз қалағанын істей алмайды?»

«Заңдар пирамидасы» тапсырмасын орындау кезінде білім алушыларды дайын жауап беруге емес, талқылауға бағыттау маңызды. Мұғалім балаларға Конституцияның құқықтық жүйенің «негізі» екенін түсінуге көмектеседі.

Жағдаяттарды талдау барысында жұптық немесе топтық талқылау әдісін қолдану ұсынылады. Білім алушылардың өздері қорытынды жасап, пікір айтуы маңызды.

Мұғалім Конституцияның практикалық маңызына назар аударады:

- ол қоғамдағы тәртіпті қорғайды;
- мемлекеттің қызметін реттейді;
- барлық азаматтар үшін тең ережелерді қамтамасыз етеді.

Сабақтың соңында «Ата Заңы жоқ мемлекеттің болашағы қандай болмақ?» қорытынды сұрағын қоюға болады.

Әдебиеттер:

2026 жылы 15 наурызда жалпыхалықтық референдумда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясы, [Мәтін]: 5 бап. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K2600000000>



№2 САБАҚ ТАҚЫРЫБЫ: «ЗАҢ МЕН ТӘРТІП» ҚАҒИДАТЫ НЕНІ БІЛДІРЕДІ?

Оқу мақсаты	Өмірлік жағдайларда заңдылық пен құқықтық тәртіпті сақтаудың қажеттілігін түсіндіреді.
Сабақтың мақсаты	Білім алушылардың өмірлік жағдаяттарды талдау арқылы заң мен ережелердің маңызын түсінуіне, құқықтық тәртіпті сақтаудың қажеттілігін дәлелдеуіне және құқық бұзушылықтың салдарын бағалай отырып, жауапты азаматтық ұстаным қалыптастыруына ықпал ету.



Сабақ форматы	Кейс-сабақ (Жағдаятты талдау).
Ұзақтығы	45 минут
Негізгі ұғымдар	Заң, тәртіп, құқықтық тәртіп, жауапкершілік, ішкі тәртіп ережесі, материалдық зиян, құқық бұзушылық.
Материалдар	Жағдаят жазылған үлестірмелі карточкалар, талдау кестесі басылған А4 парақтары, маркерлер.

Жоспар

I. Кіріспе бөлім. Мотивация. «Ережесіз ойын» талқылауы.

II. Негізгі бөлім: Практикалық тапсырма («Заң мен Тәртіп» кейсін талдаудың 4 кезеңі).

III. Қорытынды. Дескриптор, күтілетін нәтиже және рефлексия.

IV. Қосымшалар. Мұғалімге арналған әдістемелік ұсынымдар.

САБАҚТЫҢ БАРЫСЫ**I. Кіріспе бөлім (5 минут)**

Мұғалім сабақты спортпен байланыстырып, проблемалық сұрақтар қояды.

Мотивациялық сұрақтар:

- Сіздер футбол (немесе кез келген спорт түрін) ойнағанды жақсы көресіздер ме?
- Егер футболда ешқандай ереже болмаса (қолмен ойнауға, бір-бірін итеруге рұқсат етілсе), ол ойын қалай аяқталар еді? (*Төбелеспен, жарақатпен, әділетсіздікпен*).
- Спортта тәртіп қандай маңызды болса, өмірде де заң мен тәртіп сондай қажет. Неліктен?

Мұғалім бүгінгі сабақта нақты мектеп өмірінде болған бір оқиғаны (кейсті) детективтер немесе сарапшылар ретінде талдайтындарын айтады.

II. Негізгі бөлім (35 минут)**2.1 Практикалық тапсырма: «Заң мен Тәртіп» жағдаяты (кейс) (35 минут)****Жағдаят мәтіні (оқушыларға таратылады):**

6- сынып білім алушылары сабақтан кейін мектеп ауласында футбол ойнап жүрді. Ойын барысында Әли мен Нұржан мектептің гүлзарын басып өтіп, қоршауды сындырды. Олар мұны байқамағандай кетіп қалды. Келесі күні мектептің бақылау камерасы арқылы оқиға анықталды. Мектеп әкімшілігі білім алушыларды шақырып, болған жағдайды сұрады. Алғашында балалар кінәларын мойындамады. Кейін бейнежазбаны көрген соң өз әрекеттерін мойындап, кешірім сұрады.

Білім алушылар шағын топтарға бөлініп, тапсырманы **4 кезең** бойынша орындайды:

1-кезең. Жағдаятты мұқият оқып, сұрақтарға жауап беру (7 минут):

Топтар іштей ақылдасып, мына сұрақтарға жауап береді:

1. Білім алушылар қандай ережелерді бұзды? (*Мектеп мүлкіне ұқыпты қарау, шыншылдық ережелері*).



2. Бұл әрекет заңға немесе мектептің ішкі тәртіп ережесіне қайшы ма? *(Иә, ішкі тәртіпке де, бөтеннің мүлкін бұлдіру бойынша заңға да қайшы).*

3. Балалардың әрекетін құқық бұзушылық деп айтуға бола ма? Неліктен? *(Иә, өйткені олар материалдық зиян келтірді).*

4. Егер сен олардың орнында болсаң, қалай әрекет етер едің? *(Бірден мойындап, қоршауды жөндеуге көмектесер едім).*

2-кезең. Кестені толтыру (10 минут):

Әр топ үлестірмелі қағаздағы кестені толтырып, себеп-салдар байланысын орнатады.

Әрекет	Қандай ереже бұзылды?	Қандай салдары болуы мүмкін?
Гүлзарды басып өтті	Табиғатты қорғау және мектеп ауласын таза ұстау ережесі.	Гүлдер солып қалады, мектептің көркі бұзылады, еңбекке құрметсіздік.
Қоршауды сындырды	Қоғамдық/мектеп мүлкін сақтау ережесі (заңды бұзу).	Мектепке материалдық зиян келеді, ата-анасы айыппұл төлеуі немесе жөндеп беруі мүмкін.
Шындықты жасырды (алғашында мойындамады)	Адалдық пен шыншылдық (адамгершілік) ережесі.	Оларға деген сенім жоғалады, ұстаздары мен достарының көңілі қалады.

3-кезең. Топпен талқылау (10 минут):

Мұғалім сыныпқа ортақ сұрақ тастайды: «Заң мен мектеп ережелерін сақтамаудың қандай құқықтық және тәрбиелік салдары болуы мүмкін?» Топтар келесі аргументтерді мысал келтіре отырып дәлелдеуі керек:

- Материалдық зиян келтіріледі (қоршауды сатып алу керек);
- Қоғамдық тәртіп бұзылады (басқалар да «бізге де болады екен» деп ойлайды);

- Адам құқығы бұзылады (сол гүлді еккен адамның еңбегі еш кетті);
- Тәртіп бұзушылар жауапкершілікке тартылады;
- Оларға деген сенім жоғалады (ең ауыр жаза).

4-кезең. Қорытындылау (8 минут):

Оқушылар «Заң мен Тәртіп қоғамға не үшін қажет?» тақырыбында 2-3 сөйлемнен тұратын шағын қорытынды пікір жазады (немесе ауызша айтады).

III. Қорытынды. Кері байланыс және рефлексия (5 минут)

Дескриптор (бағалау критерийлері):

- Берілген жағдаяттағы құқықтық мәселені анықтайды;
- Заң мен мектеп ережелерінің арасындағы айырмашылықты түсінеді;
- Қандай ережелер бұзылғанын кестеде нақты анықтайды;
- Орын алған құқық бұзушылықтың салдарын дәлелдейді;
- Өз ойын өмірлік мысалдармен негіздейді;
- Заң мен тәртіптің қоғам үшін маңызын қорытындылайды.



Күтілетін нәтиже:

Білім алушылар заң, тәртіп, құқықтық тәртіп және жауапкершілік ұғымдарының мәнін түсіндіріп, өмірлік жағдаяттардағы құқықтық мәселелерді анықтап, заң мен ережелерді сақтаудың қажеттілігін дәлелдейді. Сонымен қатар құқық бұзушылықтың құқықтық және әлеуметтік салдарын талдап, өз әрекетіне жауапкершілікпен қараудың маңызын түсінеді. Жағдаяттарды талдау барысында дәлелді пікір білдіріп, өз көзқарасын негіздейді, дұрыс шешім ұсынады және заң мен тәртіпті сақтаудың қоғамдағы бейбіт өмір мен қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі рөліне баға береді.

Рефлексия: «Сенім шеңбері»

Білім алушылар сөйлемді аяқтайды: *«Егер мен байқаусызда қателік жасасам (бірдеңені сындырып алсам), мен қашып кетпеймін, мен... (кешірім сұраймын / жөндеуге көмектесемін), себебі...»*

Жағдаяттық тапсырмалар:

1-жағдаят. «Бағдаршам»

Мектептен шыққан Айару мен оның досы көшеден өтпек болды. Бағдаршамның қызыл түсі жанып тұрды. Досы: «Көлік жоқ екен, жүгіріп өте салайық» деді. Айару болса жасыл шам жанғанша күтуді ұсынды.

Сұрақтар:

1. Қай білім алушының әрекеті дұрыс?
2. Қандай ЖЖЕ сақталуы тиіс?
3. Егер бағдаршамның қызыл түсіне жолдан өтсе, қандай қауіп-қатер туындауы мүмкін?
4. Бұл жағдайда заң мен тәртіпті сақтау қаншылықты маңызды?

2-жағдаят. «Мектеп мүлкі»

Үзіліс кезінде бірнеше білім алушы сыныптағы партаға сурет салып, жазу жазып кеттін. Алайда мұғалім келген кезде жасаған іс-әрекетін ешкім мойындаған жоқ.

Сұрақтар:

1. Білім алушылардың жасаған бұл іс-әрекеті дұрыс деп есептейсіндер ме?
2. Бұл жерде қандай ереже бұзылды?
3. Мұндай іс-әрекет мектепке қандай зиян келтіреді?
4. Егер сендер осы іс-әрекеттің куәгері болсаңдар, не істер едіңдер?

3-жағдаят. «Ғаламтордағы жауапкершілік»

Ержан сыныптасының рұқсатынсыз оның суретін әлеуметтік желіге жариялап, күлкілі жазба қосты. Кейбір білім алушылар оған пікір жазып, мазақтай бастады.

Сұрақтар:

1. Ержанның жасағаны дұрыс па?
2. Бұл іс-әрекеттің қандай салдары болуы мүмкін?
3. Ғаламторда қандай ережелерді сақтау керек?

IV. МҰҒАЛІМГЕ АРНАЛҒАН ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР



Мұғалімге білім алушылардың жағдаяттарды бірлесіп талқылап, ортақ қорытындыға келуі үшін жұмысты топпен ұйымдастыру ұсынылады.

Талқылау барысында білім алушыларға дайын жауаптарды бермей, білім алушылардың сыни ойлауын дамыту мақсатында бағыттаушы сұрақтарды қолданған жөн. Мысалы:


- «Неліктен бұл іс-әрекетті дұрыс емес деп санайсындар?»
- «Мұндай жағдай шынайы өмірде орын алса, қоғам үшін қандай салдары болуы мүмкін?»
- «Бұл қоғамдағы қауіпсіздік пен тәртіпті сақтаумен қалай байланысты?»

Мұғалім «Заң мен Тәртіп» қағидатының негізгі мәні – заңдар мен ережелердің қоғамдағы барлық адамдар үшін бірдей міндетті екендігін үнемі қайталап отыруы қажет.

Сабақ соңында «Постердегі белгі» әдісі арқылы рефлексия ұйымдастыруға болады. Ол үшін 3-4 білім алушы өз еркімен тақтаға шығып, постердегі жағдайларды талдап, заң немесе ереже бұзылған деп есептеген жерлеріне ✓ немесе X белгісін қойып, өз таңдауын түсіндіреді.

Қорытындылау кезеңінде мұғалім білім алушылардың алған білімдерін өмірмен байланыстыру мақсатында мынадай сұрақтарды қоя алады:

- «Өмірде тағы қандай жағдайларда ережелерді сақтаудың қажеттілігіне кезіктіңдер?»
- «Неліктен заңдар мен ережелерсіз қоғамда өмір сүру мүмкін емес?»



(сурет ЖИ-мен генерацияланған)

Әдебиеттер:

2026 жылы 15 наурызда жалпыхалықтық референдумда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясы, [Мәтін]: 3, 5 баптар. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K2600000000>



№3 САБАҚ ТАҚЫРЫБЫ: МЕН ӨЗІМНІҢ ЖЕКЕ ҚҰҚЫҚТАРЫМДЫ ҚАЛАЙ ЖҮЗЕГЕ АСЫРА АЛАМЫН?

Оқу мақсаты	Нақты өмірлік жағдайларда сөз және ар-ождан бостандығы құқықтарының жүзеге асырылуына мысалдар келтіреді.
Сабақтың мақсаты	Білім алушылардың әлеуметтік желідегі нақты өмірлік жағдайларды талдау арқылы сөз және ар-ождан бостандығы құқықтарының мәнін түсінуіне, пікір білдіру еркіндігі мен жауапкершілік арасындағы байланысты ажырата білуіне және мәдениетті, құқықтық нормаларға сай коммуникация дағдыларын қалыптастыруына ықпал ету.
Сабақ форматы	Зерттеу сабағы.
Ұзақтығы	45 минут
Негізгі ұғымдар	Сөз бостандығы, ар-ождан бостандығы, құқық, жауапкершілік, пікір білдіру мәдениеті, киберэтика (желідегі әдеп).
Материалдар	Аяулымның жағдаяты жазылған карточкалар, постер жасауға арналған А3 парақтары, маркерлер, түрлі түсті стикерлер.

Жоспар

I. Кіріспе бөлім. Мотивация. «Желідегі пікірлер» талқылауы.

II. Негізгі бөлім: Практикалық тапсырма («Сөз бостандығы: құқық па, жауапкершілік пе?») зерттеу жұмысының 4 қадамы).

III. Қорытынды. Дескриптор, күтілетін нәтиже және рефлексия.

IV. Қосымшалар. Мұғалімге арналған әдістемелік ұсынымдар.

САБАҚТЫҢ БАРЫСЫ

I. Кіріспе бөлім (5 минут)

Мұғалім сабақты оқушыларға жақын тақырып – әлеуметтік желілерден бастайды.

Мотивациялық сұрақтар:

- Кім әлеуметтік желілерде (TikTok, Instagram, YouTube) видео немесе жазба көріп, астына пікір қалдырып көрді?
- Желіде адамдар бір-біріне жаман сөздер жазып, ұрысып жатқанын байқадыңыздар ма? Олар мұны неге істейді деп ойлайсыздар? («Менің сөз бостандығым бар, қалағанымды жазамын» деп ойлауы мүмкін).
- Шын мәнінде, «сөз бостандығы» кез келген адамды қорлауға рұқсат бере ме?

Мұғалім сабақтың тақырыбын жариялап, бүгін оқушылар жеке құқықтарын басқаларға зиян келтірмей қалай қолдану керектігін зерттейтінін айтады.

II. Негізгі бөлім (35 минут)



2.1 Практикалық тапсырма: «Сөз бостандығы: құқық па, жауапкершілік пе?»

Білім алушылар 4-5 адамнан тұратын зерттеуші топтарға бөлінеді. Өр топқа жағдаят мәтіні таратылады.

Жағдаят:

Аяулым желіде пікір қалдырды: «Маған бұл мектеп ережесі ұнамайды, ол әділетсіз. Менің ойымша оны өзгерту керек!».

Мектеп білім алушылары бұл пікір бойынша өз ойларымен бөлісті. Біреулері Аяулымды қолдаса, енді біреулері сын айтты. Тіпті пікір авторын ренжітетін, намысына тиетін сөздер жазғандар да табылды.



(сурет ЖИИ-мен генерацияланған)

1-қадам. Топта талдау (8 минут):

Топтар іштей талқылап, келесі сұрақтарға жауап береді:

1. Бұл жерде адамның қандай құқығын көре аламыз? (Өз ойын еркін білдіру, яғни сөз бостандығы құқығы).
2. Сөз бостандығы дегенді қалай түсінесіңдер? (Өз пікіріңді, көзқарасыңды ешкімнің қысымынсыз ашық айту).
3. Аяулымға айтылған пікірлердің қайсысы мәдениетті, ал қайсысы дұрыс емес? (Келіспейтінін сыпайы жеткізу – мәдениетті; жеке басына тиісіп, ренжітетін сөз жазу – дұрыс емес, құқық бұзушылық).

2-қадам. Зерттеу сұрағы (5 минут):

Барлық топтарға ортақ зерттеу сұрағы беріледі: «Сөз бостандығының шегі бар ма?»

- Мұғалімнің бағыттауы: «Сенің бостандығың басқа адамның құқығы (ар-намысы) басталатын жерде аяқталады» деген қағиданы еске түсіріңіздер.

3-қадам. Өнім жасау (жоба) (12 минут):



Әр топ А3 парағына постер немесе инфографика жасайды. Ол жерде сөз бостандығы, ар-ождан бостандығы, құқық, жауапкершілік түсініктері қарастырылуы керек.

Критерийлер (постерде міндетті түрде болуы қажет):

- **Анықтама:** Сөз және ар-ождан бостандығы деген не?
- **2-3 өмірлік мысал:** (Мысалы, киім үлгісін таңдау, өз дінін немесе сенімін ұстану, мектеп ережесіне қатысты сыпайы ұсыныс айту).
- **Дұрыс және бұрыс әрекет үлгілері:** (Дұрыс: «Мен сенімен келіспеймін, себебі...»; Бұрыс: «Сен түк білмейсің, ақымақсың!»).
- **Қорытынды ой:** (Мысалы: «Сөз бостандығы – жауапкершіліксіз болмайды»).

4-қадам. Қорғау (10 минут):

Әр топ 3-4 минутта өз жұмыстарын (постерлерін) тақтаға іліп қорғайды.

III. Қорытынды. Кері байланыс және рефлексия (5 минут)

Дескриптор (бағалау критерийлері):

- Сөз және ар-ождан бостандығын түсіндіреді;
- Өмірлік мысал келтіреді;
- Дұрыс және бұрыс пікірлерді ажыратады;
- Құқық пен жауапкершілікті байланыстырады;
- Постер/инфографика арқылы өз ойларын жүйелі түрде көрсетеді;
- Қорытынды жасайды.

Күтілетін нәтиже:

Сабақ соңында білім алушылар сөз және ар-ождан бостандығы құқықтарының мәнін түсініп, оны нақты өмірлік жағдайларда қолдануға мысал келтіреді. Олар әлеуметтік желідегі пікір білдіру мәдениетін ажыратуды, еркіндік пен жауапкершіліктің өзара байланысын түсінеді. Бұл тапсырмалар білім алушыларда талдау, зерттеу және шығармашылық жұмыс жасау арқылы өз көзқарасын дәлелді түрде жеткізу дағдыларын дамытады.

Рефлексия: «Менің желідегі ізім»

Оқушылар стикерге сөйлемді жалғастырып жазады: *«Бүгіннен бастап интернетте пікір жазғанда, мен ең алдымен ... (басқа адамның көңіліне тимейтінін / сөзімнің жауапкершілігін) ойлаймын»*. Стикерлер тақтадағы «Желі» суретіне жапсырылады.

Жағдаяттық тапсырмалар:

1-жағдаят. «Сынып пікірі»

Сыныпта білім алушылар мектеп асханасын жақсарту туралы ұсыныс айтты. Кейбірі қолдады, кейбірі қарсы болды.

Сұрақтар:

1. Жағдаятта берілген адамның қандай құқығы?
2. Пікірді қалай дұрыс айту керек?
3. Қарсы пікір айтуға бола ма?
4. Ортақ шешім қалай қабылданады?

2-жағдаят. «Желідегі пікір»



Шыңғыс видео астына өз пікірін жазды, бірақ басқа қолданушылар оны мазақтай бастады.

Сұрақтар:

1. Кімнің құқығы сақталды немесе бұзылды?
2. Ғаламторда қандай ереже сақтау керек?
3. Мұндай жағдайда не істеу керек?

3-жағдаят. «Әділетсіздік»

Білім алушы мектеп ережесімен келіспей, өз ойын ашық айтты.

Сұрақтар:

1. Бұл қандай құқыққа жатады?
2. Сын айту мен ренжіту арасындағы айырмашылық қандай?
3. Өз пікіріңді қалай мәдениетті түрде жеткізуге болады?
4. Неліктен өз пікіріңді айту маңызды?

IV. МҰҒАЛІМГЕ АРНАЛҒАН ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР

Бұл сабақты зерттеу және шығармашылық жұмыс ретінде ұйымдастыру білім алушылардың терең ойлау қабілетін дамытады. Мұғалім бағыттаушы рөл атқарып, дайын жауап бермей, білім алушылардың өз қорытынды жасауына мүмкіндік беруі қажет.

Топтық жұмыста әр білім алушының қатысуын қамтамасыз ету маңызды. Инфографика немесе постер жасау арқылы білім алушылар ақпаратты жүйелеуді үйренеді.

Сабақ барысында негізгі идея – «сөз бостандығы шексіз емес, ол жауапкершілікпен бірге жүреді» екенін бірнеше рет нақты өмірлік мысалдармен бекіту ұсынылады.

Әдебиеттер:

2026 жылы 15 наурызда жалпыхалықтық референдумда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясы, [Мәтін]: 23, 25 баптар. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K2600000000>



№4 САБАҚ ТАҚЫРЫБЫ: МЕН ӨЗІМНІҢ ЖЕКЕ ҚҰҚЫҚТАРЫМДЫ ҚАЛАЙ ЖҮЗЕГЕ АСЫРА АЛАМЫН?

Оқу мақсаты	Жеке басына қол сұғылмаушылық және еркін жүріп-тұру құқықтарының жүзеге асырылуына мысалдар келтіреді.
Сабақтың мақсаты	Білім алушылардың жеке басына қол сұғылмаушылық және еркін жүріп-тұру құқықтарын нақты жағдайлар арқылы талдауына, құқық бұзушылықты анықтауына және дәлел келтіру дағдыларын дамыту.
Сабақ форматы	Зерттеу-ойын сабағы («Жас детектив»).
Ұзақтығы	45 минут



Негізгі ұғымдар	Жеке басына қол сұғылмаушылық, еркін жүріп-тұру, жеке шекара, қауіпсіздік, жеке мүлікке қол сұғу, құқық бұзушылық.
Материалдар	«Детективтік іс» жазылған карточкалар (әр топқа), «Тергеу парағы» (кесте басылған А4 парақтары), маркерлер.

Жоспар

I. Кіріспе бөлім. Мотивация. «Менің жеке шекарам» талқылауы.

II. Негізгі бөлім: Практикалық тапсырма («Жас детектив» ойыны, 3 істі талдау).

III. Қорытынды. Дескриптор, күтілетін нәтиже және рефлексия.

IV. Қосымшалар. Мұғалімге арналған әдістемелік ұсынымдар.

САБАҚТЫҢ БАРЫСЫ**I. Кіріспе бөлім (5 минут)**

Мұғалім сабақты «жеке шекара» ұғымын түсіндіруден бастайды.

Мотивациялық сұрақтар:

- Сіздердің рұқсаттарыңызсыз біреу сіздердің бөлмелеріңізге кіріп, заттарыңызды ақтарса қандай сезімде боласыздар?

- «Жеке басына қол сұғылмаушылық» деген сөзді қалай түсінесіздер? (Бұл – менің денем, менің денсаулығым, менің жеке заттарым. Оған ешкімнің рұқсатсыз тиісуге құқығы жоқ).

- Ал «еркін жүріп-тұру құқығы» ше? (Мен заң рұқсат еткен кез келген жерге қауіпсіз бара аламын).

Мұғалім бүгін оқушылардың «Детективтік агенттік» құрып, балалардың жеке құқықтары бұзылған 3 істі тергейтінін хабарлайды.

II. Негізгі бөлім (35 минут)**2.1 Практикалық тапсырма: «Жас детектив» ойыны**

Білім алушылар 3 топқа бөлінеді. Әр топқа бір (немесе барлық үш) детективтік іс беріледі.

Детективтік істер (Кейстер):

- **Іс №1:** Ернұр мектептен үйіне қайтып келе жатқанда, бейтаныс адам оны тоқтатып, қоңырау шалу үшін оның телефонын сұрады.

- **Іс №2:** Сыныпта Жасұлан Қуаныштың сөмкесін рұқсатсыз ашып, ішінде не барын қарап шықты.

- **Іс №3:** Аружан сабақтан кейін қалалық саябаққа серуендеуге барғысы келді. Бірақ сыныптағы кейбір балалар «сен ол жаққа барма, ол жақ қауіпті» деп оны қорқытып, баруына кедергі жасауға тырысты. Аружан өз шешімін қабылдай алмай, ата-анасына хабарласуға мәжбүр болды.

2.2 Тапсырманы орындау алгоритмі (Тергеу процесі - 20 минут):

Әр топ «Тергеу парағын» толтыра отырып, 3 қадамды орындайды:

№	Іс	1-қадам. Тергеу жүргізу (Қандай құқық	2-қадам. Дәлел табу (Бұл неге құқық бұзушылық?)	3-қадам. Шешім шығару (Дұрыс әрекет
---	----	---	---	---



	бұзылды? Қауіп бар ма?)		қандай? Кімге хабарлау керек?)
№1	Жеке мүлікке (телефон) қол сұғу, жеке қауіпсіздікке қауіп төну.	Бейтаныс адам баланың затын сұрауы күдікті. Ол телефонды ұрлап кетуі немесе баланы алдауы мүмкін.	Шешім: Телефонды бермеу, тез арада адам көп жерге бару немесе қашып кету. Үлкендерге (ата-ана, полиция) хабарлау.
№2	Жеке басына (жеке заттарына) қол сұғылмаушылық құқығы.	Сөмке – Қуаныштың жеке мүлкі. Оны рұқсатсыз ашу – адамның жеке шекарасын бұзу.	Шешім: Жасұланға бұл әрекеттің заңсыз екенін айту. Егер қайталанса, сынып жетекшісіне немесе мектеп психологына хабарлау.
№3	Еркін жүріп-тұру құқығы.	Басқа балалар қорқыту арқылы Аружанның өз еркімен жүріп-тұруына кедергі келтіріп (психологиялық қысым) отыр.	Шешім: Қорқытуларға ермеу. Ата-анасына хабарлап, жағдайды түсіндіру, қауіпсіздік үшін ата-анасымен бірге бару. Мұғалімге айту.

Іс №1.



(сурет ЖИ-мен генерацияланған)

Іс №2.



(сурет ЖИ-мен генерацияланған)

Іс №3.



(сурет ЖИ-мен генерацияланған)

2.3 Қорғау (15 минут):

Топтар өздерінің «Тергеу қорытындыларын» сынып алдында қорғайды. Басқа топтар қосымша кеңестер қоса алады.

ІІІ. Қорытынды. Кері байланыс және рефлексия (5 минут)

Дескриптор (бағалау критерийлері):

- Адамның жеке құқықтарын анықтайды;
- Жағдаяттардағы құқық бұзушылықты ажыратады;
- Өмірлік жағдаяттарды талдайды;
- Өз ойларына дәлелдер келтіреді;
- Жағдаяттар бойынша дұрыс шешімдерді ұсынады.

Күтілетін нәтиже:

Адамның жеке басына қол сұғылмаушылық және еркін жүріп-тұру құқықтарының мәнін түсініп, оларды өмірлік жағдайларда қолдана алады. Құқық бұзушылықты анықтап, өз қауіпсіздігін қорғау жолдарын түсінеді. Сонымен қатар білім алушылар дәлел келтіру арқылы шешім қабылдау дағдыларын дамытады.



Рефлексия: «Детективтің алтын ережесі»

Оқушылар бүгінгі сабақтан түйген ең басты қауіпсіздік ережесін 1 сөйлеммен айтады. (Мысалы: «Менің рұқсатымсыз менің заттарыма ешкімнің тиісуге құқығы жоқ!» немесе «Қауіп төнгенде үлкендерден көмек сұраудан ұялмау керек!»).

Жағдаяттық тапсырмалар:

1-жағдаят. «Күдікті сұрақ»

Бейтаныс адам білім алушыдан оның үйі қай жерде екенін сұрады.

Сұрақтар:

1. Бұл ақпаратпен бөлісу қауіпсіз бе?
2. Бұл жерде қандай құқық бұзылуы мүмкін?
3. Мұндай жағдайда не істеу қажет?

2-жағдаят. «Жеке кеңістік»

Сыныпта үзіліс кезінде Айдос өз партасында отырған кезде, жанындағы Қанат оның телефонын рұқсатсыз алып, галереясын қарап шықты. Кейін күліп, телефонды орнына қойды. Айдос орын алған бұл жағдайдан ыңғайсызданып қалды.

Сұрақтар:

1. Бұл жағдайда қандай құқық бұзылды?
2. Телефонды рұқсатсыз қарау дұрыс па? Неліктен?
3. Айдос не істеуі керек еді?
4. Мұндай жағдайдың қалай алдын алуға болады?

3-жағдаят. «Еркін шешім»

Мектепте білім алушыларға спорт секциясын таңдау тапсырмасы берілді. Нұрымжан жүзу үйірмесіне жазылғысы келді, бірақ кейбір сыныптастары оны «ол қиын, барма» деп үгіттеп, басқа үйірмеге жазылуға көндірмек болды.

Сұрақтар:

1. Бұл жерде қандай құқық жүзеге асады?
2. Сыныптастардың әрекеті дұрыс па?
3. Еркін таңдау құқығы нені білдіреді?

IV. МҰҒАЛІМГЕ АРНАЛҒАН ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР

Бұл сабақта білім алушыларды «детектив» рөліне енгізу олардың қызығушылығын арттырады және құқықтық ұғымдарды өз бетімен ашуға мүмкіндік береді. Мұғалім бағыттаушы рөл атқарып, дайын жауап бермей, білім алушыларды дәлел келтіруге жетелеуі қажет.

Әр істі талдау барысында «не болды – қандай құқық – қандай шешім» логикасын қолдану тиімді. Бұл білім алушылардың жүйелі ойлауын дамытады.

Сабақта жеке қауіпсіздік, жеке кеңістік және еркін қозғалыс құқықтарына ерекше назар аудару қажет.

Әдебиеттер:



2026 жылы 15 наурызда жалпыхалықтық референдумда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясы, [Мәтін]: 18, 24 баптар. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K2600000000>



№5 САБАҚ ТАҚЫРЫБЫ: МЕН ӨЗІМНІҢ ЖЕКЕ ҚҰҚЫҚТАРЫМДЫ ҚАЛАЙ ЖҮЗЕГЕ АСЫРА АЛАМЫН?

Оқу мақсаты	Қазақстан Республикасының негізгі мемлекеттік билік органдарының (Президент, Құрылтай/Парламент, Үкімет) қызметтерін ажыратады.
Сабақтың мақсаты	Білім алушылардың Қазақстан Республикасындағы негізгі мемлекеттік билік органдарының қызметін ажыратуына, олардың өзара байланысын түсінуіне және әр органның рөлін нақты өмірлік модель арқылы көрсетуіне жағдай жасау.
Сабақ форматы	Рөлдік-симуляциялық сабақ.
Ұзақтығы	45 минут
Негізгі ұғымдар	Президент (Мемлекет басшысы), Құрылтай (Парламент - заң шығарушы), Үкімет (атқарушы), билік тармақтары, заң жобасы, бюджет.
Материалдар	Әр топқа арналған нұсқаулық карточкалары, үлкен А3 парақтары, маркерлер, тақта.

Жоспар

I. Кіріспе бөлім. Мотивация. «Үлкен жобаны кім басқарады?» талқылауы.

II. Негізгі бөлім: Практикалық тапсырма («Елді бірге басқарамыз» рөлдік моделі). Топтық жұмыс және шешімдерді қорғау.

III. Қорытынды. Дескриптор, күтілетін нәтиже және рефлексия.

IV. Қосымшалар. Мұғалімге арналған әдістемелік ұсынымдар.

САБАҚТЫҢ БАРЫСЫ

I. Кіріспе бөлім (5 минут)

Мұғалім сабақты оқушыларға түсінікті өмірлік мысалдан бастайды.

Мотивациялық сұрақтар:

- Елестетіп көріңіздер, біздің сынып үлкен мерекелік концерт ұйымдастырғалы жатыр. Барлық жұмысты бір ғана адам (мысалы, сынып жетекшісі немесе староста) жалғыз өзі атқара ала ма? *(Жоқ, үлгере алмайды).*

- Жұмыс сапалы болуы үшін не істеу керек? *(Біреуі идеясын айтып бекітеді, екіншілері ережесін жазады, үшіншілері нақты барып сахнаны құрып, ән айтады).*

- Мемлекет те тура осындай үлкен жоба. Оны бір адам емес, бірнеше негізгі органдар бөлісіп басқарады. Олар кімдер?



Мұғалім сабақтың тақырыбын ашып, бүгін сыныптың «Шағын мемлекет» моделіне айналатынын хабарлайды.

II. Негізгі бөлім (35 минут)

2.1 Практикалық тапсырма: «Елді бірге басқарамыз» рөлдік моделі (35 минут)

Сынып «мемлекет моделі» ретінде 3 топқа бөлінеді. Мұғалім барлық топқа ортақ бір ғана мәселені (өмірлік жағдайды) ұсынады:

Ортақ мәселе (Жағдаят):

«Мектепте жаңа спорт алаңын салу, білім алушылардың қауіпсіздігін арттыру және асханадағы тамақ сапасын жақсарту мәселесі көтерілді».

1-қадам. Рөлдерге бөлу және дайындық (15 минут):

Әр топ өз рөлдеріне сай осы мәселені қалай шешетінін ақылдасып, А3 қағазына жоспар жазады.

• 1-топ: ПРЕЗИДЕНТ (Мемлекет басшысы)

○ *Міндеті:* Мемлекеттің бағытын анықтайды; ұсынысты қолдайды немесе кері қайтарады; негізгі шешімді қабылдайды; қоғам мүддесін қорғайды.

○ *Топтың әрекеті:* Олар «Мектепті жаңғырту туралы Жарлық (идея)» дайындайды. Онда басты мақсат (оқушылардың денсаулығы мен қауіпсіздігі) көрсетіледі және Құрылтай мен Үкіметке тапсырма беріледі.

• 2-топ: ҚҰРЫЛТАЙ (Заң шығарушы орган)

○ *Міндеті:* Заң жобасын талқылайды; ұсынысты қолдайды немесе өзгертеді; қоғам пікірін ескереді; заң қабылдау процесін көрсетеді.

○ *Топтың әрекеті:* Олар «Қауіпсіз мектеп туралы Заң» жазады. Мысалы: спорт алаңы қандай стандартқа сай болуы керек, асханада қандай тағамдарға тыйым салынады, камералар қай жерге қойылуы тиіс.

• 3-топ: ҮКІМЕТ (Атқарушы орган)

○ *Міндеті:* Жобаны жүзеге асыру жолын ұсынады; қаржы мен ресурсты жоспарлайды; нақты іс-шара жоспарын жасайды.

○ *Топтың әрекеті:* Олар Құрылтай шығарған заңды қалай орындайтынын жоспарлайды. Құрылысшыларды қайдан табады? Бюджеттен қанша ақша бөледі? Асханаға қандай аспаздарды жұмысқа алады?

2-қадам. Шешімдерді таныстыру және Модельдеу (15 минут):

Оқушылар мемлекеттік процестің реттілігін көрсетеді:

1. *Президент тобы* сөз сөйлеп, халыққа (сыныпқа) жаңа бастамасын жариялайды.

2. *Құрылтай тобы* сол бастама бойынша жазған заңдарын оқып, дауысқа салып қабылдайды.

3. *Үкімет тобы* шыққан заң негізінде жұмысты қалай іске асырып жатқаны туралы нақты іс-шаралар жоспарын баяндайды.

3-қадам. Қорытынды сұрақ-жауап (5 минут):

Мұғалім тақтаға сұрақтар жазып, оқушылармен бірге қорытындылайды:

• Кім не шешті? (*Президент – бағыт берді, Құрылтай – заңдастырды*).



- Кім не істеді? (*Үкімет – құрылысты жүргізді, ақша бөлді*).
- Олар қалай бір-бірімен байланысты? (*Бірінсіз бірі жұмыс істей алмайды*).

III. Қорытынды. Кері байланыс және рефлексия (5 минут)

Дескриптор (бағалау критерийлері):

- Президент, Құрылтай, Үкімет қызметін ажыратады;
- Әр органның рөлін дұрыс сипаттайды;
- Өз тобының шешімін негіздейді;
- Мемлекеттік басқару құрылымын түсіндіреді;
- Өмірлік жағдайды модельдей алады;
- Топта белсенді жұмыс істейді.

Күтілетін нәтиже:

Сабақ соңында білім алушылар Қазақстан Республикасының негізгі мемлекеттік билік органдарының қызметін ажыратады және олардың қоғамды басқарудағы рөлін түсінеді. Олар әр органның функциясын нақты өмірлік жағдай арқылы түсіндіріп, мемлекеттік басқару жүйесінің өзара байланысын сипаттай алады. Сонымен қатар білім алушылар азаматтық жауапкершілік пен мемлекеттік басқару арасындағы байланысты түсінеді.

Рефлексия: «Мемлекеттік механизм»

Оқушыларға сұрақ: *«Егер бүгінгі жобамызда Үкімет болмаса не болар еді?»* (Жауап: Идея мен заң қағаз жүзінде қалып қояды, ешкім спорт алаңын салмайды). *«Ал Құрылтай болмаса ше?»* (Жауап: Ережесіз, заңсыз, бейберекет құрылыс болар еді). Осылайша балалар механизмнің тұтастығын ұғынады.

Жағдаяттық тапсырмалар:

1-жағдаят. «Жаңа мектеп»

Ауылда білім алушылар саны көбейіп, ескі мектеп тарлық ете бастады. Ата-аналар жаңа мектеп салу туралы мәселе көтерді. Бұл мәселе алдымен жергілікті деңгейде талқыланып, кейін жоғары мемлекеттік органдарға ұсыныс ретінде жіберілді. Құрылтай бұл ұсынысты қарап, Үкіметке нақты жоспар әзірлеуді тапсырды. Ал Президент бұл мәселенің әлеуметтік маңызын атап өтіп, білім беру инфрақұрылымын дамыту қажеттігін қолдады.

Сұрақтар:

1. Бұл жағдайда Құрылтай қандай рөл атқарды?
2. Үкіметтің міндеті қандай болды?
3. Президенттің шешімге қатысы қандай?
4. Мемлекеттік органдардың өзара байланысы қалай көрінеді?

2-жағдаят. «Қоғамдық қауіпсіздік»

Қалада жол-көлік оқиғалары көбейіп кетті. Азаматтар жол қауіпсіздігін күшейту туралы талап қойды. Құрылтай жаңа заң жобасын дайындауды бастады. Үкімет жол ережелерін күшейту және камералар орнату жоспарын ұсынды. Президент бұл бастаманы қолдап, оны ұлттық қауіпсіздік мәселесі ретінде қарауды тапсырды.

Сұрақтар:



1. Құрылтай қандай жұмыс атқарды?
2. Үкімет қандай шешім ұсынды?
3. Президенттің рөлі қандай болды?
4. Бұл жағдай мемлекет басқару жүйесін қалай көрсетеді?

3-жағдаят. «Экология»

Өнеркәсіп зауыттарының көбеюіне байланысты қалада экологиялық жағдай нашарлады. Халық Құрылтайға өтініш жолдап, жаңа экологиялық заң қабылдауды сұрады. Құрылтай заң жобасын қарады. Үкімет зауыттарға бақылау күшейту және экологиялық бағдарламалар енгізу жоспарын жасады. Президент экологияны қорғау мемлекеттік саясаттың маңызды бағыты екенін атап өтті.

Сұрақтар:

1. Құрылтай бұл жағдайда не істеді?
2. Үкімет қандай шара ұсынды?
3. Президент қандай ұстаным білдірді?
4. Мемлекеттік билік органдары қалай бірлесе жұмыс істейді?

IV. МҰҒАЛІМГЕ АРНАЛҒАН ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР

Сабақты «мемлекет моделі» ретінде ұйымдастыру білім алушылардың мемлекеттік басқару жүйесін тәжірибе арқылы түсінуіне мүмкіндік береді. Мұғалім әр органның қызметін жеке түсіндіріп қана қоймай, олардың өзара байланысын көрсетуге назар аударуы қажет.

Білім алушыларға дайын жауап бермей, бағыттаушы сұрақтар арқылы шешім қабылдауға мүмкіндік беру маңызды. Топтық жұмыста әр білім алушының рөлін нақты бөліп, белсенді қатысуын қамтамасыз ету керек.

Сабақ барысында өмірмен байланысты мысалдарды көбірек қолдану ұсынылады. Қорытынды кезеңде «мемлекет қалай бір жүйе ретінде жұмыс істейді?» деген сұраққа назар аудару тиімді.

Әдебиеттер:

2026 жылы 15 наурызда жалпыхалықтық референдумда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясы, [Мәтін]: 42-46, 52-56, 63-39 баптар.
URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K2600000000>



№6 САБАҚ ТАҚЫРЫБЫ: МЕМЛЕКЕТ ҚАЛАЙ БАСҚАРЫЛАДЫ?

Оқу мақсаты	Қазақстан Республикасының негізгі мемлекеттік билік органдарының қызметтерін ажыратады (Сот).
Сабақтың мақсаты	Білім алушылардың өмірлік жағдаяттарды жеке талдау арқылы соттың негізгі қызметін түсінуіне, соттың қандай мәселелерді қарайтынын анықтауына және соттың әділ шешім қабылдаудағы рөлін түсіндіруіне ықпал ету.
Сабақ форматы	Кейс-анализ (Жағдаятты талдау).
Ұзақтығы	45 минут



Негізгі ұғымдар	Сот билігі, даулы мәселе, әділ шешім, куәгер, бұлтартпас дәлел, кінәсіздік.
Материалдар	Жағдаят мәтіні жазылған үлестірмелі карточкалар, «Жалған/Ақиқат» кестесі басылған парақтар, дәптер, қалам.

Жоспар

I. Кіріспе бөлім. Мотивация. «Дауды кім шешеді?» талқылауы.

II. Негізгі бөлім: Практикалық тапсырма («Әділ шешім қайда қабылданады?» кейсін талдаудың 3 кезеңі).

III. Қорытынды. Дескриптор, күтілетін нәтиже және рефлексия.

IV. Қосымшалар. Мұғалімге арналған әдістемелік ұсынымдар.

САБАҚТЫҢ БАРЫСЫ**I. Кіріспе бөлім (5 минут)**

Мұғалім сабақты оқушылардың өмірлік тәжірибесіне сүйене отырып бастайды.

Мотивациялық сұрақтар:

- Сіздерде достарыңызбен немесе сыныптастарыңызбен «мынау менікі», «жоқ, сен кінәлісің» деп дауласқан кездеріңіз болды ма? Ондай кезде сіздерді кім татуластырады немесе кім әділ шешім шығарады? (*Мұғалім, ата-ана*).

- Ал егер үлкен ересек адамдар, компаниялар немесе тіпті мемлекеттер арасында дау туындаса, олар мұғалімге бара алмайды ғой. Олар кімге барады? (*Сотқа*).

- Соттың басты мақсаты жазалау ма, әлде әділдік орнату ма?

Мұғалім бүгінгі сабақта оқушылардың қарапайым кітапханадағы дауды талдау арқылы тұтас мемлекеттік сот жүйесінің қалай жұмыс істейтінін түсінетінін айтады.

II. Негізгі бөлім (35 минут)**2.1 Практикалық тапсырма: «Әділ шешім қайда қабылданады?» кейсі (35 минут)****Жағдаят мәтіні (оқушыларға таратылады):**

Аружан мен Дамир мектеп кітапханасынан бір кітапты кезекпен пайдаланған. Кітапты қайтару күні келгенде оның бірнеше беті жыртылғаны анықталды. Кітапханашы кітапты соңғы болып алған Дамирді кінәлады. Дамир кітапты бүлдірмегенін айтып, оны өзінен бұрын пайдаланған Аружаннан кейін сондай күйде алғанын түсіндірді. Аружан болса кітаптың бүтін болғанын айтты. Оқиганы көрген куәгер жоқ, ал нақты дәлел де табылмады. Сондықтан кітапханашы ешкімді бірден кінәламай, кітапты алған уақыттар туралы жазбаларды қарап, мән-жайды анықтауға шешім қабылдады.



(сурет ЖИ-мен генерацияланған)

Оқушылар жеке немесе жұппен жұмыс істей отырып, **3 кезеңнен** тұратын тапсырманы орындайды:

1-кезең. Жағдаятты талдау (10 минут):

Төмендегі сұрақтарға дәптерлеріне жазбаша жауап береді (жақша ішіндегі жауаптар мұғалімге бағыт ретінде):

1. **Бұл жағдайда қандай мәселе туындады?** (Кітаптың жыртылуына кім кінәлі екенін анықтау дауы).
2. **Дамирді бірден кінәлау дұрыс па? Неліктен?** (Жоқ, кінәсіздік презумпциясы бойынша нақты дәлелсіз ешкімді кінәлауға болмайды).
3. **Дауды әділ шешу үшін қандай дәлелдер қажет болуы мүмкін?** (Кітапхана журналындағы жазбалар, бейнебақылау камералары болса соны көру, кітапты тапсырған кездегі тексеріс).
4. **Бұл жағдай соттың қызметіне қалай ұқсайды?** (Кітапханашы сот сияқты ешкімнің сөзіне соқыр сенбей, эмоцияға берілмей, тек дәлелдерге сүйеніп шешім шығаруға тырысып жатыр).

2-кезең. Жалған/ақиқат (10 минут):

Төмендегі әрекеттерді оқып, олардың соттың қызметіне жататынын немесе жатпайтынын «+» немесе «V» белгісімен белгілейді.

Әрекет	Соттың қызметі	Соттың қызметі емес
Даулы мәселені заң негізінде шешу	V	
Заң жобасын қабылдау		V (Бұл Құрылтайдың/Парламенттің ісі)
Азаматтардың құқықтарын қорғау	V	
Мемлекеттік бюджетті жоспарлау		V (Бұл Үкіметтің ісі)



Дәлелдерді зерттеп, шешім шығару	V	
Министрлерді тағайындау		V (Бұл Президенттің/Үкіметтің ісі)

3-кезең. Қорытынды жасау (15 минут):

Білім алушылар «Неліктен сот шешімі дәлелдерге негізделуі керек?» тақырыбында 5-6 сөйлемнен тұратын шағын эссе/пікір жазады және оны сынып алдында оқиды.

III. Қорытынды. Кері байланыс және рефлексия (5 минут)

Дескриптор (бағалау критерийлері):

- Жағдаяттағы құқықтық мәселені анықтайды;
- Соттың негізгі қызметін түсіндіреді;
- Дәлелдердің маңызын негіздейді;
- Соттың әділ шешім қабылдаудағы рөлін сипаттайды;
- Өз ойын жүйелі әрі дәлелді жеткізеді;
- Қорытынды жасайды.

Күтілетін нәтиже:

Білім алушылар соттың мемлекеттік билік жүйесіндегі қызметін түсіндіріп, оның дауларды заң негізінде қарайтынын, дәлелдерді зерттеп, әділ шешім қабылдайтынын сипаттайды. Өмірлік жағдаяттарды талдау арқылы соттың азаматтардың құқықтарын қорғаудағы рөлін анықтап, дәлел мен пікірдің айырмашылығын ажыратады. Сонымен қатар өз ойын нақты дәлелдермен негіздеп, құқықтық қорытынды жасай алады.

Рефлексия: «Әділет таразысы»

Оқушыларға сұрақ: «Сот шешім шығарарда көз жасына, байлыққа немесе адамның лауазымына қарай ала ма?» Оқушылар бір ауыздан «жоқ» деп жауап берген соң: «Бүгін мен соттың әділ болуы үшін ең бастысы ... (нақты фактілер мен дәлелдер) керек екенін түсіндім» деп сабақты қорытындылайды.

Жағдаяттық тапсырмалар:

1-жағдаят. «Бүлінген велосипед»

Екі көрші баланың бірі екіншісінің велосипедін сұрап мінеді. Біраз уақыттан кейін велосипедтің тежегіші істемей қалады. Велосипед иесі оны досым сындырды деп есептейді, ал досы тежегіш бұрыннан дұрыс жұмыс істемегенін айтады. Екі жақ өз сөзінде тұрып алып, ортақ келісімге келе алмайды.

Сұрақтар:

1. Бұл дауды кім әділ шеше алады?
2. Шешім қабылдау үшін қандай дәлелдер қажет болуы мүмкін?
3. Неліктен екі тараптың да пікірін тыңдау маңызды?

2-жағдаят. «Жалған айыптау»

Мектепте өткен көрмеден кейін бір білім алушының қолөнер бұйымы жоғалып кетті. Кейбір білім алушылар ешқандай дәлелсіз сыныптасын кінәлай бастады. Кейін бейнебақылау жазбасынан бұйымның басқа кабинетке қате қойылғаны анықталды.



Сұрақтар:

1. Бұл жағдайда қандай қателік жіберілді?
2. Сот осындай жағдайда қандай қағиданы басшылыққа алады?
3. Неліктен дәлелсіз айыптау әділдікке қайшы?

3-жағдаят. «Орындалмаған уәде»

Екі отбасы ауланы бірге көгалдандыруға келісті. Бір отбасы көшеттерді сатып алса, екінші отбасы оларды отырғызуға көмектесуге уәде берді. Алайда уәде орындалмай, екі отбасы арасында келіспеушілік туындады. Олар мәселені бейбіт жолмен шеше алмағандықтан, заң аясында шешудің жолдарын қарастыра бастады.

Сұрақтар:

1. Мұндай дауды сот шеше алады ма?
2. Сот қандай мәліметтерді немесе дәлелдерді қарастыруы мүмкін?
3. Дауды заң арқылы шешудің қандай артықшылықтары бар?

IV. МҰҒАЛІМГЕ АРНАЛҒАН ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР

Бұл сабақты жеке жұмыс форматында ұйымдастыру әр білім алушының құқықтық жағдаятты өз бетінше талдауына және жеке қорытынды жасауына мүмкіндік береді. Мұғалім білім алушыларға дайын жауап ұсынбай, олардың дәлелді ойлауын дамытуға бағытталған сұрақтар қоюы қажет. Жағдаяттарды талдау барысында соттың негізгі міндеті – дауларды заң негізінде қарау, дәлелдерді зерттеу, азаматтардың құқықтарын қорғау және әділ шешім қабылдау екеніне ерекше назар аударған жөн.

Тапсырмаларды орындау кезінде білім алушылардың сот қызметін дұрыс ажыратуы, дәлелдердің маңызын түсіндіруі, құқықтық жағдаяттарды талдауы және өз ойын жүйелі жеткізуі ескеріледі. Сабақ соңында «Егер қоғамда әділ сот болмаса, адамдардың құқықтары қалай қорғалар еді?» деген сұрақ бойынша қысқаша рефлексия ұйымдастыру ұсынылады.

Әдебиеттер:

2026 жылы 15 наурызда жалпыхалықтық референдумда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясы, [Мәтін]: 76-79 баптар. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K2600000000>



№7 САБАҚ ТАҚЫРЫБЫ: ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕ ДҰРЫС ӘРІ ЗАҢҒА САЙ ҚАЛАЙ ӘРЕКЕТ ЕТУ КЕРЕК?

Оқу мақсаты	Әлеуметтік желілердегі мінез-құлық ережелері мен жарияланымдардың салдарын анықтайды.
Сабақтың мақсаты	Білім алушылардың әлеуметтік желідегі нақты өмірлік жағдайларды талдауына, дұрыс және бұрыс онлайн әрекеттерді ажыратуына, жарияланымдардың салдарын бағалауына және ғаламтордағы қауіпсіз мінез-құлық ережелерін құрастыруына жағдай жасау.



Сабақ форматы	Медиасауаттылық элементтері бар тәжірибеге бағытталған сабақ.
Ұзақтығы	45 минут
Негізгі ұғымдар	Кибербуллинг (ғаламтордағы қудалау), цифрлық із, жеке деректер, авторлық құқық, рұқсатсыз жариялау, онлайн этика.
Материалдар	Жағдаят мәтіні жазылған үлестірмелі парақтар, кестелер, «Цифрлық қауіпсіздік жадынамасын» жасауға арналған А3/А4 парақтары, маркерлер.

Жоспар

I. Кіріспе бөлім. Мотивация. «Цифрлық із» туралы талқылау.

II. Негізгі бөлім: Практикалық тапсырма («Менің онлайн шешімім» кейсін талдау, кесте толтыру, жадынама жасау).

III. Қорытынды. Дескриптор, күтілетін нәтиже және рефлексия.

IV. Қосымшалар. Мұғалімге арналған әдістемелік ұсынымдар.

САБАҚТЫҢ БАРЫСЫ**I. Кіріспе бөлім (5 минут)**

Мұғалім сабақты оқушылардың күнделікті әдеттеріне байланысты сұрақтармен бастайды.

Мотивациялық сұрақтар:

- Күніне қанша уақыттарыңызды әлеуметтік желіде (TikTok, Instagram, WhatsApp) өткізесіздер?

- Интернетке салынған сурет немесе жазылған пікірді өшіріп тастасақ, ол толықтай жойыла ма? (*Жоқ, біреу оны скриншот жасап үлгеруі мүмкін, бұл – «цифрлық із» деп аталады*).

- Виртуалды әлемде (интернетте) жасаған әрекетіміз үшін шынайы өмірде заңмен жауап беруіміз мүмкін бе?

Мұғалім бүгінгі сабақта оқушылардың медиасауаттылық дағдыларын қолданып, желідегі қауіпсіздік пен жауапкершілікті талдайтынын айтады.

II. Негізгі бөлім (35 минут)**2.1 Практикалық тапсырма: «Менің онлайн шешімім» кейсі (35 минут)****Жағдаят мәтіні:**

Бекзат әлеуметтік желіде белсенді. Бір күні ол мектептегі іс-шарадан фото жариялады. Фотоға сыныптастары да түскен. Бекзат рұқсат сұрамай, суретті ашық парақшаға салды. Біраз уақыттан кейін бір білім алушы сол суретке жағымсыз пікір жазды. Басқа білім алушылар да қосылып, әзіл деп ойлап, мазақ сөздер жаза бастады. Кейбір пікірлер жеке адамды ренжітетін деңгейге жетті. Сынып ішінде келіспеушілік пайда болып, мұғалім бұл жағдайды бақылауға алды.



(сурет ЖИ-

мен генерацияланған

Білім алушылар топтарға бөлініп, тапсырманы 3 қадам бойынша орындайды:

1-қадам. Жағдаятты талдау (10 минут):

Топтар төмендегі сұрақтарға дәптерлеріне жазбаша жауап береді (*Ескерту: Сұрақтағы есім мәтінге сай «Бекзат» деп түзетілді*):

1. **Бекзат қандай қателік жіберді?** (*Өзге адамдардың суретін рұқсатсыз көпшілікке таратты*).

2. **Қандай ережелер бұзылды?** (*Адамның жеке бейнесіне құқығы, жеке өмірге қол сұғылмаушылық және желідегі этика ережелері*).

3. **Жағымсыз пікір жазған білім алушылардың әрекеті дұрыс па?** (*Жоқ, бұл әзіл емес, бұл – кибербуллинг, яғни ғаламтор арқылы қудалау және қорлау*).

4. **Бұл жағдайдың нақты салдары қандай болуы мүмкін?** (*Оқушылар стресс алуы мүмкін, ата-аналар арасында дау туындайды, кінәлілер заң алдында жауапқа тартылуы ықтимал*).

2-қадам. Салдарын анықтау (10 минут):

Әр топ үлестірмелі кестені толтырып, әрекеттердің ықтимал салдарын жазады.

Әрекет	Ықтимал салдары
Рұқсатсыз фото жариялау	Суреттегі адамның ашуын тудырады, суретті бөтен адамдар жаман мақсатта қолдануы мүмкін, заң бұзушылық саналады.
Мазак пікір жазу	Адамның психологиясына зақым келеді, кибербуллинг үшін полицияға шағым түсуі мүмкін.
Жеке мәліметті ашық тарату	Алаяқтардың құрбаны болу қаупі артады.
Жалған ақпарат тарату	Қоғамда дүрбелең туады, адамның ар-намысына нұқсан келеді, жалған ақпарат таратқаны үшін заңмен жазаланады.



3-қадам. «Менің цифрлық қауіпсіздік ережелерім» жадынамасы (15 минут):

Білім алушылар ватманға (немесе А4 парағына) 6-8 ережеден тұратын жадынама құрастырады және оны қорғайды.

Жадынамада міндетті түрде қамтылуы керек:

- Фото/ақпарат жариялау ережесі («Өзгелердің суретін салар алдында рұқсат сұра»);
- Сыпайы қарым-қатынас («Желіде де, өмірде де сыпайы бол»);
- Кибербуллингтен сақтану («Мазақ пікірге қосылма, блокқа сал»);
- Жеке деректерді қорғау («Пароль, мекенжайды ешкімге жазба»);
- Ғаламтордағы жауапкершілік («Әрбір лүпіл (лайк) мен пікір үшін жауаптысың»);
- Қауіп төнсе әрекет ету жолы («Қорқытса, бірден үлкендерге айт, скриншот жаса»).



(сурет ЖИ-

мен генерацияланған)

III. Қорытынды. Кері байланыс және рефлексия (5 минут)

Дескриптор (бағалау критерийлері):

- Әлеуметтік желідегі жағдайды талдайды;
- Онлайн әрекеттердің салдарын анықтайды;
- Дұрыс және бұрыс мінез-құлықты ажыратады;
- Ғаламтор қауіпсіздігі ережелерін құрастырады;
- Жауапкершілікті түсіндіреді;
- Жеке пікірін жүйелі жазады.

Күтілетін нәтиже:

Әлеуметтік желілердегі дұрыс және заңға сай әрекет ету ережелерін түсінеді және оларды нақты өмірлік жағдайларда қолдана алады. Олар жарияланымдардың ықтимал салдарын бағалап, кибербуллинг, жеке деректерді қорғау және онлайн этика қағидаларын ажыратады. Сонымен қатар білім алушылар интернеттегі қауіпсіз мінез-құлық бойынша жеке жадынама құрастырып, жауапты цифрлық азаматтық дағдыларын дамытады.



Рефлексия: «Смартфон экраны»

Оқушыларға қағаздан жасалған кішкентай «смартфон» стикерлері таратылады. Олар оған сабақтан түйген бір негізгі ойды хэштег (#) түрінде жазып, тақтаға іледі. (Мысалы: #ойланыпжаз, #рұқсатсұра, #киберэтика).

Жағдаяттық тапсырмалар:

1-жағдаят. «Жалған хабарлама» Аңсар чатта мектепте ертең сабақ болмайды деген хабарлама таратты. Кейбір білім алушылар соған сеніп, мектепке келмей қалды. Кейін бұл ақпараттың жалған екені анықталды.

Сұрақтар:

1. Бұл әрекет неге қауіпті?
2. Қандай ереже бұзылды?
3. Ақпаратты таратпас бұрын не істеу керек?

2-жағдаят. «Онлайн мазақ»

Чатта бір білім алушы басқа сыныптасы туралы әзіл ретінде жағымсыз сөздер жазды. Кейін оған басқа білім алушылар да қосылып, жағдай ушығып кетті. Сыныптасы өзін жайсыз сезініп, чаттан шығуға мәжбүр болды.

Сұрақтар:

1. Бұл жағдайда қандай интернеттегі мінез-құлық ережелері бұзылды?
2. Басқа білім алушылардың қосылып жазуы қандай салдарға әкелді?
3. Мұндай жағдайдың алдын алу үшін чатта қалай дұрыс әрекет ету керек?

3-жағдаят. «Құпия чат»

Сыныптағы бірнеше білім алушы мессенджерде жабық чат (топ) ашып, тек өздері туралы сөйлесіп отырады. Бір күні сол топта бір білім алушы басқа сыныптасы туралы әзіл ретінде жағымсыз сөз жазып қояды. Сол жазбаны кейін басқа біреу скриншот жасап, мектептегі білім алушылардың арасына таратып жібереді. Нәтижесінде сынып ішінде реніш пайда болып, білім алушы өзін жайсыз сезініп, мұғалімге шағымданды.

Сұрақтар:

1. Бұл жағдайда қандай ереже бұзылды?
2. Жабық чатта жазылған хабарламаның таралуы қандай салдарға әкелді?
3. Мұндай жағдайдың алдын алу үшін қандай жауапты әрекет жасау керек?

IV. МҰҒАЛІМГЕ АРНАЛҒАН ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР

Сабақта басты назар цифрлық жауапкершілікке аударылады. Мұғалім әлеуметтік желідегі әрбір әрекеттің нақты салдары болатынын түсіндіруі қажет. Білім алушыларға интернетті тек ойын немесе қарым-қатынас құралы емес, жауапкершілік талап ететін орта ретінде қабылдату маңызды.

Талқылау кезінде білім алушылардың жеке өміріне қатысты ақпаратты сұратпай, тек жалпы жағдайлар арқылы ойландыру ұсынылады. Мұғалім кибербуллингтің алдын алу, жеке деректерді қорғау және сыпайы онлайн коммуникация қағидаларын нақты мысалдармен түсіндіреді.

**Әдебиеттер:**

2026 жылы 15 наурызда жалпыхалықтық референдумда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясы, [Мәтін]: 21 бап. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K2600000000>



№8 САБАҚ ТАҚЫРЫБЫ: АДАМ ДЕНСАУЛЫҒЫ ҮШІН ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУДЫ ҚАЛАЙ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕ АЛАМЫЗ?

Оқу мақсаты	Экологиялық бағдарламалар, құқықтық нормалар және жеке жауапкершілік негізінде азаматтардың денсаулығын сақтау құқығының жүзеге асырылуын мысалдар арқылы түсіндіреді.
Сабақтың мақсаты	Білім алушылардың қоршаған орта мен денсаулық арасындағы байланысты түсінуіне, экологиялық бағдарламалар мен құқықтық нормалардың рөлін ажыратуына және ақпаратты құрылымдап, көрнекі түрде ұсыну дағдысын дамыту.
Сабақ форматы	Зерттеу сабағы.
Ұзақтығы	45 минут
Негізгі ұғымдар	Экология, қоршаған орта, денсаулық құқығы, экологиялық бағдарлама, құқықтық норма, жеке жауапкершілік, инфографика.
Материалдар	A3 парақтары, түрлі түсті маркерлер, стикерлер, экологиялық мәселелер туралы қысқаша мәліметтер (үлестірмелі материал).

Жоспар

I. Кіріспе бөлім. Мотивация. «Таза ауа – салауатты өмір» талқылауы.

II. Негізгі бөлім: Практикалық тапсырма («Экология және денсаулық» инфографикасын жасаудың 4 блогы).

III. Қорытынды. Дескриптор, күтілетін нәтиже және рефлексия.

IV. Қосымшалар. Мұғалімге арналған әдістемелік ұсынымдар.

САБАҚТЫҢ БАРЫСЫ**I. Кіріспе бөлім (5 минут)**

Мұғалім сабақты оқушыларға ой салу сұрақтарынан бастайды.

Мотивациялық сұрақтар:

- Таңертең далаға шыққанда ауа таза болса немесе көліктің түтіні қолқаны қабып тұрса, денсаулығымызға қалай әсер етеді?
- «Адам денсаулығы көбіне өзі өмір сүріп жатқан ортаға байланысты» деген пікірмен келісесіздер ме?
- Мемлекет пен заңдар табиғатты қорғау арқылы біздің денсаулығымызды қалай қорғайды?



Мұғалім бүгінгі сабақта оқушылар шағын зерттеу жасап, оны көрнекі түрде – **инфографика** түрінде дайындайтынын хабарлайды.

II. Негізгі бөлім (35 минут)

2.1 Практикалық тапсырма: «Экология және денсаулық» инфографикасы (35 минут)

Білім алушылар 4-5 адамнан тұратын топтарға бөлінеді. Әр топқа А3 форматындағы қағаз бен маркерлер беріледі. Олар өз жұмыстарын 4 блокқа бөліп, жүйелі түрде орналастыруы тиіс.

Инфографиканың 4 міндетті блогы:

- **1-блок: Мәселе (5 минут)**

- *Сұрақ:* Қоршаған ортадағы қандай проблема денсаулыққа әсер етеді?
- *Мысал (оқушылар таңдайды):* Қладағы түтін (ауаның ластануы), өзенге ағызылатын қоқыс (судың ластануы) немесе көшедегі шашылып жатқан пластик қалдықтар.

- **2-блок: Себеп (7 минут)**

- *Сұрақ:* Бұл мәселе неден пайда болады?
- *Мысал:* Зауыттар мен көліктерден шығатын зиянды газдар, адамдардың қоқысты беталды тастауы, табиғатқа ұқыпсыз қарауы.

- **3-блок: Шешім (мемлекет және қоғам) (10 минут)**

- *Сұрақ:* Қандай экологиялық бағдарлама көмектеседі? Қандай заң немесе ереже керек?
- *Мысал:* Мемлекеттің «Жасыл Қазақстан» бағдарламасы, көліктердің орнына электр көліктерін дамыту, экологиялық заңдарды қатаңдатып, табиғатты ластағандарға үлкен айыппұл салу.

- **4-блок: Жеке әрекет (8 минут)**

- *Сұрақ:* Мен не істей аламын? Мектепте қандай әрекет жасауға болады?
- *Мысал:* Қоқысты сұрыптап тастау, пластик пакеттердің орнына эко-сөмке қолдану, мектеп маңына ағаш отырғызу, сенбіліктерге қатысу.

Қорытынды сөйлем (5 минут):

Инфографиканың ең астына әр топ мына сөйлемді өз ойларымен толықтырып жазады:

- **«Денсаулықты қорғау үшін табиғатты қорғау керек, себебі... (таза табиғат – ұзақ әрі салауатты өмірдің кепілі).»**



(сурет ЖИ-мен генерацияланған)

2.2 Қорғау (10 минут):

Топтар өздерінің визуалды инфографикаларын тақтаға іліп, 2 минутта қысқаша таныстырып шығады.

III. Қорытынды. Кері байланыс және рефлексия (5 минут)

Дескриптор (бағалау критерийлері):

- Экологиялық мәселені дұрыс анықтайды;
- Себеп–салдар байланысын түсіндіреді;
- Экологиялық бағдарламалар мен құқықтық нормаларды атайды;
- Жеке жауапкершілік әрекеттерін көрсетеді;
- Ақпаратты құрылымдап, инфографика түрінде ұсынады;
- Дәлелді қорытынды ой жазады.

Күтілетін нәтиже:

Сабақ соңында білім алушылар қоршаған ортаның адам денсаулығына әсерін түсінеді және экологиялық мәселелердің себептері мен салдарын ажырата алады. Олар экологиялық бағдарламалар мен құқықтық нормалардың қоғамдағы рөлін сипаттап, жеке деңгейде нақты әрекеттер ұсынады. Сонымен қатар білім алушылар ақпаратты құрылымдап, инфографика түрінде ұсыну дағдыларын дамытады.

Рефлексия: «Экологиялық таңдау»

Оқушылар стикерге табиғатты қорғау үшін өздерінің бүгіннен бастап жасайтын 1 нақты ісін жазып, тақтадағы «Жасыл ағаш» суретіне жапсырады.

Жағдаяттық тапсырмалар:

1-жағдаят. «Ауаның ластануы»

Қалада көлік көбейіп, ауа сапасы төмендеді. Дәрігерлер тыныс алу ауруларының артқанын айтады. Қала билігі қоғамдық көлікті дамыту және ағаш отырғызу жобасын іске қосты.

Сұрақтар:



1. Ауа ластануы денсаулыққа қалай әсер етеді?
2. Қандай шешімдер ұсынылған?
3. Сен қандай ұсыныс берер едің?

2-жағдаят. «Қоқыс мәселесі»

Мектеп маңында қоқыс көбейіп кетті. Кейбір білім алушылар қоқысты арнайы жәшікке тастамайды. Бұл санитарлық жағдайды нашарлатты.

Сұрақтар:

1. Бұл мәселенің себебі неде?
2. Қандай ережелер керек?
3. Бұл мәселені қалай шешуге болады?

3-жағдаят. «Су тапшылығы»

Аймақта соңғы уақытта су қоры азайып барады. Жаз мезгілінде тұрғындар бақшаны суару, көлікті жуу және тұрмыстық қажеттілік үшін суды көп мөлшерде пайдаланады. Кейбір адамдар кранды ашық қалдырып кетеді. Әкімдік су үнемдеу туралы ақпараттық науқан жүргізіп, су ресурстарын қорғау ережелерін күшейтуді жоспарлап отыр. Дегенмен тұрғындардың бір бөлігі бұл талаптарды елемей отыр.

Сұрақтар:

1. Су тапшылығының пайда болу себептері қандай?
2. Су ресурстарын қорғау үшін қандай ережелер маңызды?
3. Су үнемдеу мәдениетін қалыптастыру үшін қандай әрекеттер ұсынар едің?

IV. МҰҒАЛІМГЕ АРНАЛҒАН ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР

Бұл сабақта басты назар – ақпаратты жүйелеу және визуалды ұсыну. Мұғалім білім алушыларға дайын мәтін бермей, құрылымды өзі табуына мүмкіндік беруі керек.

Инфографика жасау кезінде білім алушылардың ойлауын бағыттау үшін «не себеп?», «қандай салдар?», «қандай шешім?» деген сұрақтар тиімді.

Сабақ соңында жұмыстарды тақтаға іліп, «галерея шолу» әдісі арқылы өзара бағалау ұйымдастыруға болады.

Әдебиеттер: 2026 жылы 15 наурызда жалпыхалықтық референдумда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясы, [Мәтін]: 37 бап. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K2600000000>



№9 САБАҚ ТАҚЫРЫБЫ: АДАМ ДЕНСАУЛЫҒЫ ҮШІН ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУДЫ ҚАЛАЙ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕ АЛАМЫЗ?

Оқу мақсаты	Құқықтық және функционалдық сауаттылық дағдыларын қолданады.
Сабақтың мақсаты	Білім алушылардың құқықтық сауаттылығын өмірлік жағдайлар арқылы қолдануына, заң мен



	тәртіптің маңызын түсінуіне және өз пікірін дәлелмен қорғау дағдыларын дамытуға жағдай жасау.
Сабақ форматы	Пікірталас сабағы.
Ұзақтығы	45 минут
Негізгі ұғымдар	Құқықтық сауаттылық, заң, тәртіп, дәлел, ұстаным, қауіпсіздік, жауапкершілік.
Материалдар	Позициялар жазылған тақта немесе карточкалар («Иә, мен құқық білгірімін» / «Жоқ, мен әлі толық білмеймін»), бағалау парақтары.

Жоспар

I. Кіріспе бөлім. Мотивация. Пікірталас ережелерімен таныстыру.

II. Негізгі бөлім: Практикалық тапсырма («Өзіңізді құқық білгірі деп санайсыз ба?») пікірталасының 5 қадамы).

III. Қорытынды. Дескриптор, күтілетін нәтиже және рефлексия.

IV. Қосымшалар. Мұғалімге арналған әдістемелік ұсынымдар.

САБАҚТЫҢ БАРЫСЫ**I. Кіріспе бөлім (5 минут)**

Мұғалім оқушылармен амандасып, бүгінгі сабақ өткен тарауды қорытындылайтын пікірталас түрінде өтетінін хабарлайды.

Пікірталас ережелері еске түсіріледі:

- Құрметпен сөйлеу (басқаның пікірін бөлмеу);
- Келемежге жол жоқ (әркімнің өз пікіріне құқығы бар);
- Дәлелмен сөйлеу (бос сөзге емес, фактіге сүйену).

II. Негізгі бөлім (35 минут)

2.1 Практикалық тапсырма: «Өзіңізді құқық білгірі деп санайсыз ба?» пікірталасы (35 минут)

- **1-қадам: Позиция таңдау (3 минут)**

Мұғалім сыныпқа екі пікірді ұсынады:

1. **«Иә, мен құқық білгірімін»** (Өйткені мектеп ережелерін, өз құқықтарым мен міндеттерімді білемін, өмірде қолданамын).

2. **«Жоқ, мен әлі толық білмеймін»** (Өйткені заңдар өте көп, әлі де оқып, үйренуім керек).

Оқушылар өздеріне жақын позицияны таңдап, топтарға бөлінеді.

- **2-қадам: Дәлел дайындау (7 минут)**

Әр оқушы өз пікірін 2–3 дәлелмен негіздейді.

Көмегісіз сұрақтар мен дәлел түрлері:

- Өмірден мысал;
- Мектептегі жағдай;
- Білетін ереже немесе тәртіп (мысалы, жол ережесі, мектеп жарғысы);
- «Мен қай жерде заңды қолдандым немесе көрдім?».

- **3-қадам: Пікір айту / Дәлел ұсыну (10 минут)**

Әр білім алушы кезекпен сөйлейді.



Міндетті құрылым:

- **Менің пікірім:** _____
- **Менің дәлелім:** _____
- **Мысал:** _____

○ *Үлгі:* «Мен өзімді «иә, құқық білгірімін» деп ойлаймын, себебі мен жол ережесін білемін. Мысалы, бағдаршамның қызыл түсінде өтпеу керек екенін түсінемін». (Немесе «жоқ, әлі толық білмеймін, себебі ересектерге арналған үлкен кодекстерді әлі оқыған жоқпын, бірақ үйреніп жатырмын»).

• **4-қадам: Қарсы сұрақ / Диалог кезеңі (10 минут)**

Оқушылар бір-жеке немесе топтар арасында бір-біріне 1 қысқа сұрақ қояды.

Сұрақ түрлері:

- «Неге олай ойлайсың?»
- «Бұл ережені қайдан білесің?»
- «Егер бұл ереже бұзылса не болады?»

• **5-қадам: Қорытынды ой (рефлексия) (5 минут)**

Оқушылар «Заң мен Тәртіп не үшін қажет?» сұрағына жазбаша немесе ауызша қысқаша қорытынды жасайды.

Үлгі: «Заң мен Тәртіп адамдардың қауіпсіздігі үшін қажет. Егер ережелер болмаса, қоғамда тәртіп бұзылады. Сондықтан бәрі заңды сақтауы керек».



(сурет ЖИ-мен генерацияланған)

III. Қорытынды. Кері байланыс (5 минут)

Дескриптор (бағалау критерийлері):

- Өз ұстанымын анық білдіреді;
- Құқықтық ұғымдарды дұрыс қолданады;
- Өмірлік мысал келтіреді;
- Дәлелмен сөйлейді;
- Қарсы сұраққа мәдениетті жауап береді;



- Заң мен тәртіптің маңызын түсіндіреді.

Күтілетін нәтиже: Сабақ соңында білім алушылар құқықтық және функционалдық сауаттылық дағдыларын қолдана отырып, заң мен тәртіптің қоғамдағы маңызын түсінеді. Олар өз құқықтары мен міндеттерін нақты өмірлік жағдайлармен байланыстырып, пікірін дәлелмен қорғауға үйренеді. Сонымен қатар білім алушылар заңның тек ереже емес, қоғамдағы қауіпсіздік пен әділдікті қамтамасыз ететін жүйе екенін бағалай алады.

IV. МҰҒАЛІМГЕ АРНАЛҒАН ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР

Бұл сабақтың негізгі мақсаты – білім алушылардың құқықтық және функционалдық сауаттылығын өмірлік жағдайлар арқылы дамыту, сондай-ақ олардың өз пікірін еркін, бірақ дәлелді түрде білдіре алуына жағдай жасау. Сондықтан мұғалім сабақ барысында бақылаушы және бағыттаушы рөлін сақтап, дайын жауап беруден гөрі білім алушыны ойландыруға жетелейтін сұрақтар қоюы қажет.

Сабақты ұйымдастыру кезінде әр білім алушының белсенді қатысуына мүмкіндік берілуі маңызды. Пікір айту кезеңінде білім алушылардың барлығының өз көзқарасын білдіруі қамтамасыз етіледі, бірақ жауаптар қысқа әрі нақты болуына назар аударылады. Бұл олардың ойды жүйелеу және негізгі ақпаратты бөліп айту дағдыларын дамытады.

Пікірталас барысында мұғалім білім алушылардың жауаптарын бірден бағаламай, керісінше олардың ойларын нақтылау үшін қосымша сұрақтар қояды: «Неліктен олай ойлайсың?», «Бұл пікіріңді қандай мысалмен дәлелдей аласың?», «Егер керісінше жағдай болса, не өзгерер еді?». Мұндай тәсіл білім алушылардың сыни ойлау қабілетін арттырады.

Қарсы сұрақ қою кезеңінде білім алушыларға бір-бірін құрметтеу, сөзін бөлмеу және сыпайы қарым-қатынас сақтау ережелері ескертіледі. Мұғалім пікірталастың дұрыс мәдениетін қалыптастыруға ерекше көңіл бөледі, өйткені бұл бөлім тек білімді емес, сонымен қатар азаматтық мінез-құлықты да дамытады.

Сабақтың қорытынды бөлімінде рефлексия ұйымдастыру ұсынылады. Білім алушылар «Заң мен Тәртіп не үшін қажет?» деген сұраққа қысқаша жауап беру арқылы өз ойларын жинақтайды және сабақта алған білімін өмірмен байланыстырады. Бұл кезең білім алушылардың түсінігін бекітіп, құқықтық мәдениеттің маңызын тереңірек ұғынуға көмектеседі.

Әдебиеттер:

2026 жылы 15 наурызда жалпыхалықтық референдумда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясы, [Мәтін]: 3, 5 баптар. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K2600000000>



«КОНСТИТУЦИЯ НЕГІЗДЕРІ» КУРСЫ БОЙЫНША 7-СЫНЫПҚА АРНАЛҒАН САБАҚ ҮЛГІЛЕРІ



№1 САБАҚ ТАҚЫРЫБЫ: КОНСТИТУЦИЯ БИЛІКТІҢ ШЕКТЕН ШЫҒУЫНАН ҚАЛАЙ ҚОРҒАЙДЫ?

Оқу мақсаты	Қазақстан халқы – мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы екенін түсіндіреді.
Сабақтың мақсаты	Білім алушылар билік тармақтарының өзара бақылауы мен тепе-теңдігі шенеуніктердің лауазымдық өкілеттіктерін асыра пайдалануына жол бермейтінін түсіндіре отырып, мемлекеттік биліктің бастауы халық екенін дәлелдейді.
Сабақ форматы	Практикум.
Ұзақтығы	45 минут
Негізгі ұғымдар	Халық – биліктің бастауы, биліктің тармақталуы, тежемелік әрі теңгермелік жүйесі, заң шығарушы, атқарушы, сот билігі, лауазымдық өкілеттікті асыра пайдалану.
Материалдар	«Блогер парақшасының» үлгісі (А3 немесе А4 форматындағы плакаттар), түрлі түсті маркерлер, стикерлер («лайк» және «комментарий» үшін), флипчарт.

Жоспар

I. Кіріспе бөлім. Мотивациялық сұрақтар және сабақ тақырыбын ашу.

II. Негізгі бөлім: Ақпараттық шағын блок, практикалық тапсырма (Блогқа пост жазу), посттарды қорғау («Желідегі жарияланым»).

III. Қорытынды. Дескриптор, күтілетін нәтижелер және рефлексия.

IV. Қосымшалар. Мұғалімге арналған әдістемелік ұсынымдар.

САБАҚТЫҢ БАРЫСЫ

I. Кіріспе бөлім (5 минут)

Мұғалім сабақты проблемалық жағдаяттан бастайды:

Мотивациялық сұрақтар:

- Елестетіп көріңіздер, мектепте бір ғана адам ереже ойлап табады, сол адам ереженің орындалуын қадағалайды және ережені бұзғандарды сол адам ғана жазалайды. Осындай жағдайда әділдік бола ма?

- Егер мемлекетте барлық билік (заң шығару, орындау, соттау) бір адамның немесе бір топтың қолында болса ше? Бұл неге алып келуі мүмкін? (Жауаптар: диктатура, озбырлық, әділетсіздік).

Мұғалім сабақтың тақырыбын жариялап, Конституцияның мұндай «озбырлыққа» қалай жол бермейтінін бүгін тәжірибе жүзінде дәлелдейтіндерін айтады.

II. Негізгі бөлім (35 минут)

2.1 Ақпараттық шағын блок (5 минут)



Мұғалім Конституцияның 3-бабына сүйеніп, екі маңызды ұғымды түсіндіреді:

1. **Халық – биліктің қайнар көзі:** Мемлекеттік органдар билікті өздігінен алмайды, оларға билікті халық сайлау арқылы береді (уақытша тапсырады).

2. **Үш тармақ (Тежемелік және теңгермелік жүйесі):** Биліктің бір қолда шоғырланбауы үшін ол үшке бөлінеді:

- *Заң шығарушы (Құрылтай)* – заң жазады;
- *Атқарушы (Үкімет, әкімдіктер)* – сол заңның орындалуын қамтамасыз етеді;
- *Сот билігі* – заңның бұзылмауын және дауларды әділ шешуді қадағалайды.

(Көрнекі мысал: Үш аяқты орындық. Бір аяғы қисайса немесе тым ұзарып кетсе, орындық құлайды. Билік те дәл солай тең болуы керек).

2.2 Практикалық тапсырма: Блогқа арналған пост әзірлеу (15 минут)

Орындау алгоритмі:

1. Білім алушылар 4-5 адамнан тұратын шағын «контентмейкерлер» топтарына бөлінеді.

2. **Рөл:** Күрделі дүниелерді қарапайым тілмен түсіндіретін танымал блогер.

3. **Тақырып:** «Билік тармақтарының өзара іс-қимылы шенеуніктердің лауазымдық өкілеттіктерін асыра пайдалануын болдырмауға қалай көмектеседі?».

4. **Міндет:** Оқырмандарға Конституцияның елді озбырлықтан (шенеуніктердің ойына келгенін істейтін жағдайынан) қалай қорғайтынын және мемлекеттік биліктің неліктен «тежемелік әрі теңгермелік жүйесі» арқылы үш тармаққа бөлінгенін көрсету.

Топтарға арналған бағыттаушы (қосымша) сұрақтар:

- Неліктен мемлекеттік билік халықтың еркіне негізделуі тиіс?
- Биліктің заң шығарушы, атқарушы және сот тармақтары бір-бірін қалай бақылайды?
- Билік тармақтарының өзара тепе-теңдігі шенеуніктердің өкілеттіктерін асыра пайдалануына қалай жол бермейді?

Пост құрылымының үлгісі (мұғалім тақтаға жазып қояды):

• **Хук (көз тартатын тақырып/бастама):** Мысалы: «Шенеуніктер неге өз білгенін істей алмайды? Түсіндіремін!»

• **Негізгі бөлім:** 3 тармақ қалай жұмыс істейді және бір-бірін қалай тежейді? Халықтың бұған қатысы қандай?

• **Қорытынды + Оқырманға сұрақ:** Өз ойын түйіндеп, аудиториядан пікір сұрау.

2.3 Жарияланым және қорғау (15 минут)



Әр топ өз «блог постын» сынып алдында оқып, қорғайды. Қалған оқушылар басқа топтардың жұмысына стикерлер арқылы «Лайк» (ұнады) немесе «Пікір/Сұрақ» (түсінбеген тұсын сұрау) қалдырады.

III. Қорытынды. Кері байланыс және рефлексия (5 минут)

Дескриптор (бағалау критерийлері):

- Шенеуніктердің лауазымдық өкілеттіктерін асыра пайдалануына қатысты өз көзқарасын анықтайды;
- Посттың тақырыбы бойынша нақты деректер мен материалдар жинақтайды;
- Күрделі ұғымдарды (тежемелік және теңгермелік) қарапайым тілмен түсіндіріп, басқалармен бөлісетін қысқаша жазба (пост) дайындайды.

Күтілетін нәтижелер:

- Білім алушылар биліктің халық атынан және халық үшін ғана жұмыс істейтінін түсінеді;
- Конституцияның мемлекеттік органдарға шексіз билік бермейтінін, оларды бақылап отыратын негізгі Заң екенін ұғынады;
- Демократиялық құндылықтарға, сайлау құқығына деген құрметі оянады;
- Сыни ойлау, өз құқығын қорғау және мемлекеттік құрылымды талдау дағдылары дамиды;
- Биліктің бөліну қағидатының азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғаудағы маңызын түсіндіреді;
- Биліктің бір қолға шоғырлануына жол бермеудегі билік тармақтарының өзара тепе-теңдік жүйесінің рөлін бағалайды;
- Конституцияның мемлекеттік басқарудағы маңызын түсіндіре отырып, қорытынды жасайды.

Рефлексия: «Бүгінгі сабақтың хэштегі». Әр топ сабақтың түйінді ойын білдіретін бір хэштег ойлап тауып, тақтаға жазады. (Мысалы: #ХалықБилігі, #ҮшТармақ, #КонституцияҚорғайды, #ЗаңБәрінеОртақ).

Жағдаяттық тапсырмалар:

1-жағдаят.

Мектеп білім алушылары жергілікті әкімдіктің бір шешімімен келіспейді. Олар бұл шешім азаматтардың пікірін ескермей қабылданған деп санайды. Бірақ кейбіреулер «әкім не айтса, соны орындау керек» дейді.

Сұрақтар:

1. Бұл жағдайда қандай мәселе туындап тұр?
2. Билік шешім қабылдағанда нені ескеруі тиіс?
3. Конституция бұл жағдайда азаматтардың құқығын қалай қорғайды?

2-жағдаят.

Бір мемлекеттік қызметкер өз өкілеттігін пайдаланып, таныстарына заңсыз артықшылықтар берді деген ақпарат тарады. Бұл жағдайды тексеретін ешбір орган жоқ сияқты көрінеді.

Сұрақтар:



1. Мұндай әрекет қандай қауіп тудырады?
2. Билік тармақтарының қайсысы бұл жағдайды тексере алады?
3. Неліктен билік тармақтарының өзара бақылауы маңызды?

3-жағдаят.

Құрылтай жаңа заң қабылдады, бірақ сот бұл заң Конституцияға қайшы болуы мүмкін деп шешім қабылдады. Атқарушы билік осы заңды орындауды уақытша тоқтатты.

Сұрақтар:

1. Бұл жағдайда биліктің қандай тармақтары көрініс тапты?
2. Неліктен бір тармақ екіншісінің шешімін тексере алады?
3. Бұл жүйе биліктің шектен шығуын қалай тежейді?

Мұғалімге арналған әдістемелік ұсынымдар:

Осы тақырыпты оқу білім алушылардың құқықтық функционалдық сауаттылығын одан әрі қалыптастыруға ықпал етеді. 12-13 жас шамасындағы білім алушылар қарапайым ережелерден абстракцияланып, күштер тепе-теңдігі, билікті шектеу және адам құқықтарын қорғау сияқты жүйелік қағидаттарды түсінуге қабілетті болады.

Тақырыпты оқыту барысында мұғалімдер құқық қолдану тәжірибесінің материалдарына ерекше назар аударуы қажет.

Білім алушылар үшін негізгі қиындық- «халық - биліктің бірден-бір қайнар көзі» деген тұжырымның нақты өмірде қалай жүзеге асатынын түсіну. Балаларға мұны былай түсіндіруге болады: мемлекет- көпқабатты тұрғын үй сияқты. Тұрғындар (халық) - үйдің иелері. Олар басқарушы компанияны (Үкіметті) жалдайды және үй кеңесін (Құрылтайды) сайлайды. Басқарушы компания үйді өз меншігіне айналдыруға немесе тұрғындарға өз пәтерлерінде қалай өмір сүру керектігін бұйыруға құқылы емес. Егер басқарушы компанияның директоры (шенеунік) өз өкілеттігін асыра пайдаланса, тұрғындар оны қызметінен босата алады немесе сотқа жүгіне алады. Сабақтың соңында мұғалім қорытынды жасап, сұрақтар қояды:

1) Қазақстандық шенеуніктердің қызметтік өкілеттіктерін теріс пайдалануын сипаттайтын материалдарды іріктеп, талқылаңыздар. Осындай фактілерге өз көзқарастарыңызды білдіріңіздер.

2) Демократиялық елдерде неге халық биліктің бірден-бір қайнар көзі болып саналатыны туралы ойланыңыздар.

3) Мемлекетті алып кеме деп елестетіңіздер. Егер рөлі, карта, компас және қозғалтқыш бөлігінің кілттері бір адамның қолында болса, не болуы мүмкін?

Әдебиеттер:

2026 жылы 15 наурызда жалпыхалықтық референдумда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясы, [Мәтін]: 56, 60, 65, 66, 73, 76-83 баптар. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K2600000000>



№2 САБАҚ ТАҚЫРЫБЫ: БІЛІК ТАРМАҚТАРЫН БӨЛУ ҚАҒИДАТЫ ҚАЛАЙ ЖҰМЫС ІСТЕЙДІ?

Оқу мақсаты	Білім органдарының өзара тежемелік және тепе-теңдік жүйесін графикалық түрде сипаттайды (сызба, постер, кластер арқылы).
Сабақтың мақсаты	Білім алушыларға Президент, Құрылтай, Үкімет және Сот органдарының арасындағы Конституциялық байланыстарды графикалық модельдеу арқылы билік тармақтарының бір-бірін қалай тежеп, теңгеріп тұратынын дәлелдету.
Оқу форматы	Практикалық-модельдеу сабағы.
Ұзақтығы	45 минут
Негізгі ұғымдар	Тежемелік және тепе-теңдік (сдержки и противовесы), Президент, Құрылтай (заң шығарушы), Үкімет (атқарушы), Сот билігі, вето, сенімсіздік вотумы, конституциялық бақылау.
Материалдар	4 үлкен блоктан (Президент, Құрылтай, Үкімет, Сот) тұратын «Бос графикалық сызба» (А3 шаблондары), 2026 ж. Конституциясы бойынша органдардың өкілеттіктері жазылған үлестірмелі мәтіндер, түрлі түсті маркерлер мен сызғыштар.

Жоспар

I. Кіріспе бөлім. Мотивация. «Тепе-теңдік» ұғымын физикалық мысалмен түсіндіру.

II. Негізгі бөлім: Ақпаратпен танысу, Практикалық тапсырма («Тежемелік пен тепе-теңдік картасын» жасау), Постерлерді қорғау.

III. Қорытынды. Дескриптор, күтілетін нәтижелер және рефлексия.

IV. Қосымшалар. Мұғалімге арналған әдістемелік ұсынымдар.

САБАҚТЫҢ БАРЫСЫ

I. Кіріспе бөлім (5 минут)

Мұғалім сабақты назар аударту жаттығуынан бастайды. **Мотивациялық сұрақ:** Мұғалім қолына таразыны (немесе екі жағына жүк қойылған сызғышты) алып, оқушыларға көрсетеді:

- Егер таразының бір басына тым көп жүк салсақ, не болады? (Ол қисайып, құлайды немесе тепе-теңдік бұзылады).

- Мемлекеттегі билік те осындай. Егер бір орган (мысалы, тек Үкімет) барлық шешімді өзі қабылдап, өзі орындап, өзі жазалайтын болса, қоғамда тепе-теңдік бола ма?

- Олар бір-бірін қалай ұстап тұрады? Бүгін біз осы «көрінбейтін байланыстарды» қағаз бетіне түсіретін боламыз.

II. Негізгі бөлім (35 минут)



2.1 Практикалық тапсырма: «Биліктің алтын үшбұрышы: Тежемелік пен тепе-теңдік картасы» (25 минут) Бұл кезеңде оқушылар мәтіндік (құқықтық) ақпаратты графикалық сызбаға айналдырады. Білім алушылар 4-5 адамнан тұратын топтарға бөлінеді.

- **1-қадам (Құралдармен қамтамасыз ету):** Мұғалім әр топқа іші бос және араларында байланыс сызықтары жоқ «Бос графикалық сызба» (шаблон) және органдардың өкілеттіктері жазылған қысқаша мәтіндерді таратады.

- **2-қадам (Өкілеттіктерді толтыру):** Білім алушылар мәтінді оқи отырып, әр билік тармағының ішіне олардың негізгі қызметін қысқаша жазады.

- *Мысалы:* **Құрылтай** – заң қабылдайды; **Үкімет** – заңды орындайды, экономиканы басқарады; **Сот** – заң бұзылуын тексереді, дауларды шешеді; **Президент** – мемлекет басшысы, органдардың келісіп жұмыс істеуін қамтамасыз етеді.

- **3-қадам (Тежемелік көрсеткілерді сызу):** Білім алушылар билік органдарының арасындағы «Тежеу тетіктерін» түрлі түсті көрсеткілермен сызып, үстіне түсініктеме жазады.

- *Мысалы:*

- **Құрылтайдан → Үкіметке** қарай бағытталған көрсеткі: «*Үкімет есебін бекіту / Сенімсіздік вотумы*».

- **Президенттен → Құрылтайға (Парламентке)** қарай көрсеткі: «*Заңға veto қою / Құрылтайды тарату*».

- **Соттан → басқа тармақтарға** қарай көрсеткі: «*Заңдарды конституциялық емес деп тану (күшін жою)*».

2.2 Презентация (10 минут)

- **4-қадам (Қорғау):** Дайын болған графикалық кластерді (постерді) топтар тақтаға іліп, билік тармақтарының өзара қалай жұмыс істейтінін қорғайды.

- *Бағыттаушы сұрақ:* «Сендердің сызбаларыңа қарасақ, ешбір орган өзімен-өзі шектеусіз шешім қабылдай алмайды. Бұл халыққа қандай пайда әкеледі?»

III. Қорытынды. Кері байланыс және рефлексия (5 минут)

Дескриптор (бағалау критерийлері):

- Бос сызбадағы мемлекеттік органдардың (Құрылтай, Үкімет, Сот, Президент) атаулары мен негізгі өкілеттіктерін заңға сай дұрыс толтырады;

- Билік тармақтары арасындағы өзара тежеуіш байланыстарды (вето, тарату, есеп беру, сот бақылауы) бағытталған көрсеткілермен графикалық түрде дәл бейнелейді;

- Сызбадағы әрбір көрсеткінің (тежеу тетігінің) мағынасын құқықтық тілмен дұрыс сипаттайды;

- Графикалық жұмыстың құрылымын жүйелі, ұқыпты және логикалық тұрғыдан түсінікті етіп безендіреді.

Күтілетін нәтижелер:



- Білім алушылар билік тармақтарының бөлінуін тек құрғақ термин емес, өзара байланысты **тірі механизм** ретінде графикалық түрде көріп, түсінеді;
- Әрбір билік органының басқа органға тәуелсіз, бірақ сонымен бірге оның бақылауында болатынын (тепе-теңдікті) ұғынады;
- Мәтіндік заңдық ақпаратты графикалық сызбаларға, кластерлерге айналдыру (модельдеу) дағдысы қалыптасады;
- Командада жұмыс істеу, сыни талдау және өз сызбасын дәлелдеу қабілеттері артады.

Рефлексия: «Байланыс орнады» Оқушылар алған білімдерін 3 сөзбен қорытындылайды: «Тәуелсіздік. Бақылау. Тепе-теңдік» (Немесе өздері таңдаған 3 кілт сөзді айтады).

Жағдаяттық тапсырмалар:

1-жағдаят: «Президенттің ветосы».

Құрылтай мемлекеттегі барлық көлік жүргізушілеріне салынатын салықты екі есе өсіретін жаңа заң жобасын қабылдады. Алайда бұл заң халықтың әлеуметтік жағдайына кері әсер ететінін түсінген Президент заңға қол қоюдан бас тартып, оны кері қайтарды (вето құқығын қолданды). Құрылтай депутаттары бұған наразы болып: «Заң шығару -тек біздің жұмысымыз, біздің шешімді ешкім тоқтата алмайды»-деп мәлімдеді.

Сұрақтар:

1. Білім алушылар дайындаған сызба бойынша, Президенттің Құрылтайды тежеуге бағытталған бұл көрсеткісі (әрекеті) қалай аталады?
2. Құрылтайдың «бізді ешкім тоқтата алмайды» дегені дұрыс па?
3. Егер бұл тежеу тетігі Конституцияда болмаса, Құрылтай қандай шешімдер қабылдап жіберуі мүмкін еді?
4. Осы жағдайда билік тармақтарының тепе-теңдігі қалай сақталып тұр?

2-жағдаят: «Үкіметтің есебі және Құрылтай бақылауы».

Елдің Үкіметі (атқарушы билік) жаңа оқу жылында мектептерді толықтай заманауи компьютерлермен қамтамасыз ету үшін бюджеттен үлкен көлемде қаржы бөлді. Алайда жыл соңында Құрылтай депутаттары тексеріс жүргізгенде, компьютерлердің жартысы ғана сатып алынғанын, ал қалған қаржының тиімсіз жұмсалғанын анықтады. Құрылтай Үкімет басшысын (Премьер-министрді) есеп беруге шақырып, оның жұмысын «қанағаттанарлықсыз» деп таныды және Үкіметтің отставкаға кетуін (сенімсіздік вотумын) талап етті.

Сұрақтар:

1. Сіз сызған кластерде Құрылтайдан Үкіметке қарай бағытталған қандай «тежемелік көрсеткі» бұл кейске мысал бола алады?
2. Неліктен атқарушы билік (Үкімет) өз бетінше бақылаусыз жұмыс істей алмайды?
3. Бұл жерде Құрылтай кімнің мүддесін қорғап, Үкіметті тежеп отыр?

3-жағдаят: «Соттың соңғы сөзі».

Құрылтай мен Президент бірлесіп, «Елдегі қауіпсіздікті күшейту үшін құқық қорғау органдары кез келген азаматтың үйін соттың рұқсатынсыз тінте



алады» деген жаңа заң қабылдады. Азаматтар бұл заңның Конституциядағы «тұрғын үйге қолсұғылмаушылық» құқығын тікелей бұзатынын айтып, Конституциялық Сотқа арызданды. Сот заңды мұқият зерттеп, оның Конституцияға қайшы екенін мәлімдеп, күшін жойды.

Сұрақтар:

1. Сіздің графикалық постеріңізде Сот билігінен Заң шығарушы (Құрылтай) және Атқарушы билікке қарай тартылған көрсеткі қандай маңызды қызметті білдіреді?

2. Егер заң шығарушылар мен атқарушылар бірлесіп қате немесе заңсыз шешім қабылдаса, Сот оларды қалай тежейді?

Бұл кейс «билік бөлінісі» қағидатының маңыздылығын қалай дәлелдейді?

IV. МҰҒАЛІМГЕ АРНАЛҒАН ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР

1. **Күрделі терминдерді жеңілдету:** 7-сынып оқушыларына «Вето» немесе «Сенімсіздік вотумы» деген сөздер қиын көрінуі мүмкін.

- *Вето* – «Мен келіспеймін, заңды қайта қараңдар» деген тыйым;
- *Сенімсіздік вотумы* – «Біз сіздердің жұмыстарыңызға көңіліміз толмады, қызметтен кетіңіздер» деген баға. Осылайша қарапайым тілмен аударып беріңіз.

2. **Түстерді қолдану:** Сызба жасағанда әр органға жеке түс арнауды (мысалы, Сот – көк, Үкімет – жасыл, Құрылтай – қызыл) сұраңыз. Бұл визуалды қабылдауды жеңілдетеді.

3. **Қателіктерге жол беру:** Егер оқушылар көрсеткіні қате бағытта сызып қойса, бірден түзетпеңіз. Қорғау кезінде «Үкімет Сотты тарата ала ма? Заңда солай жазылған ба?» деп сұрақ қою арқылы өз қателерін өздеріне таптырыңыз.

Мұғалімге арналған әдістемелік ұсынымдар:

7-сынып білім алушыларымен «Тежемелік және тепе-теңдік» жүйесін өткенде, оларды терминдермен (вето, вотум, импичмент) шошытпау керек. Сыныпқа бұл жүйені «Арқан тарту» немесе «Таразы» ойыны ретінде түсіндірген тиімді. Егер бір тармақ (арқанды) өзіне қарай қатты тартып кетсе, мемлекет құлайды, сондықтан басқа екі тармақ оны бірден тежеп, орталық нүктеге (тепе-теңдікке) әкелуі тиіс. Білім алушылардың қолмен сызған «көрсеткілері» - бұл биліктің шектен шығуына жол бермейтін заңды құралдар екенін үнемі ескертіп отыру қажет. Сабақ соңында білім алушылардың графикалық білімін бекіту мақсатында «Тірі конституциялық сызба» әдісі қолданылады.

Әдебиеттер:

2026 жылы 15 наурызда жалпыхалықтық референдумда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясы, [Мәтін]: 4, 42 баптар. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K2600000000>



№3 САБАҚ ТАҚЫРЫБЫ: КІНӘСІЗДІК ПРЕЗУМПЦИЯСЫ ДЕГЕНІМІЗ НЕ?



Жоспар

I. Кіріспе бөлім. Мотивация. «Негізсіз айыптау» сезімімен жұмыс.

II. Негізгі бөлім: Ақпараттық блок, Практикалық тапсырма («Детективтер дәлел іздейді»), Факт пен қауесетті ажырату.

III. Қорытынды. Дескриптор, күтілетін нәтижелер және рефлексия.

IV. Қосымшалар. Мұғалімге арналған әдістемелік ұсынымдар.

САБАҚТЫҢ БАРЫСЫ

I. Кіріспе бөлім (5 минут)

Мұғалім сабақты оқушылардың жеке тәжірибесіне сүйене отырып бастайды. **Мотивациялық сұрақтар:**

- Сіздер өмірде жасамаған істеріңіз үшін немесе «қасында тұрғаныңыз үшін ғана» жазықсыз кінәлі болып қалған кездеріңіз болды ма? Ол кезде қандай сезімде болдыңыз? (Әділетсіздік, ыза, дәрменсіздік).

- Егер біреу «бұл затты ұрлаған – сен!» деп айқайласа, ол адам бірден ұры болып санала ма?

Мұғалім сабақтың тақырыбын ашып, бүгін сыныптың «Детективтік агенттікке» айналатынын және заңдағы ең басты қорғаныс қағидасы – **Кінәсіздік презумпциясымен** танысатынын айтады.

II. Негізгі бөлім (35 минут)

2.1 Ақпараттық блок (7 минут) Мұғалім жаңа ұғымды түсіндіреді:

- **Презумпция** – латын тілінен аударғанда «жорамал, алдын ала болжау» дегенді білдіреді.

- **Кінәсіздік презумпциясының алтын ережелері:**

1. Адамның кінәсі сотта толық дәлелденбейінше, ол **кінәсіз** болып саналады.

2. Адам өзінің кінәсіздігін өзі дәлелдеуге міндетті емес! Кінәні дәлелдеу міндеті – **айыптаушы тарапқа** (полицияға, прокурорға) жүктеледі.

3. Кез келген күдік (дәлелденбеген) айыпталушының пайдасына шешіледі.

2.2 Практикалық тапсырма: «Детективтер дәлел іздейді» (20 минут)

Білім алушылар 4-5 адамнан тұратын детективтік топтарға бөлінеді. Әр топқа «Тергеу ісі» карточкасы беріледі.

Жағдаят («Мектеп кітапханасындағы оқиға»): Мектеп кітапханасынан құнды, жаңа кітап жоғалып кетті. Кейбір білім алушылар бірден Арман есімді оқушыны айыптай бастады. Себебі: Арман үзіліс кезінде кітапхана жақтан асығып жүгіріп шыққан болатын, ал оның қолында сөмкесі бар еді. Сыныптастары: «Ол үнемі бұзықтық жасайды, кітапты нақты сол алды!» – деп шулап кетті.

Топтық талқылауға арналған сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Арманды сыныптастарының сөзіне қарап бірден кінәлі деп санауға бола ма? (Жауаптарын негіздейді).

2. **ФАКТ** пен **ҚАУЕСЕТТІ** ажыратыңыз:



○ *Қауесет/Күдік:* «Ол үнемі бұзықтық жасайды», «Жүгіріп шықты, демек ұрлады».

○ *Заңды дәлел болуы мүмкін нәрселер:* Бейнебақылау камерасындағы жазбалар, кітаптағы саусақ іздері, кітаптың Арманның сөмкесінен нақты табылуы т.б.

3. Адамның кінәлі екенін шын мәнінде кім анықтауы керек? (Сыныптастары емес, мұғалім емес – егер қылмыс болса, тек СОТ қана шешеді).

4. Арман «Мен алған жоқпын» деп өзін ақтап әуре болуға міндетті ме? (Жоқ, кінәсіздік презумпциясы бойынша айыптаушылар дәлелдеуі тиіс).

2.3 Қорғау және тұжырым жасау (8 минут) Детектив топтары өздерінің тергеу қорытындыларын жариялайды. **Қорытынды ой:** Білім алушылар ешкімді де дәлелсіз және сот шешімінсіз кінәлі деп тануға болмайтынын, яғни *кінәсіздік презумпциясы принципі* жұмыс істейтінін дәлелдейді.

III. Қорытынды. Кері байланыс және рефлексия (5 минут)

Дескриптор (бағалау критерийлері):

- Кінәсіздік презумпциясы ұғымының негізгі заңдық анықтамасын (сотта дәлелденгенге дейін кінәсіз) дұрыс тұжырымдайды;

- Берілген жағдаяттағы «нақты құқықтық дәлелдерді» жай ғана «күдіктер мен қауесеттерден» ажырата алады;

- «Кінәні дәлелдеу міндеті айыптаушы тарапқа жүктеледі, азамат өзінің кінәсіздігін дәлелдеуге міндетті емес» деген конституциялық қағиданы түсіндіреді;

- Детективтік зерттеу барысында өз шешімдерін Конституцияның адам құқықтарын қорғау баптарымен негіздейді.

Күтілетін нәтижелер:

- Білім алушылар адамды сот шешімінсіз және нақты дәлелсіз «қылмыскер» немесе «кінәлі» деп атауға болмайтынын саналы түрде ұғынады;

- Күнделікті өмірде (сыныпта, үйде) біреуді дәлелсіз айыптаудан, жала жабудан бас тартатын құқықтық мәдениеті қалыптасады;

- Ақпаратты сыни тұрғыдан талдау, факт пен пікірді ажырату дағдылары шыңдалады;

- Адам құқығы мен оның ар-намысы Конституциямен қорғалатын ең жоғары құндылық екенін сезінеді.

Рефлексия: «Детективтің түйіні» Оқушылар сөйлемді жалғастырады: *«Бүгінгі істі зерттеу барысында мен түсіндім: адамды кінәлі деп айту үшін бізге ең бірінші ... (күдік емес, нақты дәлел / сот шешімі) қажет».*

Жағдаяттық тапсырмалар:

1-жағдаят. «Сыныптағы ұрлық және күдікті білім алушы»

6-сыныпта үзіліс кезінде мұғалімнің үстелінен сынып журналы мен маңызды құжаттар жоғалып кетті. Білім алушылардың бәрі бір ауыздан бұрын тәртібі нашар болған Даниярды айыптай бастады. «Ол бұған дейін де көп бұзықтық жасаған, үзілісте сыныпқа кіріп-шыққанын көрдік, кінәлі-сол!»- деді



сыныптастары. Алайда, ешкім Даниярдың журналды қолына ұстағанын көрген жоқ. Данияр өзінің кінәсіз екенін айтып жылады.

Сұрақтар:

1. Сыныптастарының Даниярды нақты дәлелсіз айыптауы Кінәсіздік презумпциясына қайшы келе ме?

2. Егер Данияр өзінің ол уақытта басқа жерде болғанын (алиби) дәлелдей алмаса, оны кінәлі деп санауға бола ма? Заң бойынша кінәні кім дәлелдеуі керек?

3. Кінәсіздік презумпциясы бойынша Даниярдың құқығы қалай қорғалады?

2-жағдаят. «Интернеттегі фотосурет және әлеуметтік желідегі жала»

Қаладағы ірі сауда орталығында белгісіз біреу дүкен сөресінен қымбат затты ұрлап кетті. Келесі күні жергілікті пабликтердің бірінде: «Ұрлық жасады деген күдікті осы!»- деп 13 жасар Мараттың фотосуреті жарияланды. Желі қолданушылары Маратқа қарсы жүздеген балағат сөздер жазып, оны «қылмыскер» деп атады. Арада 3 күн өткенде полиция нақты ұрыны ұстады, азамат Мараттың бұл оқиғаға еш қатысы жоқ болып шықты. Алайда Мараттың жүйкесі жұқарып, мектепке барудан бас тартты.

Сұрақтар:

1. Интернет пабликтері мен желі қолданушылары соттың ресми шешімінсіз Маратты «қылмыскер» деп атауға құқылы ма еді? Олар Конституцияның қандай алтын ережесін бұзды?

2. Марат пен оның ата-анасы өздерінің ар-намысын қорғау үшін заң жүзінде не істей алады?

3. Бұл кейс күнделікті интернет өмірінде кінәсіздік презумпциясын сақтаудың маңыздылығын қалай көрсетеді?

3-жағдаят. «Детектив Саматтың қателігі»

Мектепішілік шахмат турнирінде бас жүлдеге тігілген кубок жоғалды. Мектеп детективі болып сайланған 7-сынып білім алушысы Самат тергеу жүргізді. Ол кубок сақталған бөлменің қасынан жүгіріп өткен Әлішерді ұстап алып: «Сен кінәлісің! Егер кінәсіз болсаң, қазір маған кубокты ұрламағаныңды дәлелдеп бер, әйтпесе директорымызға айтамын», - деді.

Сұрақтар:

1. Детектив Саматтың Күдікті Әлішерге «кінәсіздігіңді өзін дәлелде» деуі заңды ма?

2. Кінәсіздік презумпциясының «Күмән мен күдіктер кінәлінің пайдасына шешіледі» деген ережесі бұл жағдайда қалай қолданылады?

3. Егер сіз Саматтың орнында болсаңыз, Конституцияға сай тергеуді қалай жүргізер едіңіз? (Алгоритмін ұсыныңыз).

IV. МҰҒАЛІМГЕ АРНАЛҒАН ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР

7 сынып білім алушылары бұл ұғымды жиі «қылмыскерді жақтау» деп қате түсінуі мүмкін. Мұғалімнің басты міндеті - бұл ереже қылмыскерді құтқару үшін емес, ең алдымен **жазықсыз ешбір адамның дәлелсіз жазаланбауы және жалаға ұшырамауы үшін** қажет екенін ұғындыру. Сабақта эмоционалды



айыптаулардың құқықтық мемлекетте ешқандай күші жоқ екеніне баса назар аударылуы тиіс. Сабақты қорытындылау үшін мұғалім сыныпқа **«Конституциялық Таразы» визуалды әдісін** ұсынады.

– Тақтада екі бағаны бар таразы бейнеленеді: *«Айыптау таразысы» (Күдіктер мен қауесеттер)* және *«Қорғау таразысы» (Кінәсіздік презумпциясы)*.

– Мұғалім ереже тұжырымдайды: Заң бойынша «Айыптау таразысына» қаншалықты көп күдік тастар болсақ та, егер оң жақта «Нақты бұлтартпас дәлел» (сот үкімі) болмаса, Кінәсіздік презумпциясының таразысы автоматты түрде адамды кінәсіз деп тауып, басып кетеді.

Әдебиеттер:

2026 жылы 15 наурызда жалпыхалықтық референдумда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясы, [Мәтін]: 19 бап. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K2600000000>



№4 САБАҚ ТАҚЫРЫБЫ: СОТТА КІНӘСІЗДІК ПРЕЗУМПЦИЯСЫ ҚАҒИДАТЫ ҚАЛАЙ ҚОЛДАНЫЛАДЫ?

Оқу мақсаты	Құқықтық жағдаяттарды талдау кезінде кінәсіздік презумпциясы қағидатын қолданады.
Сабақтың мақсаты	Білім алушыларға құқықтық жағдаяттарды талдау барысында кінәсіздік презумпциясы қағидатын (дәлелденбеген күдіктің кінәсіздікке теңесетінін) қолдануды үйрету, дәлелдердің заңдылығын анықтауға дағдыландыру.
Оқу форматы	Практикалық-талдау және рөлдік-тергеу сабағы.
Ұзақтығы	45 минут
Негізгі ұғымдар	Тергеу, сот үкімі, бұлтартпас айғақ, күмән/күдік, айыпталушы, айғақ зат.
Материалдар	Шиеленісті құқықтық жағдаяттар жазылған «Кейс карточкалары» (әр топқа), «Дәлелдер аудиті» кестесі (А3), маркерлер.

Жоспар

I. Кіріспе бөлім. Мотивация. «Заңдағы 1% күмән» қағидасын талқылау.

II. Негізгі бөлім: Практикалық тапсырма («Жас тергеушілер» кейсін шешу), дәлелдер аудиті, үкім шығару және қорғау.

III. Қорытынды. Дескриптор, күтілетін нәтижелер және рефлексия.

IV. Қосымшалар. Мұғалімге арналған әдістемелік ұсынымдар.

САБАҚТЫҢ БАРЫСЫ

I. Кіріспе бөлім (5 минут)

Мұғалім өткен сабақпен байланыс орната отырып, сабақты бастайды.

Мотивациялық сұрақтар:



- Өткен сабақта біз «Адамның кінәсі сотта дәлелденгенге дейін ол кінәсіз» деген қағидамен таныстық. Ал егер тергеушіде дәлелдер жеткіліксіз болса немесе күмән туындаса ше?

- Заңгерлер арасында мынадай бір қағида бар: *«Жазықсыз бір адамды соттағанда, он қылмыскердің бостандықта жүргені артық»*. Бұл сөзбен келісесіздер ме? Неліктен заң жазықсыз адамды соттауды ең ауыр әділетсіздік деп санайды?

Мұғалім бүгінгі сабақта оқушылар нағыз тергеушілер сияқты іс жүргізіп, «Күдік айыпталушының пайдасына шешіледі» деген алтын ережені қолданып көретінін айтады.

II. Негізгі бөлім (35 минут)

2.1 Практикалық тапсырма: «Жас тергеушілер» кейсін шешу (25 минут) Білім алушылар 3-4 топқа («Жас тергеушілер бюросы») бөлінеді.

- **1-қадам (Карточкалар тарату):** Әр топқа ішінде шиеленісті құқықтық жағдаят, күдіктінің уәжі (ақталуы) және жиналған айғақтар тізімі бар арнайы карточкалар беріледі.

Кейс үлгісі (мұғалімге арналған): «Мектеп дәлізіндегі үлкен терезе сынды. Сол маңнан кезекшілер добын ұстап жүгіріп бара жатқан Мақсатты көрген. Мақсат: "Мен допты тек дәліздегі орындықтан алдым, терезені кім сындырғанын көрмедім" дейді. Басқа куәгерлер жоқ. Бейнекамера істемейді. Сыныптастары: "Ол кеше де доппен ойнап жүрген, сол сындырды!" деп айыптап отыр».

- **2-қадам (Дәлелдер аудиті):** Топтар карточкадағы мәліметтерді оқып, үлкен А3 қағазына кесте сызады. Олар «Кінәлі екендігіне нақты заңды дәлелдер бар ма?» деген сұраққа жауап іздейді. Олар ақпаратты екі бағанға бөледі:

1. *Күдіктер (эмоция, қауесет, жанама белгілер)* – сыныптастардың сөзі, доппен жүгіріп бара жатқаны.

2. *Бұлтартпас айғақтар (айғақ заттар, бейнежазбалар)* – Бұл баған кейсте БОС қалады, себебі нақты дәлел жоқ (камера істемейді, терезені сындырған сәтті ешкім көрмеген).

- **3-қадам (Презумпцияны қолдану):** Егер заңды дәлелдер жеткіліксіз болса немесе күмән тудырса, білім алушылар кінәсіздік презумпциясы қағидатына сүйеніп, **«Күдікті кінәсіз деп танылсын»** деген тергеу шешімін шығаруы тиіс. Барлық шешілмеген күмән айыпталушының пайдасына шешіледі.

2.2 Қорғау (10 минут)

- **4-қадам (Үкімді жариялау):** Әр топ өз жағдаяттарының шешімін сынып алдында қорғайды. Олар: «Біз кінәсіздік презумпциясына сүйене отырып мынадай шешім шығардық, себебі...» деп өз үкімдерін Конституцияның нормаларымен негіздейді.

III. Қорытынды. Кері байланыс және рефлексия (5 минут)

Дескриптор (бағалау критерийлері):

- Құқықтық жағдаятты талдау кезінде кінәсіздік презумпциясының негізгі шарттарын дұрыс қолданады;



- Карточкадағы мәліметтерден күдіктінің кінәсін растайтын нақты заңды дәлелдердің бар-жоғын дәл анықтайды;
- Барлық шешілмеген күмән мен күдіктерді заң бойынша күдіктінің (айыпталушының) пайдасына шешеді;
- Тергеу қорытындысын құқықтық терминдерді (айғақ, күдікті, презумпция, сот үкімі) қолдана отырып, жүйелі түрде баяндайды.

Күтілетін нәтижелер:

- Білім алушылар сотта және тергеуде адамды тек нақты, заңды жолмен алынған дәлелдер арқылы ғана кінәлі деп тануға болатынын түсінеді;
- Құқықтық кейстерді дербес талдау, заң баптарын нақты өмірлік жағдайларға проекциялау дағдылары дамиды;
- «Адамның кінәсін дәлелдеу – тергеушінің (айыптаушының) міндеті» деген қағиданы терең ұғынады;
- Шешім қабылдауда әділдік, бейтараптылық және заңға бағыну сияқты азаматтық қасиеттері шындалады.

Рефлексия: «Тергеушінің мөрі» Әр топ сабақтың соңында тақтаға шығып, ойша «мөр» басады да, сабақтан қандай кәсіби (немесе адами) сабақ алғанын бір сөйлеммен қорытындылайды. (Мысалы: «Тергеуші эмоцияға емес, тек айғаққа сенуі керек!»).

Жағдаяттық тапсырмалар:

1-жағдаят. «Дүкендегі бейнекамера».

Сауда үйіндегі киім дүкенінен қымбат күрте ұрланды. Күзетшілер дәлізде жүгіріп бара жатқан 7-сынып білім алушысы Асқарды ұстап алды. Дүкен сатушысы: «Осы бала жаңа ғана күртелердің қасында айналшықтап жүрген, ұры-осы!» -деп айыптады. Асқар өзінің спорттық жаттығуға кешігіп бара жатқандықтан жүгіргенін айтты. Оның сөмкесін тексергенде ұрланған күрте табылған жоқ. Бейнекамераларды тексергенде Асқардың жүзі анық көрінбейтін, тек үстіндегі спорттық киімі ұқсайтын басқа бір адамның күртені алып кеткені белгілі болды.

Сұрақтар:

1. Асқардың кінәлі екендігіне нақты заңды дәлелдер бар ма?
2. Кінәсіздік презумпциясы қағидаты бойынша Асқарға қатысты қандай шешім қабылдануы керек?

2-жағдаят. «Сынған терезе және доп».

Мектеп ауласында футбол ойнап жүрген балалардың добы тиіп, бірінші қабаттағы зертхананың терезесі сынды. Дене шынықтыру мұғалімі келіп, қолында добы бар Арманды көрді. Басқа балалар қашып кеткен болатын. Мұғалім: «Қолыңда доп тұр, демек терезені сен сындырдың. Шығынды сенің ата-анаң төлейді», -деді. Арман: «Мен допты жаңа ғана жерден тауып алдым, терезені кім ұрғанын көргенім жоқ», -деп жауап берді. Оқиғаны ешкім видеоға түсірмеген, куәгерлер жоқ.

Сұрақтар:



1. Мұғалімнің қолында Арманның кінәсін растайтын бұлтартпас дәлел бар ма?

2. Кінәні дәлелдеу міндеті кімге жүктеледі?

3. Арман өз кінәсіздігін дәлелдеуге міндетті ме?

3-жағдаят. «Жоғалған флешка».

Информатика кабинетінен мұғалімнің маңызды ақпараттары бар жеке флешкасы жоғалды. Соңғы сабақта сол компьютерде білім алушы Мұрат отырған болатын. Сыныптастары: «Мұрат компьютерді жақсы түсінеді, бағдарламаларды көп көшіреді, флешканы сол алды», - деп шулады. Мұрат бөлмеден шығарда флешканың үстел үстінде тұрғанын айтты. Мектеп полициясы Мұраттың қалтасы мен сөмкесін тексерді, бірақ флешка табылмады. Ешқандай заттай айғақ жоқ, тек сыныптастарының күдігі ғана бар.

Сұрақтар:

1. «Күмән мен күдіктер айыпталушының пайдасына шешіледі» деген алтын ереже бұл кейсте қалай жұмыс істейді?

2. Мұратты «ұры» деп айыптауға заңдық негіз бар ма?

IV. МҰҒАЛІМГЕ АРНАЛҒАН ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР

7-сынып білім алушыларымен «Жас тергеушілер» ролін ойнағанда, олардың эмоцияға беріліп, «айыптаушы» рөліне кіріп кетпеуін қадағалау маңызды. Білім алушыларға **заңгердің басты қаруы - сезім емес, факт пен заңды дәлел** екенін үнемі ескертіп отырыңыз. Бұл сабақтың негізгі тәрбиелік мәні - өмірде де біреуді дәлелсіз айыптау заңсыз екенін, сот алдында әрбір күмән адамды қорғайтын қалқанға айналатынын ұғындыру. Сабақты қорытындылау кезеңінде әр топ өздеріне берілген кейс бойынша қысқаша **«Тергеу хаттамасын»** толтырып, тақтаға іледі немесе спикер арқылы жариялайды. Хаттаманың құрылымы білім алушылардың заңдық сауаттылығын бекітуге бағытталады:

«Жас тергеушілердің» қорытынды хаттамасы:

1. Күдіктіге тағылған айып: *[Мысалы: Терезені сындыру]*

2. Анықталған заңды дәлелдер: *[Жоқ, тек жанама күдіктер]*

3. Кінәсіздік презумпциясын қолдану: *«Барлық күмән мен айғақтардың жеткіліксіздігі Конституцияға сай күдіктінің пайдасына шешіледі».*

4. Тергеудің соңғы үкімі: *«Күнәсі дәлелденбегендіктен, азамат толық кінәсіз деп танылсын!».*

Сабақ соңында білім алушылар өздерінің талдау деңгейлерін бағалау үшін шағын стикерлерге мына сұрақтар бойынша жауап жазып, тақтадағы «Заң үстемдігі» ағашына жабыстырады:

- **Не үйрендім?** *(Мысалы: «Мен адамның кінәсін дәлелдеу тергеушінің міндеті екенін, ал күдікті өзін ақтауға міндетті еместігін ұғындым»).*

- **Қандай қиындық болды?** *(Мысалы: «Өз сезімімді ысырып қойып, тек заңды айғақтарға ғана сену қиын болды»).*

- **Өмірде қалай қолданамын?** *(Мысалы: «Енді сыныпта бір зат жоғалса, нақты көзім жетпей ешкімге жала жаппаймын»).*



Бұл кері байланыс әдісі 7-сынып білім алушыларының бойында құқықтық сананы, азаматтық жауапкершілікті және Конституцияның адам құқығын қорғаудағы практикалық күшін сезінуді қалыптастырады.

Әдебиеттер:

2026 жылы 15 наурызда жалпыхалықтық референдумда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясы, [Мәтін]: 78 бап. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K2600000000>



№5 САБАҚ ТАҚЫРЫБЫ: ПРЕЗИДЕНТТІҢ, ҮКІМЕТТІҢ, ҚҰРЫЛТАЙДЫҢ ЖӘНЕ СОТТЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МЕМЛЕКЕТТЕГІ РӨЛІ ҚАНДАЙ?

Оқу мақсаты	Құқықтық мемлекет құрудағы мемлекеттік билік органдарының маңызын анықтайды.
Сабақтың мақсаты	Білім алушылардың Президент, Құрылтай, Үкімет және Сот органдарының негізгі міндеттері мен құқықтық мемлекеттегі бірегей рөлін анықтап, оны визуалды-шығармашылық тұрғыда сипаттау дағдыларын дамыту.
Оқу форматы	Шығармашылық-таныстырылым және рөлдік-модельдеу сабағы.
Ұзақтығы	45 минут
Негізгі ұғымдар	Құқықтық мемлекет, Президент (Мемлекет басшысы), Құрылтай (заң шығарушы), Үкімет (атқарушы), Сот (әділдік орнатушы), өкілеттік.
Материалдар	A3 форматындағы қағаздар, түрлі түсті маркерлер, Конституция үзінділері жазылған үлестірме материалдар, рөлдік атрибуттар (қалауыңызша: судьяның балғасы, үкіметтің папкасы т.б.).

Жоспар

I. Кіріспе бөлім. Мотивация. «Визитка не үшін қажет?» талқылауы.

II. Негізгі бөлім: Ақпараттық-зерттеу кезеңі, Практикалық тапсырма («Биліктің визиткасын» жасау), Рөлдік таныстырылым.

III. Қорытынды. Дескриптор, күтілетін нәтижелер және рефлексия.

IV. Қосымшалар. Мұғалімге арналған әдістемелік ұсынымдар.

САБАҚТЫҢ БАРЫСЫ

I. Кіріспе бөлім (5 минут)

Мұғалім сабақты өмірлік мысалмен бастайды.

Мотивациялық сұрақтар:

- Ересек адамдар немесе үлкен компаниялар өздері туралы ақпарат беру үшін қандай кішкентай қағазды (құжатты) пайдаланады? (Визитка/Таныстырғыш карточка).

- Визиткада әдетте қандай ақпарат жазылады? (Аты-жөні, қызметі, не істей алатыны, байланыс телефоны).



• Егер біздің мемлекетіміздің ең басты билік органдары халыққа өздерін таныстыру үшін визитка тарататын болса, ол қандай болар еді?

Мұғалім бүгінгі сабақта оқушылардың мемлекеттік органдардың рөліне еніп, олардың «Имидждік визиткасын» жасайтынын хабарлайды.

II. Негізгі бөлім (35 минут)

1.1 Практикалық тапсырма: «Биліктің визиткасы» (Шығармашылық топтық жоба)

• **1-қадам (Топтарға бөлу - 2 минут):** Мұғалім сыныпты 4 топқа бөледі:

- **1-топ:** «Президент» (Мемлекет басшысы)
- **2-топ:** «Құрылтай» (Заң шығарушы жоғары өкілді орган)
- **3-топ:** «Үкімет» (Атқарушы билік)
- **4-топ:** «Сот» (Әділдік орнатушы орган)

• **2-қадам (Зерттеу және дерек жинау - 8 минут):** Әр топ Конституция үзінділерін және мұғалім таратқан мәтіндерді пайдалана отырып, өздеріне тиесілі органның негізгі функцияларын, мақсаттарын және құқықтық мемлекеттегі маңызын анықтайды.

• **3-қадам («Визитка» дизайнын жасау - 12 минут):** Білім алушылар А3 форматындағы қағазға өз органдарының үлкен «Имидждік визиткасын» салады (маркерлермен түрлі-түсті етіп безендіреді).

Визиткада мына міндетті элементтер болуы тиіс:

1. **Ұраны (Слоган)** – Мысалы: «Сот» тобы үшін: "Заң алдында бәрі тең!" немесе «Құрылтай» үшін: "Халықтың үні – заңның күші!"

2. **Негізгі қызметі (3-4 тармақ)** – Қысқа әрі нұсқа (Мысалы, Үкімет: Экономиканы дамытамыз, заңдарды іске асырамыз).

3. **Құқықтық мемлекетке тигізер пайдасы** – Бұл органсыз мемлекет неге құлайтынын 1 сөйлеммен жазу.

4. **Байланыс мекенжайы (Конституциялық мәртебесі)** – Мысалы: «Қазақстан Республикасы, Астана қаласы. Конституцияның ... бөлімі».

• **4-қадам (Шығармашылық таныстырылым - 13 минут):** Топтар өз «Визиткаларын» тақтаға іліп, **рөлдік форматта** қорғайды.

○ *Талап:* Жай ғана оқып шығу емес, өздерін сол органның өкілдері ретінде сезініп сөйлеу. (Мысалы, «Сот» тобы мантимен немесе балғамен шығып, өздерінің әділдік кепілі екенін дәлелдейді. «Президент» тобы байсалды әрі кепілгер ретінде сөйлейді).

III. Қорытынды. Кері байланыс және рефлексия (5 минут)

Дескриптор (бағалау критерийлері):

• Таңдалған мемлекеттік органның (Президент, Құрылтай, Үкімет, Сот) негізгі функциялары мен міндеттерін заңға сай дәл анықтайды;

• Әр органның құқықтық мемлекет құрудағы өзіндік маңызы мен орнын нақты дұрыс негіздейді;

• «Биліктің визиткасы» постерін мазмұнды, логикалық тұрғыдан жүйелі және көрнекі етіп безендіреді;



- Өз жұмысын сынып алдында шығармашылық (рөлдік) форматта сенімді, құқықтық тілмен таныстырады.

Күтілетін нәтижелер:

- Білім алушылар мемлекетте заңдарды қабылдау құқығы тікелей жоғары өкілді орган – Құрылтайға тиесілі екенін нақты ұғынады;
- Атқарушы (Үкімет), сот және заң шығарушы (Құрылтай) билік тармақтарының аражігін заң тұрғысынан ажырата біледі;
- Құқықтық құжаттармен (Конституция баптарымен) тікелей жұмыс істеу дағдылары артады.

Рефлексия: «Мемлекеттік тапсырыс»

Оқушыларға сұрақ: *«Егер сіздер құқықтық мемлекет құрып жатқан сәулетші болсаңыздар, осы 4 органның қайсысының жұмысын ең қиын әрі жауапты деп бағалар едіңіздер? Неліктен?»* Оқушылар бір-екі ауыз сөзбен өз ойларын түйіндейді.

IV. МҰҒАЛІМГЕ АРНАЛҒАН ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР

7-сынып білім алушыларына осы төрт институттың айырмашылығын түсіндіргенде, әсіресе **«Құрылтай»** ұғымына ерекше тоқталу керек. Қазақстан Республикасының Құрылтайы - заң шығару билігін жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының жоғары өкілді органы. Ал Президент - үйлестіруші әрі мемлекет басшысы, Үкімет - істі атқарушы, Сот - бақылап, әділдік орнатушы. Осы төрт органның «визиткаларын» тақтаға қатар ілгенде, білім алушылар құқықтық мемлекеттің толық мозаикасын көре алуы тиіс.

Сабақты қорытындылау үшін **«Мемлекеттік инвестор» ойыны** өткізіледі. Сабақ соңында барлық топ өз визиткаларын тақтаға іледі. Мұғалім әр білім алушыға (олар бұл сәтте «Құқықтық мемлекеттің азаматы» ролінде) 1-ден алтын стикер («Сенім мандаты») таратады. Білім алушылар тақтаға шығып, өз тобынан басқа, бүгінгі таныстырылымы ең креативті әрі функцияларын нақты заңдық тұрғыдан түсіндірген органның визиткасына өз стикерін жабыстырады («инвестиция құяды»).

Сабақтың соңғы 3 минутында білім алушыларға рефлексия ретінде өз телефондарының (немесе қағаз қиындысының) экранына мұғалімге бағытталған қысқаша **«Құқықтық SMS»** жазу ұсынылады.

Сұрақтар форматы:

- Маған бүгінгі сабақта ең қатты әсер еткен орган... өйткені...
- Құқықтық мемлекет құруда мен өзімді... органы ретінде сезіндім.
- Менің түсінбей қалған сұрағым немесе маған сары бағдаршам жанған тұсы...

Бұл кері байланыс мұғалімге білім алушылардың мемлекеттік басқару органдарының ролін қаншалықты тең және дұрыс қабылдағанын тез арада бағалауға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер:



2026 жылы 15 наурызда жалпыхалықтық референдумда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясы, [Мәтін]: 1, 3, 4, баптар. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K2600000000>



№6 САБАҚ ТАҚЫРЫБЫ: НЕЛІКТЕН МЕМЛЕКЕТТЕ ҮШ БИЛІК ТАРМАҒЫ БАР?

Оқу мақсаты	Билік тармақтарының өзара байланысын түсіндіреді.
Сабақтың мақсаты	Білім алушыларға заң шығарушы, атқарушы және сот билігінің функцияларын ажыратуды үйрету және олардың арасындағы өзара тәуелділік пен байланысты «өзгеге үйрету» арқылы терең түсіндіру.
Оқу форматы	Кооперативті-талдау және өзара оқыту сабағы («Жигсо» / Jigsaw әдісі).
Ұзақтығы	45 минут
Негізгі ұғымдар	Заң шығарушы (Құрылтай), атқарушы (Үкімет), сот билігі, биліктің бөлінуі, өзара тәуелділік, сарапшы.
Материалдар	3 түрлі мәтін (әр билік тармағының қызметі туралы), «Сарапшылық конспект» парақтары (кестелер), оқушыларды топқа бөлуге арналған сандық немесе түрлі түсті карточкалар (1, 2, 3, 4, 5).

Жоспар

I. Кіріспе бөлім. Мотивация. «Бір адам бәрін істей ала ма?» талқылауы.

II. Негізгі бөлім: Практикалық тапсырма («Билік мозаикасы» / Жигсо әдісі), Сарапшылар тобы, Жұмыс топтары (өзара оқыту).

III. Қорытынды. Дескриптор, күтілетін нәтижелер және рефлексия.

IV. Қосымшалар. Мұғалімге арналған әдістемелік ұсынымдар.

САБАҚТЫҢ БАРЫСЫ

I. Кіріспе бөлім (5 минут)

Мұғалім сабақты назар аударту сұрағымен бастайды.

Мотивациялық сұрақтар:

- Елестетіп көріңіздер, мектепте бір ғана адам барлық пәннен сабақ береді, асханада тамақ пісіреді, мектепті күзетеді әрі бағаны да өзі қояды. Бұл қаншалықты тиімді болар еді? Бұл адам шашала ма, әлде жұмысты мінсіз атқара ма?

- Мемлекетте де дәл осылай. Неліктен мемлекетті басқару ісін жалғыз адамға немесе бір ғана топқа беріп қоюға болмайды?

Мұғалім жауаптарды тыңдап, бүгін оқушылар мемлекеттік биліктің үшке бөлінуінің сырын «Жигсо» (Мозаика) әдісі арқылы өздері зерттеп, бір-біріне түсіндіретінін хабарлайды.

II. Негізгі бөлім (35 минут)

2.1 Практикалық тапсырма: «Билік мозаикасы» (Жигсо әдісі)



Бұл әдіс оқушылардың жауапкершілігін арттырады, себебі әр оқушы өз тақырыбы бойынша «сарапшы» атанып, басқаларға үйретуі тиіс.

- **1-қадам (Сарапшылар тобы - Home Groups) (10 минут):**

Сынып 3 үлкен топқа бөлінеді:

- **1-топ:** Заң шығарушы билік сарапшылары (Құрылтай)
- **2-топ:** Атқарушы билік сарапшылары (Үкімет)
- **3-топ:** Сот билігі сарапшылары (Соттар)

Тапсырма: Әр топ өздеріне берілген мәтінді оқып, өз тармағының міндеттерін зерттейді және қысқаша «Сарапшылық конспект» (шпаргалка) дайындайды. Олар бұл ақпаратты кейін басқаларға түсіндіруге міндетті екенін білуі керек.

- **2-қадам (Сандық кодтау) (2 минут):**

Әр топтың ішіндегі білім алушыларға 1, 2, 3, 4, 5 (топтағы адам санына қарай) деп сандар беріледі. Оқушылар өз нөмірлерін есте сақтайды.

- **3-қадам (Жұмыс топтары - Жан-жақты топтар) (3 минут):**

Мұғалімнің белгісімен барлық «1» нөмірлі оқушылар бір топқа, барлық «2»-лер екінші топқа, «3»-тер үшінші топқа жиналады.

Нәтижесі: Жаңадан құрылған әр топта міндетті түрде 3 билік тармағының да өкілі (сарапшысы) отырады.

- **4-қадам (Өзара оқыту) (15 минут):**

Әр сарапшы кезекпен (3-4 минуттан) өз билік тармағын басқаларға түсіндіреді.

- Құрылтай сарапшысы: «Біз заң жазамыз...»
- Үкімет сарапшысы: «Ал біз сол заңды орындаймыз...»
- Сот сарапшысы: «Егер сендер даулаассандар, біз шешеміз...»

Қорытынды кезең: Нәтижесінде әр білім алушының дәптерінде (немесе толтыру парағында) үш биліктің толық сипаттамасы мен олардың өзара байланыс сызбасы пайда болады.

2.2 Талқылау (5 минут)

Мұғалім жаңа топтардан жалпы сұрақтар сұрайды: «Егер Үкімет болмаса, Құрылтайдың шығарған заңдары не болар еді?» (Қағаз жүзінде қалып қояр еді).

III. Қорытынды. Кері байланыс және рефлексия (5 минут)

Дескриптор (бағалау критерийлері):

- Мемлекеттегі үш билік тармағының (заң шығарушы, атқарушы, сот) әрқайсысының жеке рөлін дәл сипаттайды;
- «Жигсо» әдісі барысында өз серіктестеріне ақпаратты құқықтық терминдермен түсінікті етіп жеткізеді;
- Билік тармақтарының өзара байланысын (бірі заң шығаратынын, екіншісі орындайтынын, үшіншісі заңды қорғайтынын) нақты мысалдармен дәлелдейді;
- Топтық жұмыс ережесін сақтап, өзара тыңдау және сұрақ қою мәдениетін көрсетеді.

Күтілетін нәтижелер:



- Білім алушылар биліктің бір қолға шоғырлануы диктатураға әкелетінін, ал үш тармаққа бөлінуі — әділдік пен бостандықтың кепілі екенін түсінеді;

- «Өзгеге үйрете отырып, өзім үйренемін» қағидасы арқылы коммуникативтік және аналитикалық дағдылары шыңдалады;

- Билік тармақтарының өзара байланыс тетіктерін заңдық деңгейде талдай алады.

Рефлексия: «Мозаиканың тұтастығы»

Оқушыларға сұрақ: *«Мозаика (пазл) құрастырғанда бір бөлігі жоғалып кетсе не болады? Мемлекеттегі билік тармақтарының біреуін алып тастасақ неге ұқсайды?»* (Түйін: Тұтастық бұзылады, механизм тоқтайды).

«Жигсо» әдісіне арналған сарапшылық таратпа материалдар

№1 сарапшы картасы: Заң шығарушы билік (Құрылтай)

Негізгі рөлі: Мемлекеттегі ең жоғары ережелерді - заңдарды қабылдайды. Ол халықтың атынан сөйлейтін жоғары өкілді орган болып табылады (Конституцияның 52-бабы).

Басқалармен байланысы: Ол қабылдаған заңдарсыз Үкімет ешқандай жұмыс істей алмайды, ал Соттар сол заңдарға сүйеніп шешім шығарады.

Бақылау тетігі: Егер Үкімет өз жұмысын нашар істесе, заң шығарушы орган оған ескерту жасап, бюджетті бекітпей қоя алады.

№2 сарапшы картасы: Атқарушы билік (Үкімет)

Негізгі рөлі: Дайын заңдарды іс жүзінде өмірге енгізеді, мемлекетті күнделікті басқарады. Экономиканы реттейді, мектептер, ауруханалар салады, заңның орындалуын ұйымдастырады.

Басқалармен байланысы: Заң шығарушы орган берген бюджет пен заң шеңберінен шыға алмайды. Егер Үкімет заңды бұзса, оны Сот жауапқа тартады.

Бақылау тетігі: Үкімет заң шығарушы органға елге қандай заңдар керек екені туралы ұсыныстар (заң жобаларын) бере алады.

№3 сарапшы картасы: Сот билігі (Соттар)

Негізгі рөлі: Әділдікті қорғайды. Заңдардың дұрыс сақталуын бақылайды, заң бұзған азаматтарды да, шенеуніктерді де заң алдында жауапқа тартады.

Басқалармен байланысы: Өздігінен заң жазбайды (оны заң шығарушыдан алады) және заңды іске асырмайды (оны Үкімет істейді), бірақ осы екі тармақтың да заңнан аттап кетпеуін қатаң қадағалайды.

Бақылау тетігі: Сот заң шығарушы орган қабылдаған кез келген заңсыз құжаттың күшін жоя алады немесе Үкіметтің заңсыз шешімдерін тоқтата алады.

Жағдаяттық тапсырмалар:

1-жағдаят. «Жаңа мектеп заңы» (Заң шығарушы және Атқарушы билік байланысы).

Жоғары заң шығарушы орган- Құрылтай еліміздегі барлық мектептерде цифрлық оқулықтарға көшу және заманауи IT-сыныптар ашу туралы жаңа заң қабылдады. Алайда, Оқу-ағарту министрлігі (Үкімет құрамындағы атқарушы



орган): «Бізде бұл заңды орындауға, компьютерлер сатып алуға қазір мемлекеттік бюджетте қаражат жеткіліксіз», -деп мәлімдеді.

Сұрақтар:

1. Бұл жағдайда билік тармақтары мәселені қалай шешуі керек?
2. Құрылтай Үкіметке қаржы бөлу үшін не істей алады, ал Үкімет заңды орындау үшін кімге есеп береді? Биліктің байланысын түсіндіріңіз.

2-жағдаят. «Заңсыз қаулы» (Атқарушы және Сот билігі байланысы).

Үкімет (Ішкі істер министрлігі) қала ішіндегі көлік жылдамдығын ешқандай ескертусіз шұғыл түрде сағатына 40 шақырымға дейін төмендету туралы қаулы шығарып, ереже бұзған жүргізушілерге жаппай айыппұл сала бастады. Қала тұрғындары бұл қаулының негізсіз екенін және азаматтардың құқығын шектейтінін айтты.

Сұрақтар:

1. Азаматтар Үкіметтің бұл шешіміне қарсы қай билік тармағына (органға) шағымдана алады?
2. Сол орган Үкіметтің заңсыз қаулысының күшін жоюға құқылы ма? Себебін түсіндіріңіз.

3-жағдаят. «Конституцияға қайшы заң» (Заң шығарушы және Сот билігі байланысы).

Жоғары заң шығарушы орган - Құрылтай елдегі қауіпсіздікті күшейту мақсатында: «Полиция қызметкерлері күдікті деп тапқан кез келген азаматтың үйін соттың рұқсатынсыз-ақ түнде тексере алады» деген жаңа заң қабылдады. Бірақ Конституцияда «Адамның баспанасына қол сұғылмайды» деп жазылған.

Сұрақтар:

1. Құрылтай қабылдаған бұл заңның Конституцияға қайшы екенін қай билік тармағы анықтайды?
2. Бұл жағдайда сот билігі заң шығарушы органға қалай тоқтау салады?

IV. МҰҒАЛІМГЕ АРНАЛҒАН ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР

7-сынып білім алушылары үшін «Биліктің бөлінуі» концепциясы тым абстрактілі көрінуі мүмкін. Оны жеңілдету үшін «Үш аяқты орындық» метафорасын қолданыңыз. Білім алушыларға: «Егер орындықтың бір аяғы (мысалы, заң шығарушы) сынып қалса немесе тым ұзын болып кетсе, орындық құлайды. Сол сияқты мемлекет те тұрақсыз болады. Үш билік тең және бір-біріне тірек болуы керек», - деп түсіндіріңіз. Сабақтың соңында білім алушылар сыныптан шықпас бұрын мына екі сөйлемді қағазға аяқтап, мұғалімге өткізуі тиіс:

1. «Мемлекетте билік үшке бөлінбесе, онда...» (Мысалы: «...бір адам бүкіл билікті тартып алып, әділетсіздік орнар еді»).
2. «Бүгін мен өз тобыма түсіндірген кезде ең сәтті шыққан тұсым...»

Бұл рефлексия білім алушының материалды қаншалықты саналы меңгергенін және өзара оқыту (Жигсо) барысында өзін сарапшы ретінде қалай сезінгенін анықтауға көмектеседі.

Әдебиеттер:



2026 жылы 15 наурызда жалпыхалықтық референдумда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясы, [Мәтін]: 4, 42, 49 баптар. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K2600000000>



№7 САБАҚ ТАҚЫРЫБЫ: ӨЗ ҚҰҚЫҚТАРЫҢДЫ ЗАҢДЫ ЖОЛМЕН ҚАЛАЙ ҚОРҒАУҒА БОЛАДЫ?

Оқу мақсаты	Өз құқықтарын қорғау үшін мемлекеттік органдарға жүгіну алгоритмін құрастырады.
Сабақтың мақсаты	Білім алушыларға мемлекеттік органдарға ресми өтініш берудің кезең-кезеңімен орындалатын цифрлық алгоритмін құруды үйрету, заңды сауаттылық мәдениетін қалыптастыру.
Оқу форматы	Практикум.
Ұзақтығы	45 минут
Негізгі ұғымдар	Заңды жолмен қорғау, мемлекеттік орган, «e-Otinish» (электронды өтініш), құзырет, ресми шағым, дәлел/айғақ.
Материалдар	A3 немесе A4 парақтары, маркерлер, жағдаяттық карточкалар (кейстер), «e-Otinish жүйесінің құрылымы» ақпараттық парақшасы.

Жоспар

I. Кіріспе бөлім. Мотивация. «Дауды қалай шешеміз?» талқылауы.

II. Негізгі бөлім: Практикалық тапсырма («e-Otinish арқылы құқықты қорғау»), Чек-лист әзірлеу, Рөлдік қорғау.

III. Қорытынды. Дескриптор, күтілетін нәтижелер және рефлексия.

IV. Қосымшалар. Мұғалімге арналған әдістемелік ұсынымдар.

САБАҚТЫҢ БАРЫСЫ

I. Кіріспе бөлім (5 минут)

Мұғалім сабақты күнделікті өмірде жиі кездесетін жағдайлардан бастайды.

Мотивациялық сұрақтар:

- Егер ауламыздағы жол ойылып, жүруге қауіпті болса немесе ауылда (қалада) қоқыс уақытылы шығарылмаса, адамдар не істейді? (Әлеуметтік желіде видео түсіріп шағымданады, ұрысады, ренжиді).

- Ал бұл мәселені шешудің нақты, заңды және ең сенімді жолы қандай?

Мұғалім оқушыларға қазіргі таңда әлеуметтік желідегі айқайдан гөрі, мемлекеттік органдарға тікелей жіберілетін ресми өтініштің (әсіресе «e-Otinish» цифрлық жүйесі арқылы) әлдеқайда тиімді әрі заңды екенін түсіндіреді.

II. Негізгі бөлім (35 минут)

2.1 Практикалық тапсырма: «e-Otinish арқылы құқықты қорғау» (Чек-лист әзірлеу)

1-қадам (Жағдаятты талдау - 5 минут):

Сынып 4 топқа бөлінеді. Әр топқа мектептегі немесе күнделікті өмірдегі құқықтық мәселе (кейс) жазылған карточка беріледі.

Кейс үлгілері:



1-топ: Мектеп жанындағы жаяу жүргіншілер өткелінде бағдаршам жоқ, балаларға өту қауіпті.

2-топ: Ауладағы ойын алаңын біреулер қиратып, қауіпті темірлерін шашып кетті.

3-топ: Дүкеннен мерзімі өткен өнім сатып алдыңыз, сатушы ақшаны қайтарудан бас тартты.

4-топ: Көшеде қараңғы, жарық шамдары бір айдан бері жанбай тұр.

• **2-қадам (Қадамдарды модельдеу - 10 минут):**

Білім алушылар қолдарындағы ақпараттық парақшаларды («e-Otinish» жүйесінің құрылымы туралы: жүйеге кіру, құзыретті органды таңдау, мәтін жазу, дәлел тіркеу, жіберу) зерттеп, мемлекеттік органға өтініш жазудың дұрыс реттілігін анықтайды.

• **3-қадам (Чек-лист жасау - 10 минут):**

Әр топ А4 немесе А3 парағына өтініш берудің 5-6 негізгі қадамынан тұратын визуалды чек-листін (алгоритмін) сызады. Әр қадамның тұсына белгі (жалауша немесе төртбұрыш) қойылады.



(сурет

ЖИ-мен

генерацияланған)

Чек-лист үлгісі:

1. ЭЦҚ (электронды цифрлық қолтаңба) арқылы жүйеге кіру.
2. Құзыретті органды таңдау (Мәселен, бағдаршам үшін – Полиция немесе Әкімдік).
3. Өтініштің мәтінін сауатты, нақты фактілермен жазу.



4. Дәлелдерді (фото, видео, чек) тіркеу.

5. Өтінішті жіберу және оның қаралу мәртебесін бақылау.

• **4-қадам (Қорғау - 10 минут):**

Топтар өз чек-листтерін тақтаға іліп, «e-Otinish» жүйесінде өтініштің қалай өтетінін **рөлдік түрде** қорғап шығады.

○ *1-оқушы (Азамат):* Шағымын айтады, алгоритм бойынша қалай жүктегенін түсіндіреді.

○ *2-оқушы (Платформа/e-Otinish):* Өтінішті қабылдап, дұрыс органға бағыттайды.

○ *3-оқушы (Мемлекеттік орган):* Өтінішті оқып, мәселені заңды түрде қалай шешетінін жауап ретінде қайтарады.

III. Қорытынды. Кері байланыс және рефлексия (5 минут)

Дескриптор (бағалау критерийлері):

• «e-Otinish» платформасы арқылы мемлекеттік органдарға жүгінудің заңды қадамдарын жүйелі әрі дұрыс реттілікпен орналастырады;

• Құқықтық жағдаятқа (кейс) сәйкес қай мемлекеттік органға (Әкімдік, Санитарлық қызмет, Полиция т.б.) жүгіну керектігін дәл анықтайды;

• Өтінішке тіркелетін қажетті құжаттар мен айғақтарды (фото, видео, заң баптары) чек-листе нақты көрсетеді;

• Құрастырылған алгоритмді сынып алдында заңдық терминологияны қолдана отырып, нанымды қорғайды.

Күтілетін нәтижелер:

• Білім алушылар кез келген заңсыздықпен күресудің ең тиімді жолы – мемлекеттік органдарға ресми және заңды түрде жүгіну екенін түсінеді;

• Мемлекеттік органдардың халық алдындағы есептілігі мен «e-Otinish» жүйесінің практикалық маңызын ұғынады;

• Күнделікті өмірдегі мәселелерді шешу үшін заңды құжаттар мен цифрлық платформаларды қолданудың алгоритмдік дағдысы қалыптасады.

Рефлексия: «Цифрлық азамат»

Оқушылар бүгінгі сабақтан алған әсерін бір сөйлеммен қорытындылайды: *«Бүгін мен түсіндім: егер менің құқығым бұзылса, мен айқайласпаймын, мен ... (заңды алгоритмді қолданамын / e-Otinish-ке жазамын)».*

Білім алушылар әзірлейтін «e-Otinish» Чек-листінің үлгісі (Топтық жұмыс парағы). Білім алушылар өз топтарында АЗ парағына мынадай құрылымдағы заңды алгоритмді сызып, қорғайды:

«e-Otinish» арқылы құқықты қорғау чек-листі:

1-қадам: Авторизация. Платформаға (немесе eGov мобильді қосымшасына) ЭЦҚ кілті немесе SMS-код (Digital ID) арқылы жүйеге кіру.

2-қадам: Органды таңдау. Мәселеге тікелей жауапты мемлекеттік органды анықтау (Мысалы: Жергілікті Әкімдік немесе СЭББ).

3-қадам: Мәтінді жазу. Болған оқиғаны, құқық бұзылған уақыт пен мекенжайды нақты, эмоциясыз, фактілермен сипаттап жазу.



4-қадам: Айғақтарды тіркеу. Мәселені дәлелдейтін фотосуреттерді, видеоларды немесе құжаттарды (чектерді) өтінішке міндетті түрде тіркеу.



5-қадам: Қол қою. Дайын өтінішке ЭЦҚ арқылы қол қойып, мемлекеттік органға жолдау және Тіркеу нөмірін (талонды) сақтау.

6-қадам: Жауап алу. Заң бойынша белгіленген мерзімде (әдетте 15 жұмыс күні ішінде) келген ресми жауапты тексеру.

(сурет ЖИ-мен генерацияланған)

Жағдаяттық тапсырмалар:

1-жағдаят. «Қауіпсіз аула» кейсі (Әкімдікке хат).

Сіз тұратын үйдің ауласындағы балалар ойын алаңының әткеншектері сынып, балалар үшін өте қауіпті жағдай туғызды. Тұрғындардың ескертулеріне ПИК (КСК) немесе мердігер мекеме назар

аудармады. Сіздің тобыңыз «e-Otinish» арқылы жергілікті Әкімдіктің Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық (ЖКХ) бөліміне шағым түсіруі керек.

Тапсырма:

Осы мәселені шешу үшін өтініш берудің нақты чек-листін құрастырыңыз. Өтінішке қандай дәлелдер (айғақтар) тіркеу керектігін алгоритмде көрсетіңіз.

2-жағдаят. «Сапасыз тағам» кейсі (Санитарлық қызметке хат).

Мектеп жанындағы дүкеннен сатып алынған сүт өнімдерінің мерзімі өтіп кеткені анықталды. Бірнеше білім алушының іші ауырып, медициналық пунктке жүгінді. Дүкен иесі өнімдерді сөреден алудан бас тартты. Сіздің тобыңыз Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасына өтініш жолдауы қажет.

Тапсырма:

Өтінішті «e-Otinish» арқылы жіберудің қадамдық алгоритмін жасаңыз. Шағымда кімдердің құқығы бұзылғанын қалай көрсету керектігін енгізіңіз.

IV. МҰҒАЛІМГЕ АРНАЛҒАН ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР

Сабақ соңында чек-листтерді бекіту үшін «Мемлекеттік курьер» ойыны өткізіледі.

- Әр топ өздері дайындаған алгоритмді «хат» ретінде бүктейді.
- Мұғалім сыныптан бір білім алушыны «e-Otinish курьері» етіп тағайындайды.
- Курьер топтарды аралап, хаттарды жинайды және тақтадағы тиісті мемлекеттік органның (Әкімдік, Санитарлық қызмет) қалташаларына салады.

Әдебиеттер:



2026 жылы 15 наурызда жалпыхалықтық референдумда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясы, [Мәтін]: 12, 18 баптар. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K2600000000>



№8 САБАҚ ТАҚЫРЫБЫ: ҚОРШАҒАН ОРТАҒА ЗИЯН КЕЛТІРГЕН АДАМДАР ЗАҢ АЛДЫНДА ҚАНДАЙ ЖАУАПКЕРШІЛІККЕ ТАРТЫЛАДЫ?

Оқу мақсаты	Табиғат пен адамдардың денсаулығын заң қалай қорғайтынын нақты мысалдар арқылы көрсетеді.
Сабақтың мақсаты	Ұсынылған құқықтық-экологиялық және денсаулыққа қатысты жағдаяттар негізінде, Конституция баптарын қорғау үшін құзыретті мемлекеттік органға нақты, заңды тұрғыдан сауатты өтініш мәтінін (e-Otinish) құрастыруды үйрену.
Оқу форматы	Экологиялық-құқықтық тергеу және талдау сабағы.
Ұзақтығы	45 минут
Негізгі ұғымдар	Экологиялық құқық бұзушылық, жауапкершілік (әкімшілік, қылмыстық, материалдық), Конституцияның 37 және 38-баптары, e-Otinish, лауазымды тұлға.
Материалдар	Жағдаяттық кейстер (асханадағы улану және зауыт қалдықтары), «e-Otinish» өтініш шаблондары (A4), маркерлер.

Жоспар

I. Кіріспе бөлім. Мотивация. «Қоршаған орта және біздің денсаулығымыз» талқылауы.

II. Негізгі бөлім: Ақпараттық блок (Жауапкершілік түрлері), Практикалық тапсырма («e-Otinish: Құқығымды қорғаймын!»).

III. Қорытынды. Дескриптор, күтілетін нәтижелер және рефлексия.

IV. Қосымшалар. Мұғалімге арналған әдістемелік ұсынымдар.

САБАҚТЫҢ БАРЫСЫ

I. Кіріспе бөлім (5 минут)

Мұғалім сабақты проблемалық сұрақтан бастайды.

Мотивациялық сұрақтар:

- Біреу көшеге қоқыс тастаса, оған айыппұл салынатынын білеміз. Ал егер үлкен зауыт өзенге улы қалдық төксе ше? Бұл жай ғана «тәртіпсіздік пе», әлде қылмыс па?

- Егер сол судан немесе мектеп асханасындағы тамақтан адамдар уланып қалса, бірақ басшылық бұл фактіні «ешкім білмесін» деп жасырып қалса, бұл үшін заңда жаза бар ма?

Мұғалім бүгінгі сабақта оқушылар табиғатқа немесе адам денсаулығына зиян келтіргені және оны жасырғаны үшін заң қандай жаза қолданатынын анықтап, нақты шағым түсіруді үйренетінін айтады.

II. Негізгі бөлім (35 минут)



2.1 Ақпараттық блок: Заң не дейді? (5 минут)

Мұғалім тақтаға негізгі заң баптары мен жауапкершілік түрлерін шығарады:

- **Конституцияның 38-бабы:** Қазақстан Республикасының азаматтары табиғатты сақтауға және табиғат байлықтарына ұқыпты қарауға міндетті.

- **Конституцияның 37-бабы (3-тармағы):** Адамдардың өміріне және денсаулығына қауіп төндіретін фактілер мен жағдайларды лауазымды адамдардың жасыруы заңға сәйкес жауапкершілікке әкеп соғады.

- *Жауапкершілік түрлері:*

1. **Әкімшілік** (кішігірім бұзушылық үшін айыппұл);

2. **Қылмыстық** (адам өміріне немесе табиғатқа өте ауыр зиян келсе – бас бостандығынан айыру);

3. **Материалдық** (келтірілген шығынды, мысалы, емделу немесе ағаш егу ақшасын төлеу).

2.2 Практикалық тапсырма: «е-Otinish: Құқығымды қорғаймын!» (20 минут)

Білім алушылар топтарға бөлінеді. Мұғалім екі түрлі жағдаят (кейс) таратады. Топтар осы кейстер негізінде мемлекеттік органға ресми өтініш құрастыруы керек.

1-Кейс (Денсаулыққа қауіпті жасыру): Мектеп асханасында сапасыз тамақтан бірнеше оқушы уланып, ауруханаға түсті. Алайда, мектеп пен асхана басшылығы бұл жағдайды жасырып, тексеріс шақырмай, «балалардың өздері дұрыс тамақтанбаған» деп жалған ақпарат таратты.

2-Кейс (Экологиялық зиян): Мектеп жанындағы өзенге жақын орналасқан кәсіпорын түнде улы қалдықтарын төгіп жатыр. Ауада қолқаны қабатын иіс бар, балалардың басы ауырып, аллергия басталды.

Орындау алгоритмі (топтар үшін):

- **1-қадам (Адресатты анықтау):** Білім алушылар бұл мәселемен қай мемлекеттік орган айналысатынын анықтайды.

(1-кейс үшін: ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті. 2-кейс үшін: Экология департаменті немесе Прокуратура).

- **2-қадам (Мәтінді заңдастыру):** Берілген е-Otinish шаблонындағы бос орындарды толтыра отырып, заңға сілтеме жасайды (1-кейс Конституцияның 37-бабы 3-тармағына; 2-кейс 38-бапқа және Экологиялық кодекске).

- **3-қадам (Талап қою):** Өтініш соңында лауазымды тұлғаға (немесе кәсіпорынға) қатысты қандай шара қолдану керектігін нақты жазады (мысалы: «тексеру жүргізуді, кінәлілерді әкімшілік немесе қылмыстық жауапкершілікке тартуды және материалдық шығынды өтеуді талап етемін»).

2.3 Қорғау және үкім шығару (10 минут)



Топтар кезекпен шығып, өз өтініштерін оқиды. Басқа топтар «Құзыретті орган» рөліне еніп, бұл шағым бойынша қандай жауапкершілік түрі (айыппұл, қылмыстық іс, өтемақы) қолданылатынын бағалайды.

III. Қорытынды. Кері байланыс және рефлексия (5 минут)

Дескриптор (бағалау критерийлері):

- Ұсынылған мысалдарда табиғатқа және адам денсаулығына келген зиянның көлемін (жеңіл, ауыр, қауіпті) дұрыс бағалайды;
- Экологиялық заңбұзушылықтар үшін жауапкершілік түрлерін (әкімшілік айыппұл, қылмыстық жаза, материалдық шығынды өтеу) қателеспей ажыратады;
- Адамдардың денсаулығын және қоршаған ортаны қорғайтын заңнамалық актілерге (Экологиялық кодекс, Конституцияның 37-бабы және 38-бабы) сілтеме жасайды;
- Өз тобының заңды шешімін (вердиктін) құқықтық терминдерді қолдана отырып, нанымды жеткізеді.

Күтілетін нәтижелер:

- Білім алушылар қоршаған ортаны ластау тек мәдениетсіздік емес, заңмен қатаң жазаланатын құқық бұзушылық екенін түсінеді;
- Мемлекеттің табиғат пен адам денсаулығын қорғаудағы заңдық тетіктерін (кодекстер, инспекциялар) іс жүзінде біледі;
- Экологиялық мәдениеті мен құқықтық жауапкершілігі артып, функционалдық сауаттылығы қалыптасады.

Рефлексия: «Эко-азаматтың түйіні»

Әр топ сабақты қорытындылай отырып, сөйлемді жалғастырады: *«Мен енді білемін: егер біреу табиғатқа зиян келтірсе немесе қауіпті жасырса, бұл жай ғана қателік емес, бұл – ... (құқық бұзушылық), және мен оны ... (заңды жолмен қорғай аламын)».*

Жағдаяттық тапсырмалар:

1-жағдаят. «Табиғатқа саяхат және білім алушы міндеті» (37-бап, 1-тармақ).

7-сынып білім алушылары демалыс күні мұғаліммен бірге қала сыртындағы табиғи саябаққа пикникке шықты. Мұғалім ескерткеніне қарамастан, бірнеше білім алушы ішкен сусындарының пластик құтыларын, жеген тамақтарының қалдықтарын ағаштардың түбіне тастап, гүлдерді жұлып, от жаққан жерді тазаламай кетіп қалды.

Сұрақтар:

- Бұл білім алушылардың әрекеті Конституцияның 37-бабының 1-тармағына («азаматтар табиғатты сақтауға міндетті») қалай қайшы келеді?
- Мектеп білім алушысы болса да, қоршаған ортаны ластағаны үшін заң алдында (мысалы, ата-анасы арқылы әкімшілік айыппұл) жауапкершілік туындай ма?



2-жағдаят. «Мектеп асханасындағы жасырын факт» (37-бап, 2 және 3-тармақтар).

Мектеп асханасының қоймасындағы тоңазытқыш бұзылып, сүт өнімдері бұзыла бастаған. Асхана меңгерушісі (лауазымды адам) шығынға батпау үшін бұл фактіні мектеп әкімшілігі мен білім алушылардан жасырып, сол сүттен балаларға ботқа пісіріп берген. Салдарынан бір күнде 7-сыныптың 15 білім алушысы уланып, мектеп медпунктіне және ауруханаға түскен.

Сұрақтар:

– Асхана меңгерушісінің бұл әрекеті Конституцияның 37-бабының 3-тармағын («қатер төндіретін фактілерді лауазымды адамдардың жасыруы») қалай бұзып тұр?

– Мемлекет білім алушылардың денсаулығын (2-тармақ) қорғау үшін бұл лауазымды тұлғаны қандай заңды жауапкершілікке тартуы керек?

IV. МҰҒАЛІМГЕ АРНАЛҒАН ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР

Жағдаяттық тапсырмаларды шешу үшін «e-Otinish» платформасы арқылы өтініш беру шаблону (Білім алушыларға арналған жұмыс парағы) ұсынылады. Жұмыс парағын толтыру үшін мектеп асханасында мерзімі өткен сүт өнімдерінен балалардың улануы және бұл фактінің жасырылуы бойынша төмендегі электронды өтініш үлгісін заң талаптарына сай толтыру тапсырмасын беруге болады.

«e-Otinish» электрондық өтініштер беру жүйесі

Қайда (Қай мемлекеттік органға):

_____ ауданының / қаласының
Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасына (СЭС)

Кімнен (Өтініш берушінің аты-жөні): 7-сынып білім алушысы

_____ (немесе білім алушының заңды өкілі/ата-анасы: _____)

Жұмыс/оқу орны, мекенжайы және телефоны: № _____ мектебі, _____ қаласы, _____ көшесі, телефон: +7 _____

ӨТІНІШ ХАТ

(Мәселенің мән-жайын баяндау)

Мен, осы мектептің 7-сынып білім алушысы, Сізден мектеп ішінде орын алған келесі заң бұзушылықты тексеруіңізді сұраймын.

«__» _____ 2026 жылы мектеп асханасында білім алушыларға берілген тамақтан (сүт ботқасынан) кейін 7-сыныптың _____ білім алушысы өздерін жайсыз сезініп, ауруханаға/медпунктке түсті. Кейіннен белгілі болғандай, асхана қоймасындағы тоңазытқыш бұзылып, сүт өнімдері бүлінген екен. Асхана меңгерушісі бұл қауіпті жағдайды біле тұра, шығынға батпау үшін мектеп әкімшілігі мен білім алушылардан жасырып, сол сүттен тамақ дайындаған.



Қазақстан Республикасы Конституциясының 37-бабының 3-тармағында: «Адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін фактілер мен мән-жайларды лауазымды адамдардың жасыруы заңға сәйкес жауаптылыққа әкеп соғады» деп тайға таңба басқандай жазылған. Асхана меңгерушісі лауазымды тұлға ретінде біздің денсаулығымызға төнген қауіпті жасырып, Ата Заңымызды тікелей бұзды.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде Сізден:

1. Мектеп асханасына шұғыл санитариялық-эпидемиологиялық тексеріс ұйымдастыруыңызды;

2. Білім алушылардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін ақпаратты жасырған асхана меңгерушісін заң алдында жауапкершілікке тартуыңызды сұраймын.

Қосымша бекітілген құжаттар (дәлелдемелер):

Мектеп медпунктінің немесе аурухананың анықтамасы (көшірмесі).

Уланған күнгі асхана мәзірінің фотосуреті.

Өтініш берілген күн: «___» _____ 2026 ж. Қолы:

Сабақ соңында білім алушылардың білімін бекіту үшін «Конституциялық патруль» ойыны өткізуге болады.

– Тақтаға 37-баптың үш тармағы жазылған 3 ұяшық қойылады.

– Мұғалім қысқаша мысалдарды оқиды (мысалы: «Әкімдік қызметкері зауыттың түтінін тексермей, құжатты жауып қойды» немесе «Білім алушылар орманға қоқыс тастады»).

– Топтар жылдамдыққа бұл мысалдардың 37-баптың қай тармағына жататынын тауып, тиісті ұяшыққа стикер жапсырады.

Әдебиеттер:

2026 жылы 15 наурызда жалпыхалықтық референдумда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясы, [Мәтін]: 21, 35, 37 баптар. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K2600000000>



№9 САБАҚ ТАҚЫРЫБЫ: ҚОРШАҒАН ОРТАҒА ЗИЯН КЕЛТІРГЕН АДАМДАР ЗАҢ АЛДЫНДА ҚАНДАЙ ЖАУАПКЕРШІЛІККЕ ТАРТЫЛАДЫ?

Оқу мақсаты	Құқықтық және функционалдық сауаттылық дағдыларын қолданады.
Сабақтың мақсаты	«Адам құқықтары мен азамат құқықтары. Құқықтарды қорғау» бөлімі бойынша өткен материалды қайталау, жинақтау және оқушылардың заңдық логикасын «Топжарған» интеллектуалды ойыны арқылы бекіту.
Оқу форматы	Практикум (Командалық зияткерлік ойын).
Ұзақтығы	45 минут
Негізгі ұғымдар	Адам құқықтары, кінәсіздік презумпциясы, билік тармақтары, азаматтық құқықты қорғау, е-Отinish.



Материалдар	Интерактивті тақта (сұрақтар санаты көрсетілген слайд немесе кесте), жауап беруге арналған сигналдық батырмалар (немесе жалаушалар), ұпай есептеу парағы, маркерлер.
--------------------	--

Жоспар

I. Кіріспе бөлім. Командаларға бөлу және ойын ережелерімен таныстыру.

II. Негізгі бөлім: «Топжарған» зияткерлік ойыны (6 санат бойынша).

III. Қорытынды. Ұпай санау, дескриптор, күтілетін нәтижелер және марапаттау.

IV. Қосымшалар. Мұғалімге арналған әдістемелік ұсынымдар.

САБАҚТЫҢ БАРЫСЫ**I. Кіріспе бөлім (5 минут)**

Мұғалім сыныпты 2-4 командаға бөледі (мысалы, «Әділет», «Заңгерлер», «Қорғаушылар»).

Ойын ережесі:

Ойын алаңында (тақтада) әртүрлі күрделілік деңгейіндегі 6 санаттан тұратын сұрақтар ұсынылады. Командалар кезекпен санат пен сұрақтың ұпай құнын (10, 20, 30, 40) таңдайды. Дұрыс жауап берген команда тиісті ұпай алады, ал жауап қате болса, басқа команданың жауап беріп, ұпайды тартып алу мүмкіндігі бар. Ең көп ұпай жинаған команда жеңімпаз атанады.

II. Негізгі бөлім: «Топжарған» ойыны (30 минут)

Мұғалім тақтаға мына санаттарды шығарады:

Санаттар / Ұпайлар	Жеңіл	Орташа	Күрделі
1. Менің құқықтарым	10	20	30
2. Кінәсіздік презумпциясы	10	20	30
3. Билік тармақтары	10	20	30
4. Азаматтардың құқықтарын қорғау	10	20	30
5. e-Otinish	10	20	30
6. Құқықтық жағдаяттар	20	30	40

СҰРАҚТАР МЕН ЖАУАПТАР БАЗАСЫ:**1. «Менің құқықтарым» санаты:**

• **10 ұпай:** Мемлекеттің негізгі заңы қалай аталады? (Жауап: Конституция)

• **20 ұпай:** Әрбір адамға білім алуға мүмкіндік беретін құқық қалай аталады? (Жауап: Білім алу құқығы)

• **30 ұпай:** Неліктен адам құқықтары барлық адамдар тарапынан сақталуы тиіс? (Жауап: Адамның бостандығын, әділдігін және қадір-қасиетін қамтамасыз ету үшін)

2. «Кінәсіздік презумпциясы» санаты:

• **10 ұпай:** Кінәсіздік презумпциясы нені білдіреді? (Жауап: Адамның кінәсі дәлелденгенге дейін ол кінәсіз деп есептеледі)



- **20 ұпай:** Адамды кінәлі деп кім (қандай орган) тани алады? *(Жауап: Тек қана Сот)*

- **30 ұпай:** Сыбыстар немесе күдіктер адамның кінәсін дәлелдейтін айғақ бола ала ма? *(Жауап: Жоқ, тек заңды бұлтартпас дәлелдер ғана айғақ бола алады)*

3. «Билік тармақтары» санаты:

- **10 ұпай:** Қазақстан Республикасында неше билік тармағы бар? *(Жауап: Үш)*

- **20 ұпай:** Заңдарды қабылдайтын билік тармағы қайсы? *(Жауап: Заң шығарушы билік / Құрылтай)*

- **30 ұпай:** Әділ сот төрелігін жүзеге асыратын билік тармағы қайсы? *(Жауап: Сот билігі)*

4. «Азаматтардың құқықтарын қорғау» санаты:

- **10 ұпай:** Егер азаматтың құқықтары бұзылса, ол не істей алады? *(Жауап: Мемлекеттік органға жүгіне алады / шағымданады)*

- **20 ұпай:** Өз құқықтарын қандай тәсілдермен қорғауға болады? *(Жауап: Өтініш, шағым, арыз беру, сотқа немесе құзыретті мемлекеттік органға жүгіну арқылы)*

- **30 ұпай:** Неліктен құқықтарды эмоциямен емес, заңды жолмен қорғау маңызды? *(Жауап: Бұл мәселені әділ, бейбіт шешуге және заңды сақтауға көмектеседі)*

5. «e-Otinish» санаты:

- **10 ұпай:** «e-Otinish» платформасы не үшін арналған? *(Жауап: Мемлекеттік органдарға электронды өтініштер мен арыздар жолдау үшін)*

- **20 ұпай:** Өтініш жіберілгеннен кейін не істеу қажет? *(Жауап: Тіркеу нөмірін сақтап, өтініштің қаралу мәртебесін қадағалау қажет)*

- **30 ұпай:** Өтініште міндетті түрде қандай ақпарат болуы тиіс? *(Жауап: Мәселенің нақты сипаттамасы, фактілер/дәлелдер және қандай шара қабылдау керектігі туралы нақты талап)*

6. «Құқықтық жағдаяттар» санаты (Күрделілік деңгейі жоғары):

- **20 ұпай:** Аулада балалар алаңы бұзылып қалған және қауіп төндіріп тұр. Қайда жүгінуге болады? *(Жауап: Жергілікті атқарушы органға / Әкімдікке)*

- **30 ұпай:** Көшеде жарық жұмыс істемейді. Мәселені заңды жолмен қалай шешуге болады? *(Жауап: Уәкілетті мемлекеттік органға «e-Otinish» платформасы арқылы ресми өтініш беру қажет)*

- **40 ұпай:** Сыныптасыңызды дәлелсіз, тек күдікпен бір іс үшін айыптап жатыр. Қандай қағида бұзылып отыр? *(Жауап: Кінәсіздік презумпциясы бұзылуда)*

III. Қорытынды. Кері байланыс және рефлексия (10 минут)

Дескриптор (бағалау критерийлері):

- Құқықтық білімдерін (теорияны) практикада қолданады;
- Практикалық жағдаяттарды жылдам әрі сауатты шешеді;
- Азаматтардың құқықтарын қорғау тәсілдерін нақты анықтайды;



- Құқықтық ұғымдарды (Конституция, презумпция, орган) пайдалана отырып, жауаптарын дәлелдейді.

Күтілетін нәтижелер:

- Қазақстан Республикасы Конституциясының негізгі ережелері бойынша білімдерін көрсетеді;
- «Адам құқықтары», «кінәсіздік презумпциясы», «билік тармақтары», «азаматтардың құқықтарын қорғау» ұғымдарын еркін қолданады;
- Әртүрлі өмірлік жағдайларда құқықтарды заңды түрде қорғау тәсілдерін анықтайды;
- «e-Otinish» платформасының мақсатын түсіндіреді;
- Құқықтық жағдаяттарды талдап, оларды шешу жолдарын ұсынады;
- Топпен жұмыс істеу, өз ойын дәлелдеу және шешім қабылдау дағдыларын дамытады;
- Азаматтық жауапкершілік пен құқықтық мәдениетті қалыптастырады.

Рефлексия және Марапаттау:

Мұғалім ұпайларды санап, жеңімпаз команданы жариялайды. Барлық қатысушыларға алғыс білдіреді.

Сұрақ: «Осы тарауды аяқтай келе, өз құқығыңызды қорғаудың ең басты қаруы не деп ойлайсыз?» (*Күтілетін жауап: Заңды білу және сауаттылық*).

IV. МҰҒАЛІМГЕ АРНАЛҒАН ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР

1. Ұйымдастыру кезеңі

Ойынның ережелері мен ұпай беру критерийлерін түсіндіріңіз. Сабақтың негізгі мақсаты – білімді жинақтау және оны тәжірибеде қолдануға үйрену екенін атап өтіңіз.

2. Ойынды өткізу

Командалар арасында жарыс ұйымдастырыңыз. Негізделген жауаптарды және команданың барлық мүшелерінің қатысуын ынталандырыңыз.

3. Практикалық бөлім

Ойын аяқталғаннан кейін білім алушыларға бір құқықтық жағдаятты шешуді ұсыныңыз. Қандай құқықтардың қозғалғанын және оларды қандай тәсілмен қорғауға болатынын түсіндіруді сұраңыз.

4. Қорытындылау

Ең күрделі сұрақтар мен жиі кездесетін қателерді талқылаңыз. Жеңімпаз команданы анықтаңыз.

5. Рефлексия

Білім алушыларға келесі сұрақтарға жауап беруді ұсыныңыз:

- Құқықтарды қорғау туралы қандай жаңа мәлімет білдім?
- Қандай білімдер маған өмірде қажет болуы мүмкін?
- Өзімнің құқықтық білімімді тәжірибеде қалай қолдана аламын?

Сабақтың негізгі қорытындысы:



Конституцияны, өз құқықтарыңды және оларды қорғау тәсілдерін білу әрбір азаматқа жауапкершілікпен әрекет етуге, заңды мүдделерін қорғауға және қоғам өміріне белсенді қатысуға көмектеседі.

Әдебиеттер:

2026 жылы 15 наурызда жалпыхалықтық референдумда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясы, [Мәтін]: 12, 73, 75, 79, 80, 85, 86, 17, 18, 21, 23, 28, 33, 36, 41-баптар. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K2600000000>



ҚОРЫТЫНДЫ

«Конституция негіздері» курсын оқыту бойынша әзірленген әдістемелік ұсынымдар оқу бағдарламасының мазмұнын сапалы іске асыруға, педагогтердің әдістемелік құзыреттілігін қолдауға және білім алушылардың функционалдық құқықтық сауаттылығын қалыптастыруға бағытталған. Әдістемелік ұсынымдарды әзірлеу барысында Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының, «Конституция негіздері» курсының үлгілік оқу бағдарламасының талаптары, «Заң мен Тәртіп» қағидаты, білім алушылардың жас және психофизиологиялық ерекшеліктері, сондай-ақ педагогтердің практикалық тәжірибесі ескерілді. Ұсынылған әдістемелік тәсілдер Қазақстан Республикасы Конституциясының Преамбуласында және негізгі қағидаттарында бекітілген құндылықтарды оқу процесінде жүйелі іске асыруға бағытталған.

Әдістемелік ұсынымда білім алушының белсенді оқу әрекетіне негізделген, құндылықтарға және практикаға бағдарланған оқыту тәсілдеріне басымдық берілген. Құқықтық жағдаяттарды талдау, кейс әдісі, пікірталастар, рөлдік ойындар, құқықтық практикумдар, жобалық және зерттеу жұмыстары білім алушылардың құқықтық білімді күнделікті өмірде қолдану дағдыларын дамытуға, сыни ойлауын, функционалдық құқықтық сауаттылығын, жауапты азаматтық ұстанымын және құқықтық мәдениетін қалыптастыруға ықпал етеді.

Курсты оқыту барысында Конституцияда бекітілген заң мен тәртіпті құрметтеу, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын сақтау, жауапты әрі жасампаз отаншылдық, білім мен еңбек құндылығы, тарихи-мәдени мұраны қастерлеу, жоғары экологиялық мәдениет және цифрлық ортадағы жауапты мінез-құлық қағидаттарын оқу мазмұнымен жүйелі байланыстыру маңызды. Әдістемелік ұсынымға енгізілген сабақ әзірлемелері, практикалық тапсырмалар және әдістемелік ұсыныстар педагогтердің кәсіби қызметін қолдауға, оқу бағдарламасының мазмұнын тиімді жүзеге асыруға және оқытудың заманауи педагогикалық тәсілдерін оқу процесіне шығармашылықпен кіріктіруге мүмкіндік береді. Ұсынылған материалдар педагогтердің тәжірибе алмасуына, кәсіби ізденісіне және оқыту тәжірибесін жетілдіруіне де ықпал етеді.

Әдістемелік ұсынымдағы сабақ үлгілері, тапсырмалар мен оқыту тәсілдері ұсынымдық сипатта берілген. Педагог оларды оқу мақсаттарына, білім алушылардың дайындық деңгейіне және нақты оқу жағдайына сәйкес бейімдеп қолдана алады.

Осы әдістемелік ұсынымды оқу процесінде қолдану «Конституция негіздері» курсының мазмұнын тиімді жүзеге асыруға, білім алушылардың құқықтық сауаттылығын, құқықтық мәдениетін және жауапты азаматтық ұстанымын қалыптастыруға, Конституция құндылықтарын құрметтейтін, заң мен тәртіп қағидаттарын басшылыққа алатын, өз құқықтары мен міндеттерін саналы жүзеге асыратын тұлғаны тәрбиелеуге бағытталған педагогтердің кәсіби қызметіне әдістемелік қолдау көрсетеді.



ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМ

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы
<https://adilet.zan.kz/rus/docs/K2600000000>
2. Қазақстан Республикасының Конституциясын түсіндіру жөніндегі іс-шаралар жоспары, <https://primeminister.kz/news/ukimet-kr-konstituciiasyn-tusindiru-zonindegi-is-saralar-zosparyn-bekitti-31231>
3. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2024 жылғы 2 қыркүйектегі «Әділетті Қазақстан: Заң мен Тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Жолдауы <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kazakstan-halkyna-zholdauyn-zhariyalady-281932>
4. 2026 жылғы 15 наурызда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясын іске асыру жөніндегі шаралар туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2026 жылғы 17 наурыздағы № 1206 Жарлығы
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U2600001206>
5. Қоғамда заң мен тәртіп идеологиясын ілгерілету жөніндегі 2025 – 2030 жылдарға арналған тұжырымдаманы бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 1 сәуірдегі № 200 қаулысы.
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2500000200>
6. Қазақстан Республикасының электрондық үкіметі <https://egov.kz/cms/kk>
7. Қазақстан Республикасы азаматтарының мемлекеттік органдарға электрондық өтініштерін жолдау қызметі <https://eotinish.kz/kk>
8. OECD. (2019). *OECD Learning Compass 2030*. Paris: OECD Publishing. Center for Civic Education. *We the People: The Citizen and the Constitution*. Calabasas, CA: Center for Civic Education.